


САҒЫНЫШ АЗЫ



Үш Алматы
2022 Қыян

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)
С 26

С 26 Сағыныш сазы. Алматы: «Үш Қиян», 2022. 256 бет.

ISBN 978-601-80803-1-9

Бұл кітапқа акын, журналист Ибраһим Бекмаханұлы (1951-2021) туралы естеліктер, оның шығармашылығы жөніндегі мақалалар, өмірден өткеннен кейін қаламгер құрметіне өткізілген мүшәйралардағы арнаулар мен өзінің бұрын жарияланбаған өлеңдері жинақталған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-80803-1-9

© Сағыныш сазы., 2022



СЫРДА ТУҒАН СЫРБАЗЫМ...

(Естеліктер, мақалалар)



ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН ТАМЫРЫН

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,

филология ғылымдарының докторы, профессор,

Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма»

сыйлығының лауреаты,

ҚР Гуманитарлық ғылымдар

Академиясының академигі,

Жамбыл атындағы Халықаралық

сыйлықтың лауреаты.

Қазақ сөз өнерінің тарихын ақтарсаңыз әдеби және журналистік шығармашылықтың қос тізгінін тендей қатар ұстанған қаламгерлер шоғыры қалыптасқанын байқар едіңіз. Сол шоғырдың бел ортасында өзімнің досым, жеріміз де, суымыз да бір Ибраһим Бекмаханұлының болғаны мен үшін аса зор мақтаныш. Ол әрі ақын әрі журналист еді.

Біз 1965-1966 жылдары Қызылорда облысының Ақжар ауылында Ибраһиммен бірге оқыдық. Жетінші класта едік. Түбіт мұрттың тебіндеп шыға бастаған кезі. Қанда бардың лықсып сыртқа ұмтылатын да шағы. Содан болар, Ибраһимнің алғашқы өлеңдерінің қалай жазылғанына куә болдық. Оның көңілдегіні тап басқан суреткерлігіне тәнті болып қуандық. Ибраһимнің өзімен-өзі оңашаланып ашық аспандағы ақша бұлттарға, жаңбыр себелеген күнгі аспанның қою қара түнек келбетіне, қысқы аяздағы қардың аппақ суретіне, айлы түндегі жұлдыздарға, Айға, жапырақтардың сыбдырына, желдің соғуына, құстардың көкке самғауына, тұлпарлардың даладағы дүбірлі шабысына, т.б. бүкіл ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі сан алуан көріністерге, жанды-жансыз заттарға үнсіз телміріп қарай беретінін байқайтын едік. Әдебиет пәні бойынша өтетін кештерде, жазғы, күзгі дала жұмыстарына барған кезімізде ол өлең оқып, көзге түсіп жүретін. Шынын

айтайық, сол кезде әрине, Ибраһимнен кейін ел танитын үлкен ақын шығады, оның шығармашылығы туралы өзіміз толғамды пікір айтып, қалам тартамыз деп ойлағанымыз жоқ.

2015 жылы Ақжар ауылында, сол баяғы мектеп қабырғасында жарты ғасырдан соң қайта жүздестік. Мектеп бітіргенімізге 50 жыл! Осы жылдар арасында Ибраһим қандай жетістікке жеткен десеңізші! Қаншама кітап дүниеге келгенін қараңыз!

Ол сондағы кездесуге лирикалық және эпикалық туындылары қамтылған поэзиялық жинақтары («Шапағат», «Сағымсары», «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сәуле», «Жүрегімнің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүректегі ырғақтар», «Сырдария - Ұлытау»), прозалық ғұмырнамалық эссе-хикаялары, мақалалары, очерктері («Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария көңіл, тау мүсін», «Шалғайдағы емес, маңайдағы театр», «Қарсақбайлық қайсар ұл», «Бекзат ғұмыр», «Кенжалы би», «Дария-ғұмыр»), сатиралық («Жалмауызға да жан керек») және т.б. кітаптарын бейнелеп айтқанда, көтеріп келді. Біз біркездегі бала досымыздың осыншалық өскеніне шын жүрегімізбен қуанып тұрдық. Сөз реті келгенде Ибраһимнің бұдан кейін де оқырмандарына бірнеше кітап ұсынғанын да айта кетейін.

Енді осындайда, «Ибраһимнің осыншалық ақындық, журналистік күш - қуатының қайнар көзі қайда жатыр?» деген сұрақ туындайтыны заңдылық. Мұны да оның өскен ортасынан, жүрген жерінен іздеу ләзім. Ол - атақты жырау Тұрымбет Салқынбайұлының туған немересі. Нағашысы Әлімбай Әлиасқаров халыққа кеңінен танымал ақын. Атадан да, анадан да өлең құйылып тұрса Ибраһим неге ақын болмасқа?! Өлең қонған шаңырақта шыр етіп дүниеге келген ол бесігінде «Жырдың елі» атанған Сыр бойы сүлейлерінің өлең-жырлары, терме-толғауларымен тербеліп, жастайынан солардың шығармаларын жастанып өсті десек, артығы жоқ. Балқы Базар Оңдасұлының, Кете Жүсіп

Ешниязұлының, Шораяқтың Омарының, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Нұртуған Кенжеғұлұлының, Оңғар Дырқайұлының, атасы Тұрымбет жыраудың және т.б. шайырлардың дүниелерін Ибраһимнің бізден бұрын оқып, содан өзіне рухани нәр ала білгені сөзсіз. Менің пайымдауымша, Сыр сүлейлері - оның ақындық мектебі болды. Сондықтан да өзі де кең тынысты ақынға айналды.

Ақындық шығармашылық ғұмырнамасындағы оның поэзиясы лирикалық және эпикалық жанрлардағы туындыларынан құралады. Бұл – әлем поэзиясындағы классикалық дәстүр. Ибраһим ақынның поэзиясы классикалық көркемдік дәстүрді өзіндік өрнектерімен, мәнерімен жаңғырта жалғастыруымен ерекшеленеді.

Ақының азаматтық-отаншылдық сарынды лирикалық өлеңдерінен туған жерін, атамекен-атақоныстарын және байтақ Қазақ жері кеңістігін мәңгілік рухани тірек еткен Ұлы Дала ұрпақтарына ортақ азаматтық-перзенттік махаббат сезімінің тебіреністерін-толғаныстарын сезінеміз. Мысалы, «Отан», «Өз еліме», «Сыр өзені», «Туған жер», «Ұлытауға бардың ба?», «Жезқазған», «Ауылға барғанда», «Тау ұлы», «Сырдария», «Қарақұмда», «Ауыл суреті», «Асарлар», «Бозарқаш», «Қазақстан», «Сырдария-Ұлытау», «Күміс бұлақ», «Қарсақбай», «Сәтбаев – кеншілер қаласы», т.б.

Азаматтық-отаншылдық сарынды ақын жырларының поэтикалық мағыналы көркем өрілімдерінен Отаны – Қазақстанның Тәуелсіздіктің көк байрағын желбіреткен жаңа тарихының байырғы ата-бабалық өршіл-күрескер рухты қаһармандық, адамгершілік-имандылық ұстанымын Мәңгілік Ел дамуымен болашаққа ұластыратын қайсар көңілді жаңа буын ұрпақтардың қуатты серпінін танимыз:

*Қазақстан – байтақ елім, мекенім!
Құдіретіңе сыйынып тек өтемін!
Мың қуарып, мың өліп, мың тірілген,
Қазақ атын мәңгі мақтан етемін!*

*...Қазақстан – өз Отаным, қорғаным!
Маған ыстық әрбір өзен, орманың!
Бойтұмардай бабаларым қалдырған,
Құт мекеннің түсінемін зор мәнін.*

*...Қазақстан – Республикам, жыр-әнім,
Тәуеліздік – мәңгі сақтар ұраным.
Өз елімнің көсегесін көгертер,
Иман сөзі, ауызымдағы Құраным!*

*Елім сенер нар тұлғалы хас ұлға,
Тізгініңді тек бере гөр асылға.
Достық, Бірлік, Ынтымақты ту етіп,
Қазақ Елі, өрле жаңа ғасырға!*

(«Қазақстан» өлеңінен)

Ибраһим – ойшыл-сыршыл ақын. Философиялық сарынды лирикалық өлеңдерінде («Өмір-кітап», «Адамдардың адамы бар», «Өмір қымбат», «Өлең – өмір», «Өлеңім – өмір-өзенім», т.б.) фәни мен бақи дүние аралығындағы жалған дүние кеңістігіндегі қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі қатарласқан өмір құбылыстары-сырлары тіршіліктану-өміртану бағалауларымен жырланған:

*Адаммын, өмір үшін жаралғанмын,
Анамнан мейір, шуақ, нәр алғанмын.
Әйтеуір бір бәйгеден келу үшін,
Қарақшыға тай күннен қадалғанмын.*

*Алдымда көп қой әлі ірі істерім,
Аптықпай соған жаймен кіріс дедім.
Өмір деген – бас алмас қызық кітап,
Мен бастадым оның тек кіріспесін...*

(«Өмір – кітап» өлеңі)

Көңіл-күй лирикасы – адамдардың жан жүйесіндегі қуану мен ренжудің, шаттану мен торығудың, жігерлену мен тоқыраудың, сену мен түңілудің, т.б. өзара үндес және қайшылықты сезімдер сапырылысқан

хал-ахуалдың психологиялық-поэтикалық әлемі. Ибраһимнің көңіл-күй лирикасындағы өлеңдерден («Серпіл, көңіл», «Көңілмен сырласу», «Зауал», «Көңіл пернесі», «Егіз ойдың елесі», «Тағдыр», «Жанымның көлі шайқалып», «Жанымның жапырағы сарғайып жүр», «Көңіл иірімдері», т.б.) адамдардың бәріне ортақ тебіреністердің ақын ойымен өрнектелгенін оқимыз. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкердің көңіл-күйіндегі тебіреністерімен фәни дүниенің тіршілік әлемінің мәңгілік жақсылыққа бөленуін тілеген гуманистік-адамгершілік ұлағатын танимыз:

*Сағат санап, күн санап, апта санап,
Өмір алға жылжиды бақсаң қарап.
Жыл өзгерер жас қосып бір жасыңа,
Ал көңілге мұң орнар басқашарақ.*

*Өмір қандай тамаша, тамсанасың,
Әр таңыңды үмітпен қарсы аласың.
Аппақ қардай кіршіксіз пәк көңілмен,
«Аман бол, – деп, – ақ күнім!» жар саласың.*

*...Тоқта, тоқта, аптықпа, көңіл-дөнен,
Нең бар еді соншалық бөлінбеген?
Қаншалықты дана бол, күнің жетсе,
Жамбасқа алып жығады өлім деген.*

*...Жыламауын тілеймін бөбектің де,
Құламауын тілеймін теректің де.
Қара шалдың тілеймін амандығын,
Қара шалдар біздерге керек мүлде.*

*Жұлдыздардың тілеймін жанған отын,
Көрсеткесін қу тағдыр жалған сотын.
Айтарымды айтатын кезең келді,
Аман болсын, жарық күн, жаққан отым!*

(«Көңілмен сырлас» өлеңінен).

Ибраһимнің көңіл-күй сарынындағы лирикалық

өлеңдерінің бірқатары уақыт пен кеңістіктегі адамдардың бәріне де балалық, балдәурен кезеңді аңсау сезіміне арналған.

Ибраһимнің №28 Ақжар ауылы мектебіндегі бізбен кластас болған жасөспірім кезеңін еске ала жазған өлеңдерінен өзімізге ортақ қуанышты сезімге, сағыныш пен мұңға, арман мен үміт тоғысқан тебіреніске толы көңіл-күй әуендерін сезінеміз. «Балалық шақ» атты өлеңіндегі көркем бейнелеу тармақтарымен («Ей, балауса, балалық шақ, елік күн!», «Беу, балалық, қиял қуған жылдарым», «Қиялға кең арманға бай бастауым», т.б.) балдәурен балалық пен гүлдәурен жасөспірімдік шақтың қазір сағымды сағынышқа айналған ғажайып келбетін көз алдымызға елестетеді:

*...Көз ұшында бұлдырайды ақ сағым,
Кім тежейді уақытты қас-қағым?!
Сол сағымның аржағынан сығалап,
Қарайтындай бала бейне – жас шағым.*

*...Көркейтетін көңіл көгін, жан нұрын,
Мөлдір бастау, мейірімді қандырдың.
Мені әлі оындырып көрген жоқ,
Өзендей боп буырқанған тағдырым.*

*...Уақыт неткен жылдам еді, қас-қағым,
Қайда қалды құлдыраңдап жас шағым?
Ғұмырымның айнасындай жарқ етіп,
Тым алыста бұлдырайды ақ сағым.
Ақ сағым...*

...Ақын Ибраһимнің «Ақсары қыз» атты өлеңін де онжылдық оқу жылдарының ҮІІ-Х кластары кезіндегі бозбалалық, бойжеткендік көңіл-күй болмысы табиғи жаратылыс заңдылығы аясында романтикалық-реалистік сарындар тұтастығымен жырланған. Ибраһимнің тұратын үйі біз оқитын «Бестам» мектебі ғимаратының оңтүстік жағына жақын орналасқан «Ақсай» атты терең сайдың жағасында болатын.

№28 Ақжар ауылы мектебінде оқыған кезіндегі сол «Ақсайда» көрші тұратын жасөспірім ақсары қызға тұтанған алғашқы сүйіспеншілік сезім отының Ибраһимнің ақындық жүрегінде өмір бойы жанып, сөнбегені – оның шығармашылық шабытының негізгі энергия-қуаты болар! «Ақсары қыз» өлеңі – онжылдықты бітіргеніміздің 50 жылдығына арналған тарихи дидактасу сәтіндегі бәріміздің де сол бозбалалық шақтағы ауылдас, кластас қыздарға арналған пәк сезімдерімізді еске түсірудің шынайы үлгісі. Өлеңдегі бейнелі өрілімдерден («*Бастады із... Алғашқы сезім құлын. Сол қызға қадап бақты көзім нұрын*», т.б.) лирикалық кейіпкердің бәрімізге ортақ көңіл-күй әлемі танылады:

*...Бозбала шақ... Бұйығы кезім білем,
Ерекшелеу еді зой өзі мүлдем.
Жеткізе алмай сол қызға бір ауыз сөз,
Күндер өтті..
Түн жылжып көз ілмеген...*

*Өзгерді күй... Өзгерді өмір мүлдем,
Кім бар, кім жоқ
Бүгінде көз көргеннен?
Өмір солай, тұрмайды бір орнында,
Тек Ақсай тұр мекені өзгермеген.*

*Ашық еді...
Нұрлы еді аспанымыз,
Есімде шәй көйлекті ақсары қыз.
Ақсайдың басында ол тұрушы еді,
Бір сезім...
Сол үй жаққа бастады із
Ақсары қыз...*

Ақынның махаббат лирикасы сарынындағы өлеңдерінен («*Алғашқы махаббат*», «*Бейтаныс ару*» (ән-өлең), «*Ақ орамал*», «*Сен бар жерде*», «*Кешір мені*», «*Көркемім*», «*Өзіңді аңсаған соң*», «*Сағыныш қой*

жүрекке бұл сыймаған», «Әйелдердің бәрі сұлу», т.б.) қыз аруға, әйел аруға ғашықтық сезім құштарлығымен, ынтызар көңілімен өмір сүрудің мәңгілік салтанатын сезінген еркек махаббатының құдіретін сезінеміз:

Сен бар жерде –

Тірлігімнің базары тарқамайды,

Қайталаймын әнімді – «Қалқам-айды».

Сенсіз туса – білемін, Күн қараңғы,

Сенсіз туса – Айым да шалқалайды.

Сен бар жерде –

Мұңым да, қайғым да жоқ,

Үміт құсы жүзеді айдында көп.

Мені өзіңе ынтызар еттің жаным,

Жүрегіме әйтеуір жайдың да от.

Сен бар жерде –

Жылы ұям шайқалмайды,

Сенсіз көңіл әнін де айта алмайды.

Бақытымның бастауы өзің ғана,

Сенсіз менің жыр-гүлім жайқалмайды.

Сен бар жерде –

Ырыс-құт, несібем тең,

Қалғаным жоқ өмірдің көшінен кем.

Сені ғана қуанту – мұратым боп,

Гүл теремін туған жер төсінен мен.

(«Сен бар жерде» өлеңі)

Табиғат лирикасы – әлемдік поэзияның классикалық үлгісі. Ақын Ибраһим табиғат құбылыстарының жылдың төрт мезгіліндегі көріністерін, қозғалыстарын бейнелей жырлап, ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі жанды-жансыз заттардың, үлкенді-кішілі тіршілік иелерінің Жаратушы Алла құдіретімен болып жатқан үндестіктерін де, қайшылыққа толы қозғалыстарын да романтикалық-реалистік тұтастықтағы поэтикалық-психологиялық сипатпен бейнелей суреттейді.

Мысалы, бұл ретте «Найзағай», «Жаңбыр», «Алғашқы қар», «Көктем», «Нөсер», «Май айы», «Сыр өзені», «Сырдария», «Ауыл суреті», «Өзен жағасында», «Мамыр нұры», «Тау туралы баллада», «Құлпырып тағы келді», «Қансонарда», т.б. өлеңдерін атауға болады.

Ақын – табиғат құбылыстарының кейіптеу поэтикасының мағыналық ауқымындағы қозғалыстары болмысын адамзат болмысымен тектестіре баламалай жырлаушы. «Мамыр нұры» өлеңіндегі бейнелі өрілімдерімен қазақ ауылдарын серпілткен табиғат құдіретін көркемдік-эстетикалық таныммен бейнелейді:

*Мамыр келді! Биылғы мамыр қандай!
Барша жүрек бұл күнді сағынғандай.
Көктем ару сыланып, түрленіп тұр,
Табиғаттың еркіне бағынғандай!*

*Ерке көктем – мамырдың шуақ нұры,
Арай шашты, жер қунап, бұлақ күлді.
Сағынышты наз үнін қиқулатқан,
Тырналардың әніне ел құлақ түрді.*

*Көктем – дала ерекше нұрланады,
Көк жселегі – көркем қыз сырғалары.
Жас-кәріні желпінткен қайран көктем,
Хас арудай керіліп, ырғалады.*

Табиғат аясындағы қазақ ауылы – жаратылыс құбылыстарының тарихи куәгері. Ұлы Даламыздың негізгі байырғы иесі қазақ халқының ауылдары – табиғат құбылыстарынан, көріністерінен рухани қуаттанатын, серпілетін киелі мекен-жайлар.

«Ауыл суреті» өлеңіндегі табиғат пен адам тұтастығындағы тіршілік әлеміне жанжүйемізбен тебірене қараймыз:

*Сөгіліп, қақ айрылып бұлт көбесі,
Найзағай сатыр-сұтыр төбелесі.
Бейне бір қызыл шоққа малынғандай,
Ауылдың сыртындағы төбе кешкі.*

*Жамырап қозы-лағы, енесі де,
Бұл жаңбыр келмегендей елесіне.
Ауылдың адамдары абыр-сабыр,
Әлде қар, әлде жаңбыр сенесің бе?!*

*Ақ жаңбыр нөсерлетіп құйып берді,
Көктем мен қыстың жігін қиып берді.
Таң нұры қылаң беріп атқан кезде
Кең далам көктемге бас иіп тұрды.*

Ибраһим Бекмаханұлының сатиралық-сыншылдық сарындағы сықақтары («Кімді өсіреміз?», «Жолдағы жалмауыз», «Айла мен пайда», т.б.), мысалдары («Мысықтың қиялы», «Шыбын мен маса», «Әкесін өлтірген бөлтірік», «Қомағай қабан», «Арлан қасқырдың ақыры», т.б.), шымшымалары («Жағымпаз», «Жымысқы», «Жалақор», «Арызқой», «Күншіл», «Иштарлық», «Өсекші», «Билікқұмар», «Ынсапсыз», «Қайырымсыз», «Дінсіз», т.б.) бар.

Сыншыл ақын қоғамдық-әлеуметтік ортадағы бірқатар пенделердің сыбайлас жемқорлықты, паракорлықты, жылпостықты-алаяқтықты тұрақты ұстаным етіп, адал адамдар ортасын аздыратын, әуре-сарсаңға салатын озбырлықтарын әшкерелейді. Адамдарды маскүнемдіктен, мәңгүрттіктен, масылдықтан, өтірікшіліктен, өсекшілдіктен аулақ болуға шақырады. Дәстүрлі қазақ поэзиясындағы терме-толғауларды жаңғырта жырлап, қазақ халқының адамгершілік-имандылық ұлағатымен өмір сүру ұстанымын ұрпаққа ұсынған:

*Не жақсы – ұл-қыз жақсы артыңдағы,
Мінезге, ақылға бай жарқын жаны.
Татулық, бірлік болса отбасында,
Дүниенің жанғаны сол – алтын шамы.*

*Қалайда жаны сұлу әйел жақсы,
Ол – сенің бақытыңның шалқығаны.*

*Ақ адал еңбек етіп жүрген жақсы,
Көрсетіп ерге лайық нар тұлғаны.*

Ибраһимнің ән-өлеңдері – тыңдаушылардың ыстық ықыласына ие болған туындылар. «Бейтаныс ару» (*Әні Бейбіт Ахметовтікі*), «Ақ халатты дәрігер» (*Әні Жақсыкелді Сейіловтікі*), «Бауырларды аңсап» (*Әні Құрманғали Тәшетовтікі*), сазгер Марат Түсіпбеков әуезін шығарған «Атыңнан айналайын, Ұлытауым!», «Сен бар жерде», «Жан анашым», «Ағаларды аңсау», «Төрлет, Наурыз!», «Сен жайлы», «Не сыйлайды?», «Жан әке»; сазгер Құндыз Жанаева әуезін шығарған «Күй құдіреті», «Ел тойы», «Өмір қымбат», «Жан ана»; «Мұражай маршы» (*Әні Еркін Омардікі*), «Елге тағзым» (*Әні Айхан Мұсабековтікі*) – бәрі де ақын өлеңдерінің поэтикалық-психологиялық сипатын әуез сарындарымен бөлеп, тыңдаушылардың көркемдік-эстетикалық дүниетанымын сәулелендірген әсерлілігімен танылғанды.

Ибраһимнің эпикалық шығармаларының қатарында поэмалары («*Тау тұлға*», «*Ер Тоганас*»), дастандары («*Жолбарыс аруақты Төребай би*», «*Ер Дулыға*»), «Дүр Оңғар», «Сұлулық патшалығы», «Арыстанбай батыр» бар. Тарихнамалық-дерекнамалық негізде жырланған осы эпикалық шығармаларында ақын халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін, адамгершілік-имандылық парасат биіктігіндегі елдік ұстанымдарын сақтау, қорғау жолындағы ата-бабалар тұлғаларын азаматтық-отаншылдық рух қуатымен жырлаған. Эпикалық шығармаларының сюжеттік-композициялық құрылымындағы көркем кестелі өрілімдерімен халықтық көркем ойлау ұстанымдарын айқындайтын тілдік қолданыстары оқырмандарды рухтандыра серпілтеді.

Біз туған ауылымыз Ақжардағы №28 орта мектебімізді бітіргеніміздің 50 жыл толуына арналған тарихи кездесуіміз туралы ақын кластасымыз Ибраһимнің «Тағдыр бізді қауыштырды әр тұстан...»

атты жыр-шашуы да азаматтық-отаншылдық рухымен
көңілімізді баурайды:

*Маған ыстық Ақжардағы мектебім,
Еске аламын өмірдің сол көктемін.
Содан бері Уақыт деген хас жүйрік,
Сездірмеді осынша тез өткенін?!*

*Қой да баққан, ой да баққан кез еді,
Мұрында исі қой, сиырдың тезегі.
Мектептегі ұстаз мейірім шуағын,
Жүрек шіркін, әлі анық сезеді...*

*Сыңғыр еткен қоңырау үні құлақта,
Сол үнменен жеттік талай мұратқа.
«Бестік» баға алған күні әркім де,
Жүруші еді мінгендей боп құр атқа.*

*Мінезі бар жібектей боп өрілген,
Ал шуағы күн көзіңдей көрінген.
Үсен ағай жетекшіміз болатын,
Орын алған көңілдердің төрінен.*

*Ұстаздар көп сусындатқан білімге,
Қанық етіп дүниедегі әр ілімге.
Зинали ағай бізге өлең жаздырып.
Талабы барды ұштайтын еді күніге.*

*Сол бір мөлдір бастау еді – көргенім,
Өлең болды көгеннен қозы өргенім.
Соның үлкен шапағаты деп білемін,
Азды-көпті еліме болса бергенім.*

*От болып та кезінде біз жанғанбыз,
Оған куә – айшықты сонау салған із.
Өмір осы... Бір орнында тұрмайды,
Кейбір достан айрылып та қалғанбыз*

*Тәуба, тәуба, жаратқан бір Тәңірге.
Досқа деген еш қылау жоқ көңілде,
Хабар алып, қоңырау шалып тұрайық,
Жарқын үнмен ватсаптағы нөмірге.*

*Ата болып, әже болып та марқайған,
Ей, достарым, сөз бе екен қартайған?!
Бала кездегі бейнелеріңді таныдым,
Жүздеріңнен сәл де болса әр тайған...*

*Тағдыр бізді қауыштырды әр тұстан,
Көркейе түсейік бата менен алғыстан.
Немерелер көбейе берсін әр үйде,
Сүйінісін алайық жақын-алыстан! .*

Балалық шағымызды бірге өткізген досымыз ертеңгі күнге деген арманын осылайша өрнектеп еді. Бірақ, сол арманның көбісі арман күйінде қалды. Ибраһим Бекмаханұлының дүниеден озғаны бәріміздің қабырғамызды қайыстырып кетті. Шығармашылық еңбек ғұмырнамасында аудандық, облыстық, республикалық газеттердегі журналистік қызметімен халқымызға танымал қаламгер болған Ибраһимнің берері көп еді. Өкінішті - ақ...

Балдәурен балалық кезінен бастап есейген шағына дейін тіршілік әлемін ғашық көңілімен жырлап өткен өршіл-сыршыл ойлы ақынның әдеби мұрасы – халқымыздың рухани құндылық қазынасының құрамында мәңгі ұлықтала бермек. Қазақ журналистикасының жаңа дәуіріміздегі дамуына да лайықты үлес болып қосылған көсемсөздері де, мақалалары да, очерктері де ұлттық мәдениетіміздің құндылықтары қатарында бағаланатын болады.

Тамырын тереңнен тартқан Ибраһимнің өзі де енді тарихқа айналады. Қазақ әдебиеті тарихының тегеурінді талантты толқын өкілдері қатарында аталатын оның есімі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қазіргі және болашақ тарихында ешқашан ұмытылмайды, халқымен бірге жасай береді.

АЛАШТЫҢ БІРТУАР АЗАМАТЫ

Мұрат ӘБЕУҰЛЫ,
профессор,

*Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары
академиясының корреспондент мүшесі,
КСРО Жоғары мектеп үздігі,
ҚР Құрметті білім қызметкері.*

Қазақстанға кеңінен танымал журналист-ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР ақпарат саласының үздігі, Республикалық жазбаша жыр мүшәйраларының бірнеше мәрте жүлдегері Ибраһим Бекмаханұлы Сыр сүлейі, әйгілі жырау Тұрымбет Салқынбайұлының туған немересі еді. Ибраһимнің еліміз үшін жасаған игі істері мол шығармашылық табыстары, сыршыл поэзиясы Отанымызға сүбелі үлесін қосып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге беруде, елтану, жертану, адамгершілік-ізгілік мәселелерін қалыптастырудағы үздіксіз қызметі орасан болды. Оның еліне деген шексіз сүйіспеншілігі мен ыстық ықыласы оны үлкен сый-құрметке бөледі. Ақынның мейірімді жүзі, поэзияға деген алғыр, жомарт жүрегі даңқын асқақтата түсті.

Ол 1951 жылы 22 маусымда Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Ақтөбе ауылында туған. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын туған ауылында киномеханик болудан бастаған оның еңбек жорлы кейін түгелге дерлік журналистика саласымен байланысты болды. Қызылорда облысы Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» (қазіргі «Қармақшы таңы») газетінде корректор, радиобабырын ұйымдастырушы, аға тілші болған. 1979-1984 жылдары ауаткомда ұйымдастыру

бөлімі меңгерушісі, аупарткомда нұсқаушы, 1984-1988 жылдар аралығында Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінде аға тілші, одан соң Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» (қазіргі «Сарыарқа») газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары – жауапты хатшы болған, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, республикалық «Азия транзит» газетінде меншікті тілші, республикалық «Экономика» газетінде және «Жеті жұрт» газеттерінде бөлім редакторы болды.

«Шапағат», «Сағымсары», «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сәуле», «Қасиетті мекен», «Жүрегімнің шуағы», «Жүректегі ырғақтар», Сырдария-Ұлытау атты поэзиялық, «Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария-ғұмыр», «Дария көңіл, тау мүсін», «Бекзат ғұмыр», «Кенжалы би» атты прозалық, ғұмырналық хикаяттар және «Жалмауызға да жан керек» атты сатиралық кітаптарымен оқырмандарға жақсы таныс Ибраһим атасы Тұрымбет жырау Салқынбайұлының «Талайды таңырқатқан жырау едім» (1993 ж.), «Атандым жас күнімнен бала жырау» (1988 ж.), «Жүйрігі едім халықтың» (2018 ж.) кітаптарын құрастырып, баспадан шығарды.

Өз басым Ибраһим Бекмаханұлының шығармашылық жолымен 1988 жылдан бері таныспын. Бұл оның Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» (қазіргі «Сарыарқа») газетіне енді ғана қызметке тұрып жатқан кезі болатын.

Мен ол тұста Жезқазған педагогтік институты, қазіргі Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде қызмет атқаратынмын. Техника ғылымдарынан диссертация қорғадым. Мамандығым – физик. Ибекең екеуіміз кездесіп тұратынбыз, ол кісі маған жаңа шыққан өлеңдерін оқитын. Өз басым ақын емеспін, бірақ ақындар поэзиясын, олардың ой-өрісін, тыныс-тіршілігін қатты ұнататынмын.

Жалпы, меніңше, журналистер, жазушылар, ақын-жыраулар, тарихшылар, этномәдени зерттеушілер, ұлығұламалар болмаса, дүниетанымымызды, өмірді тоқып-білуді көз алдымызға елестету қиынға соғады деп ойлаймын.

Ибраһим Бекмаханұлымен кездесу кезінде Жезқазған, Сәтбаев, Ұлытау, Қарсақбайсыз бастамайтын. Ұлт ұясын, киелі жер тарихын сөз ететін-ді. Мысалы, «**Ер Дулыға**» атты дастанындағы мына бір шумақтар:

*Қарт Ұлытау,
Киелі абыз дана,
Сыйынарым – Тәңірім жалғыз ғана.
Құдіретіңді мен сенің тани түсем,
Құлақ түріп ежелгі аңыздарға.*

*Түп-төркінін сездірген ұлылықтың,
Ұлытаудың ғажайып сырын ұқтым.
Осы таудан тапқандай боп тұрамын,
Жерұйығын іздесем құрлықтың.*

*Ұлы атану ұлыға жарасады,
Ұлытауға қандай тау таласады?!
О баста да адамдар ажыратқан,
Анық танып биік пен аласаны!*

*Ұлытаудан тараған нұр-шұғыла,
Бақыт құсын қондырды осы ұлға.
Жан-жануар сілкініп сала берген,
Сайрағанда ұлар құс мың құбыла.*

*Басын қосқан үш жүздің, дүйім елдің,
Ұлылығына өлшеусіз сүйінемін.
Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекенің,
Даңқы жетті әлемге Төле бидің!*

*Бұған куә Ұлытау – ұлық тауым,
Елдік дәстүр, қазақы гүрыптарым.*

*Қарт Ұлытау – сыр сандық гажабы мың,
Соның кейбір тұстарын сұрыптадым.*

Соның кейбір тұстарын сұрыптадым - деген шумақтардан-ақ, ақынның ұлт ұясы - Ұлытауға деген шексіз сүйіспеншілігі, ұлы жерге деген жомарт жүрегінің қағысы, терең ойы, философиялық ой-тұжырымы байқалады емес пе?

Ибраһим ақынның жер сүйгіштігін, жер қадірін құрметтейтінін, суын ішіп, дәмін татқан жерін пір тұтатындығын, халқына адал, ізгі ниетін айқындайды. Жезқазған, Қарсақбай жайлы бір өлеңінде:

*Жанам деген жүрекке
Жалын берген, от берген.
Аңыз қала – жер-көкке
Жезқазғандай жоқ дер ем!*

*Бақ, мерейі, байлығы
Келбетінде тұр жайнап.
Саф мысымен әйгілі,
Жер бетінде бұл аймақ.*

*Даңқы кеткен алыс тым
Сан гасырлар өрінде.
Тас тұғыры Қаныштың*

Тұр Жезқазған төрінде! – деп әлемге әйгілі Жезқазған мысын мақтан етеді. Жезқазған даңқын әлемге паш еткен ұлы ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевтың еңбегіне (*тас тұғырына*) бас иеді.

«**Қарашаңырақ Қарсақбай**» шығармасында:
*Қарашаңырақ – киелі Қарсақбайым,
Қадірің бар ел-жұртың ардақтайтын.
Кенді өлкенің келбетін айқындаған,
Кешегі, бүгініңді салмақтаймын.*

*Ел-жұртына тірек күш боп кедергіде,
Дем бердің Ұлы Жеңіс – келер күнге.
Жезқазған – Жезқазғаным болар ма еді,
Қарсақбайым болмаса егер мүлде?! – деген жолдары*

кеннің көзі, ырысты қазына болған Қарсақбайды Жезқазғанның бастауы деп толғайды.

Ақынның бір тамаша туындысы – «Сырдария-Ұлытау» өзінде елі мен аңызға айналған киелі жер – Сырдария мен Ұлытауды егіз қойып, ерекше белгілеріне қарай көркемдеп, мәнерлеп сипаттайды. Мәселен:

*Сырдария-Ұлытау,
Бірің – өзен, бірің – тау.
Сен екеуің тұрғанда
Жырым – өзен, жырым – тау.*

*Қос арналы – қайнарым,
Аттарыңнан айналдым.
Отын-суым ортақ боп,
Бір қазыққа байландым...*

*Ұлытауым – қарт бабам,
Сеніміңді арт маған.
Кешіре гөр, өзіңе
Ұл боп тусам тартпаған.*

*Сырдария – қарт анам,
Қақтың желпіп арқадан.
Ақ сүтіңді бір ақтау –
Қайда жүрсем серт маған!*

*Қос алыбым, тереңім,
Ойдан өрнек теремін.
Тағдыр жазған сыйыңды,
Не берсең де көремін*

*Ұлытауым – қыраным,
Сырдария – жыр-әнім.
Жатасыңдар шалқытып,
Мөлдір сезім бұлағын, –*

деп туған елі мен еңбек еткен, суын ішкен жеріне деген ыстық ықыласын, патриоттық сезімін айқындайды.

Ибраһим Бекмаханұлының қаламынан Отанына, туған жеріне, жас ұрпаққа арнаған туындылары өте көп. Көптеген өлеңдеріне «Көңілімнің шырайы» атты айдармен ән мәтіндері топтастырылған.

Жастарды шығармашылық, поэзиялық талғамға, жер тануға, ел тануға, өлке тарихы мен мәдениетін тануға тәрбиелеу – бүгінгі күннің мәні зор, өзекті мәселесі.

Ибраһим Бекмаханұлы өз кесі Бекмахан (1908-1978 жж.), атасы Тұрымбет Салқынбайұлы (1868-1945 жж.) Сыр сүлейлерінің атақты ақын-жырауы болған. Атадан әкеге, әкеден балаға дарыған ақындық дарынның күдіреті ерекше.

Бұл туралы жерлесіміз – ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Алаш сыйлығының иегері Ғалым Жайлыбай Ибраһим Бекмаханұлының «Жүйрігі едім халықтың» деген кітабының алғы сөзінде «Жұлдызды жыр-ғұмыр» деген тақырыпта өте құнды пікірлер айтқан.

Ақынның шығармашылық (өлең, толғау, дастан, поэмалар т.б.) жолын бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес, бұл болашақ ұрпаққа, жыр сүйер қауымға мол мұра болары сөзсіз. Өмірден өзі өткенмен өлеңдері оның ғұмырын жалғастыра беретіні күмәнсіз.



АТАСЫНЫҢ АҚЫНДЫҒЫН ЖАЛҒАҒАН...

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
жазушы,
«Құрмет» орденінің иегері.

Ибраһим інімнің өлеңдерін ХХ ғасырдың 70-жылдарында Сыр еліндегі жергілікті газеттерден оқып тұратынмын. Ал, өзімен 1993-тің жазында, бұрынғы Чапаев, қазіргі Ақтөбе ауылында өткен Тұрымбет жырау Салқынбайұлының 125 жылдық тойында таныстым. Кейін де Қармақшы топырағында бірнеше рет жолымыз түйіссе, ол Алматыға келген соң, ағайын-тумалардың, жерлестердің бас қосуларында, газет-журналдардың редакцияларында жиі-жиі жүздесетін болдық.

Бір қарағанда момындау, аса көп сөйлей қоймайтындай көрінетін Ибраһимнің өлең оқыған сәттерінде буырқанып сала беретінін байқадым. Қазақ мұндайда «арқалы ақын екен» деп сүйсініп жатады. Мен де оны солай бағаладым. Бұлай болатын реті де бар. Өйткені, ол заманында «бала жырау» атанып кішкентайынан көптің көзіне іліккен, кейін Сырдың атақты шайырларының біріне айналған Тұрымбет жыраудың туған немересі ғой! Текке тартпай қоя ма?!

Біздің таныстығымыз біртіндеп шығармашылық достыққа ұласты. Мен оның ақындық қарымын байқаған соң, Төребай Пышанұлы, Дүр Оңғар жырау туралы туындыларын көргеннен кейін: «Саған ірі-ірі шығармалар жазған дұрыс екен», – деген ақыл-кеңесімді айтып, бірнеше тақырып ұсындым. Мысалы, Тоғаныс батыр Бәйтүкұлы және т.б. тұлғалар туралы әңгімеледім. Ибраһим кейін сол тұлғалар туралы кесек - кесек дүниелерді өмірге әкелді.

Менің 70-ке, 75-ке толған мерейтойларымды Ибраһим Сыр елінде бірге жүріп атқарысты. Көптеген

кездесу кештеріне қатысты, өлеңдерін оқыды. Сол кездері оның тағы бір тамаша қасиетіне куә болдым. Тереңөзек ауданының орталығындағы Мәдениет Үйінде өтіп жатқан кездесу кезінде сахна төрінде тұрып Ибраһим өзінің бала шағын еске алды. Оның бес-алты жасында отбасы Тереңөзекте тұрса керек. Ибраһим сондағы өзімен асық ойнаған балалардың аты-жөндерін айтып, соларды іздейтінін, сағынып жүргендігін жеткізді. Міне, ғажап! Үзіліске шыққанда екі-үш жігіт келіп Ибраһиммен қайтадан амандасып, танысып жатты. Меніңше, олардың сол жүздесуі кейін жақсы жалғасын тапқан болуы керек. Досқа, жолдасқа деген періште көңілдің адалдығын, сағынышын сақтап жүрген Ибраһимді көрген едім мен сол жолы.

Маған Ибраһимнің қай нәрсеге болсын асқан жауапкершілікпен қарайтыны керемет ұнайтын. Бұл бәріміз үлгі алатын, үйренетін қасиет. Сөзім сөзсіз болмау үшін нақты мысал да келтіре кетейін. 2019 жылы біршама азаматтар жиналып, ойда жүргенмен, халыққа таныстырудың орайы келмей жүрген атақты бабаларымыз Тәттімбет би Мәмбет аталықтың өмір жолдарын арқау ететін кітап шығаруға бәтуаластық. Кітаптың негізгі бөлігі дайын болған кезде Ибраһим денсаулығына байланысты Түркияға кетті. Сонда таңқалғаным, өзі ауырып жатқанына қарамастан, менімен екі мәрте хабарласып, кітаптың мән-жайын сұраған еді. Басқа біреу болса солай істер ме еді, жоқ па? Күмәнім басым. Өзі денсаулығы үшін арпалысып жатып, бітпей қалған шаруасы үшін алаңдауы оның өзіне тапсырылған іске жанашырлықпен қарауы, жауапкершілікті терең сезіне білуі ғой. Бір сөзбен айтқанда, бұл – нағыз Азаматтық!

Ол 70 жасқа толсам, жақсылап тойласам деп армандайтын. Соған дайындығы қатты болатын. Білуімше, бір емес, бірнеше кітап дайындады. Маған: «Сол тойда қасымда боласыз ғой», – деп қолқа салып

та қойған еді. Бірақ, ажал арманын қиып кетті. Ол 2020 жылдың ақпан айында Мәңгілік сапарға аттанды.

Ғұмыры үзілгенмен, өмірі жалғасатын да жандар болады, Ибраһим Бекмаханұлы да сол санаттан. Оның соңында қалдырып кеткен әдеби мол мұрасы бар. Демек, Ибраһимнің ендігі өмірі сол өлеңдері, жырлары, әндері арқылы одан әрі жалғасын таба беретін болады. Ол өмірден өткен соң жан жары Мәкеш келін Жезқазған, Қарағанды, Қармақшы мен Қызылордада Ибраһимнің шығармашылығы жайлы түрлі кездесулер, жиындар ұйымдастырды.

Ол атасының ақындық жолын жалғады. Өзі де атасы тәрізді халқының жүрегінде, көңілінде мәңгілікке қалды. Енді оның екінші өміріне ешқашан тоқтау болмайтыны анық.



ТЕКТИ ӨЛЕНДІ ТҰҒЫРЫНА ҚОНДЫРҒАН...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,

ақын,

*Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері*

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, белгілі ақын, республикалық жыр мүшәйраларының бірнеше мәрте жеңімпазы болған, прозалық туындыларымен де, сатиралық шығармаларымен де, поэзиясымен де кең танылған Ибраһим Бекмаханұлы қаламға адалдығымен қатар адамдығымен де біз үшін қадірлі жанға айналды. 80-жылдардың аяғында Жезқазған қаласында қызмет істеп жүрген кезім... Торғай облысы тарап, сол тұста ақын Ибраһим Бекмаханұлы сол тұста осы шаһарға қызмет бабымен ауысып келді. «Жезқазған туы», «Сарыарқа» газеттерінде бірге қызмет еттік. Сол отызға толмаған жасымда танысқан кезден бастап ағаның өзімен, жанұясымен ағайын боп, дос боп, туыс боп етене жақын араласып кеттік.

Ибраһим аға Қызылорда облысының Қармақшы ауданында дүниеге келген. Өзінің туған жеріндегі аудандық газетте Корректор болып бастаған журналистикадағы алғашқы қадамы баспасөз саласындағы редактордың орынбасары, жауапты хатшы секілді үлкен-үлкен қызметтерге ұласты. Атақты жырау Тұрымбет Салқынбайұлының туған немересі. Текке тартып туған ұлдың халыққа бергені көп, берері әлі де таусылмаған еді. Ойламаған жерден Түркияның Стамбул қаласында өмірден өтті. Жары Мәкеш – жауапты қызметтегі адам. Өмір бойы ағамыздың бабын тауып, қамқорлығын көрсетті. Биыл жазда ақынның

жетпіс жасқа толған мерейтойын тойлаймыз деп отырғанда, ойламаған жерден қаралы хабар естідік. Артында қалған ұрпағы, отбасы қаламгердің жаңа жинағын шығаруды қолға алып, жырларын топтастыруда. Осындай саналы ұрпағымен мың жасайтын ақынның жырлары да – өміршең.

Қазір қаламгердің шығармашылығына жан-жақты тоқталып, өлеңдерін жеке-жеке талдап отыратын уақыт қат, айтылар сөз де, жазылар сағынышқа толы естеліктер де алдағы күннің еншісінде. Ал бүгін қадірлі ағаның өмір бойы қалам мен қағазды жанына серік етіп, барлық жанрда жазғанын зор құрметпен айтамыз.

Ой-мұратым өзің болып көктеген,

Ием де сен, кием де сен, текті өлең.

Сен арқылы үндесемін тірлікпен,

Сен арқылы тілдесемін көкпенен, – деп тегеурінді екпінімен текті өлеңге аласармас ескерткіш орнатқан ақынның сөз өнеріне деген ізеті бөлек болатын. Жырларында сағыныш та, ағайын-бауырға деген ыстық ілтипаты да, әппақ пейілі мен кіршіксіз көңілі де сондай нәзіктікпен өрілген.

Өршіл рух пен сыршыл сезімнің қос өріміндей болған өлеңдері Ибраһим ағаның өз болмысынан еш алшақ емес, «Сағымсары», «Ер Дулыға», «Жолбарыс әруақты Төребай би» атты дастандыры жарық көріп, оқырманның зор ықыласына бөленді. Жырларында жалын бар, өмір бар, өмірдің жарық сәулелері бар. Қайраткер, күрескер ретінде де ел тағдырына, жер тағдырына қатысты мәселелерде үнсіз қалмаған қаламгер:

Ерлік жайлы, елдік жайлы көп аңыз,

Сол арқылы өсті байып санамыз,

Білек күші, найза ұшымен сақталған,

Қасиетті зой ұлан-байтақ даламыз, – деп жырлайды.

Жалпы, Ибраһим аға Сырда туып, қырда ержетті. Сұлу сыр, жезді Жезқазған, қасиетті Ұлытау, киелі Торғай, бәрі-бәрі ақынның жүрегін қозғап, қаламынан сыр боп өріліп, жыр боп төгілді. Туған жердің қойнауындағы

қазыналы тарих пен қаймағы бұзылмаған қазақлық ақын туындыларында эпикалық тыныспен, асқақ мақтанышпен тіл қатты.

*Елге барам,
Есендесіп емін-еркін желменен.
Өректіген көңіл алаң,
Өлеңдетем демде мен...*

Әр сөз, әр тармақ ақынның алпыс екі тамырын иітіп, сағыныштың күйін шерткізген туған топырақтың құдіретін танытып тұр емес пе? Желден де есендік сұрауды арқау еткен жыр, расында, елге шын асыққан, өлкем деп өректіген көңілден ғана туса керек.

*Сұрадың өмір жайлы...
Мен не дейін?*

Арқаңды сал қашанда кеңге деймін.

Өзіңнің тағдырың зой өмір деген

Сүйрейтін ең ақырғы демге дейін, — деп жырлаған ақынның маңдайына өлең құдіреті, сөз өнері кие болып қонды. Сол өлеңмен әр күнін мәнді еткен қаламгердің мәңгілік өмірі басталды деп есептеймін.



«АДАМДАР АРМАН ҚУҒАН АЛДАНБАЙДЫ»

(Ақын Ибраһим Бекмаханұлының өлеңдері жайлы)

Ғазиз ЕШТАНАЕВ,

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.*

*Өмірі біреулердің болған қайғы,
Біреу жырын жалғайды жалған жайлы.
Әйтеуір, мен сенемін тіршілікте*

Адамдар арман қуған алданбайды, – дейді ақын Ибраһим Бекмаханұлы «Мен не дейін?» деп аталатын өлеңіндегі өзіне «ұқсайтын, ұқсамайтын» лирикалық «мені» арқылы.

Әдетте өлеңтанушылар автор мен лирикалық кейіпкердің арасына абсолюттік тепе-теңдік белгісін қоюды қаламай жатады. Әйтсе де әлгі лирикалық кейіпкеріңізді сөйлетіп, көңіл-күйін ақ қағаз бетіне ақтартып, оның (*лирикалық менді айтамыз*) жан әлеміндегі қозғалысқа түрткі болып тұрған ақынның өзі ғой. Өлеңді өмірге әкелген ақынның жан дүние жаратылысындағы, танымындағы өзіне ғана тән таңбаларды біз оның өлеңіндегі көркем бейнеден (*лирикалық бейне*) танып жататындығымыз ақиқат. Ол бейне – ақынның өлеңге көшкен болмысы. Екеуінің тепе-теңдігін қаламасақ та тамырласып жататындығын, көзге көрінбейтін әлдебір ғажайып сәулелермен байланып тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. Мұны айтуымыздың себебі бар: ақын Ибраһимнің өлеңдерін талдау барысында «дейді ақын» деген сөзіміздің мән-мағынасы ақын тудырған көркем бейненің де ішкі әлемінің, ой толғанысының көрінісі деп түсінілсе екен дейміз.

Әуелгі айтқанымызға қайта оралайық. «Сұрадың

өмір жайлы, мен не дейін?» Жер бетіне адам баласының табаны тиіп, Алла сыйлаған «ақыл-сананы арқалап келе жатқаннан бергі уақыттарда үздіксіз қойылып келе жатқан сауал – осы. «Өмір дегеніміз не? Бұл сауалға Әркім өзінше, өз пайым-парқының деңгейінде жауап беріп келгені белгілі, әлі де жауап іздеп келеді. Әзірге адам көңілінің «өмір – мәңгілік ұйқының алдындағы азмаз серуен ғана» деген анықтама-түйінге ат басын тірер түрі жоқ. Жауап іздеп келеді.

«Өзіңмен өмір кейде өлшенеді»,

Жандарға өмір сүйген ел сенеді, – деп, өзінше ой ұштығын шығарған ақын оқырманына өз байламын жеткізеді. Егер өмір деп тозаң-рух пен бақи әлем мүшесі болып жүрген аралықтағы уақыт ауқымын танысақ, әңгіме басқа, ал шыр етіп жарық дүниеге келіп, пыр етіп жалған жарығымен қоштасып ұшқанға дейінгі аралықты өмір деп танысақ, онда өмір жайлы әркім өз пайымынша баға беріп жатуы – заңды жайт.

Сұрадың өмір жайлы...

Мен не дейін?

Арқаңды сал қашанда кеңге деймін.

Өзіңнің тағдырың зой өмір деген

Сүйрейтін ең ақырғы демге дейін.

Бақсақ, өмір – өзің, өзіңнің тағдырың. Туған күніңнен бастап соңғы сәтіңе дейінгі соққан сағатың – сенің өмірің, өміріңнің өлшемі. Ал атқарған ісің, алға сүйреген арманың, қимыл-қозғалысың (*санадағы*) – бәрі-бәрі сен өмір деп таныған мазмұнның бітім-болмысы екен. Ендігі қаракетің өмір сүремін деп жасаған бағдарламаңның бұзылмауына бағытталады. Әйтпесе тірі жүр дегені болмаса, не дүниеге, не ақиретке тырнақтай пайдасы жоқ жандардың тірлігін өмір деп бағалау – артық нәрсе.

Өлендегі ақын байламын өзімізше талдау жасай отырып осындай түйін жасадық. Санамызға жаңғырық болып Декарттың: «Мен ұяламын, демек мен өмір сүрудемін» деген сөзі, Абайдың: «Өз бойын бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?»

деген ғақлиясы жеткендей болды. Ойды ой қозғағаны осы ғой. Ақын өлеңі саналы адам баласы ойлауға тиістінің бір бөлшегі екеніне содан кейін таласып көріңіз.

«Өмір – өз тағдырын» деген қағиданы қазық еткен ақын Ибраһим – өзіне лайықты ғұмырнамасын жазып келе жатқан ақын. Әу баста оған Тұрымбет жыраудан тәбәрік боп жыр қалды. Өлеңді өмірлік серігі, сырласы, мұңдасы санады. Ақ қағаз, қара сияны айтары бар адамның ғана қасиетті құралы деп бағалаған қаламгер содан бері оқырманына өз ойын өлеңмен ұсынып келе жатыр.

Сонау 1966 жылы жазылған:

Құй, жаңбыр, селдей болып ақшы, жаңбыр,

Шөліркеген даламның мейірін қандыр.

Әр тамшың көңіліме шаттық құйып

Жүректен отты сезім – өлең жаудыр, – деген балаң жырындағы ақ пейілі әлі күнге дейін жаңбыр-жыр, тамшы-өлеңнен тек жақсылық тілеумен келеді.

Ой-мұратым өзің болып көктеген,

Ием де сен, кием де сен, текті өлең.

Сен арқылы үндесемін тірлікпен

Сен арқылы тілдесемін көкпенен, – дейді ақын айнымас серігі болған өлең жарықтықтың қасиетіне бас ұрып.

Бірду-дырду өмірдің күйбеңі көп,

Байлығына біреу жүр «биледім» деп.

Енді біреу мәз болар қулығына:

«Сұға батып, не отқа күймедім» деп, – деп өзі бағалағандай, өмір-ортаның ағы мен қарасын, жақсысы мен жасығын, ұлысы мен ұрысын бір кісідей танып, көріп келе жатқан ақынның асқақ арман-әлемі бар, ол – «жұлдызды жыр әлемі».

Жұлдызды жыр әлемге сапар шектім,

Жақсылықтың ақ желкен кемесімен.

Ал жер бетіндегі жерұйығы қайсы, ол – кіндік қаны тамып, тамыры тарамдалған туған жері.

*Елге барам,
Есендесіп емін-еркін желменен.
Өректіген көңіл алаң
Өлеңдетем демде мен.*

Сегіз қиыр шартарап тарлық етіп, әлденені іздеп, әлденеге асығып алабұртқан ақын көңілі жанына сая мекен іздейді. Есіл көңілін түсініп, еркелете түсетін «еркіндікке» ұмтылады. Ондай мекен ақын үшін әзірге екеу-ақ сияқты. Бірі – көктегі «жыр мекен», екіншісі – «Бозарқаш, Балажарма, Ақсайы».

Көк пен жердің арасын кезіп шарқ ұрған шыншыл көңілі үшін ақын айыпты емес. Ақын маңдайына жазылған тағдыр сондай. Оның тоқсан тарау, қырық бұрау жанының дірілін сезіп, жүрек дүрсілін түйсініп, дәл өзі қалағандай жанын ұғына қоятын жан таппаған соң мына маңқиған даланың өзге нүктесінен де жаныныштық таппасын сезеді де. Сонан соң әлгі «жоғын» беймәлім көктің қойнынан іздейді. Ақынның жүрек жарасы – осы.

Сөз жоқ, әзірге жер бетінің жүзін жылытып, кескінін көркем етіп, сұмдықтың сойылынан сақтап тұрған жақсылықты ақын ада-күде жоқ етіп, мансұқ қалмайды. Тек сол жақсылықтың ұпайы түгенделмей келе жатқанына күйінеді. «Әділеттің қашанда үні тапшы», – дейтіні содан. Ақын жанын жаралаған нәрсе не?

*Қараңыз:
Теңіздегі тот басқан кемелер-ай
Жанарыма жас болып тоқтай қалды.*

*Қайырым дейміз,
Қайырымның көзі қайда?
Жан көбейді, жәдігөй, сөзі майда.*

*Бейбіт жатқан ел шошып, шаңырағы шайқалып,
Бірін-бірі екі ел жаулағандай не болды?*

*Біреулерге шуағымды түсірсем деп ұмтылсам,
Біреулер бар маған кезеп ызғар-оғын шашатын.*

*Даңғойлар мен дарақылар масайрап,
Күннен күнге думандарын үдетті.*

*Шен-шекпенге айырбастап кетеді,
Сені жақын тұтып жүрген досың да.*

Ақын жанын шұрық-тесік етіп, жүрек етін сыздатқан мұндай дертті тізбелей беруге болады. Көп. Көрмейін десе, көзі құрғыр бар. Айтпайын десе, ақиқат тұр көзі жасаурап. Жан жүрегі қабылдап тұрған осынау өмір шындығын сонан соң ақын еріксіз өлеңіне түсіреді. Міндеті сол.

Ақын ауру тапса, осыдан, тек осындай сұмдықтан табады.

*Кей кезде кетеді сөйлетіп
Көздегі мұңымды өлеңім.*

Иә, иә, көздегі мұң – тамшы боп жерге түседі. Өлең дегеніңіз – осы.

Өмірдің осы бір дертіне душар болған ақын оның емін де өмірдің өзінен іздейді. Ұстанған серті бар. Бойдағы қайратын бекітіп, мақсатын сол сертіне байлаған ақын еш нәрседен қаймықпайды.

*Қайыспай бәріне көнемін,
Кіршіксіз арыма сенемін.
Ей, өмір, сүріндір, жық мейлі,
Адам боп бір рет өлемін.*

*Аз емес, әйтеуір, берерің
Қайғың ба, оны да көремін.
Жандырып көр мені лаулатып
Жарқ етіп бір рет сөнермін.*

Арманы асқақ, ары таза, адам боп ғұмыр кешіп өтуді ғана мұрат тұтқан ақынның ұстанымына ұйысыз. Сөзіне сенесіз. Сонан соң ақын болып туып, ақын болып өтудің бақыт екенін сезінесіз.

Ақын Ибраһим Бекмаханұлының «Жарық сәуле» атты шығармалар жинағын оқи отырып біз осындай ой түйдік.

Жинаққа оның алғашқы өлеңдері, кейінгі жырлары, сықақ өлеңдері, толғаулары, балладалары және бірнеше сүйекті дастандары енгізілген.

«Жолбарыс әруақты Төребай би», «Сағымсары», «Ер Дулыға» деп аталатын поэма-дастандары – Ибраһимнің эпикалық жанрда да еркін көсіле алар қарымын танытатын туындылар. Тарихи тақырыпқа қалам тербеудің өз қиындығы бар. Автор таңдаған тақырыбын ашатын мол деректерге сүйене отырып, оның ішінен идея-қазығына қызмет ете алатын қажеттілерін таңдай алған. Осы мақсаттағы оның талғампаздығын және деректен көркем дүние жасай алар қабілетін аңғардық.

Сұлу Сыр, қасиетті Ұлытау, кенді Жезқазған, киелі Тәуелсіздік, кең-байтақ Қазақстан, оның бүгінгі тірлігі, жеңілісі мен жеңісі – Ибраһимнің азаматтық жырларының өзегі, арнасы. Ұлт мәселесі, тіл, қобыз бен домбыра, байтақ дала, бабалар аманаты оның бір өлеңінен келесі бір өлеңіне ауысып, өзек тартып жатады.

Ерлік жайлы,

Елдік жайлы көп аңыз,

Сол арқылы өсті байып санамыз,

Білек күші, найза ұшымен сақталған

Қасиетті ғой ұлан-байтақ даламыз.

Ол осы қасиетті Даласына ғашық. Оның рухын көтеріп, ризығын кемітпей, тұла бойын тіктеп, тұғырын биіктетіп келе жатқан да осы Даласы. Осы даласына тамыры байланып қалған. Әйтпесе ол ұмтылған «жұлдызды жыр әлемі» көкте еді ғой.

Ибраһим – махаббат жайлы жазса да шынайы сезімін боямсыз, сырлы етіп жеткізе білетін ақын.

Жауған күні қар қылаулап,

Сені еріксіз еске алдым.

Шыныменен қалды ма аулақ

Жолымызды қосқан күн.

*Сұлулыққа таңырқама
Сүйін деп ем, тек іштен...
Оранып ап ақ ұлпаға
Жүруші едік, періштем.*

Немесе:

*Күлкісі де, сөзі де керім еді,
Көк көйлектің етегін жел үреді.
Бар жүрісін аңдиды тілдеспек боп
Қой іздеген ауылдың серілері.*

Енді бірде:

Алыс арман шақырады біздерді,

Гүлім менің, сағындырмай кел енді, – деген ақын сезімінен ақ пейіл, ақ көңіл ақынның алдарқаусыз сөзін, шынайы сүйіспеншілігін аңғарасыз. Күйіп-жануы жоқ, тәтті сезім. Шынайы. Қарапайым, бірақ қымбат көрініс, қымбат сезім.

Ибраһим ақынның өлеңдерін, баллада, дастандарын, сықақ өлеңдерін жеке-жеке жіліктеп талдауға болар еді, алайда оның бәрін салақұлаш мақалаға айналдырып жату басы артық дүние болар дедік. Біз өз ойымызды ортаға салдық. Бір білгеніміз, ақын Ибраһим – өмірін өлеңге бағыштап келе жатқан қаламгер. Өз айтары, өз оқырманы бар. Бәріне бірдей ұнауды мақсат етпейді.

*Не сыйлайды маңдайға алдағы күн,
Жанымды жегідей жеп, арбады мұң.
Жол жатыр арқандай бір шұбатылып
Көмескі іздері бар, тармағы – мың.*

Иә, ақын бір өлеңінде осылай толғаныпты. Алдағыны болжап болмайды десек те, бір нәрсе анық, бұл – Ибраһим Бекмаханұлы өзіне өлеңді серік еткен жан. Ақын үшін теңдессіз бақыт – өміршең өлең, талғамды оқушы десек те, бұл жағынан да Ибраһимнің бақытты екені және рас. Оның өміршең өлеңі де, талғамды оқушысы да бар. Ендеше, өлең-өмір мәңгі жасай бермек.

АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ АЙРЫҚША ЕДІ

Амандық РАХҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
Ақпарат саласының үздігі.

Қаламдас әріптес, ардақты дос Ибраһим Бекмаханұлының өмірден өткеніне де жылға жуық уақыт болып қалыпты. Бірге жүрген күндердің барлығы күні кешегідей есімізде. Асыл азаматтың кісілік келбеті, адамгершілік тұлғасы биік еді. Өзім деген дос-жарандарына «өзегін жұлып берердей» мәрт мінезді, болмысы бөлек болатын. Шығармашылықтың шыңына шығуды мақсат тұтпаса да бойдағы талантын ірікпей, беріле еңбек етті. Жазуға келгенде жазыла шапқан жүйріктей ерекше еңбекқор болды. Қалам қарымын өлеңге де, қарасөзге де қатар сілтеді. Жазған дүниелері оқырман көзайымына айналды. Бүгінде оның барлығы артындағы өшпейтін мұрасы болып қалды. Ой-жоспарлары мен мұрат-мақсаттары көп еді. *«Бір тойым болатыны сөзсіз менің»*, – деп Төлеген Айбергенов жырлағандай, ол 70 жасын дүбірлетіп атап өтуге ниеттеніп жүрген болатын. Әттең, өлшеулі тағдыр оны бұл күнге жеткізбеді. Біз Ибраһимнің жетпіс жылдық белесін орны толмас жағдайда онсыз атап өттік. Ендігі жерде аңқылдаған ақкөйлек досымыздың өткен өмір жолдары мен бірге жүрген жайсаң күндерді еске алудан басқа амал жоқ...

Уақыт шіркін қандай жүйрік! Күні кеше ғана сияқты еді, Ибраһимнің Торғай төсінен Ұлытау өңіріне қарай көштің басын бұрған кезі. Сол кездегі облыстық басылым «Жезқазған туының» редакторы Сабыр Сауытбаев ортамызға жаңадан келген шиыршық атқан ширақ жігітті таныстырып жатыр. *«Бұл Бекмаханов деген журналист*

«Торғай таңы» газетіндегі апырып та, жапырып та жазып жүрген қаламы ұшқыр жігіттердің бірі көрінеді. Алып келген газеттеріндегі етектей-етектей мақалалары мен очерктерін көріңдер. Торғай облысы жабылып қалған соң амалсыз келіпті. Сенім білдіріп, өз қатарымызға алсақ қалай болар екен?» – деп Сабкен алқа-қотан отырған қызметкерлерге әдеттегідей «не айтасындар?» дегендей, көзәйнегінің үстінен барлай қарады. Алып келген газеттерін «көрдіндер ме?» дегендей алдымызға қарай ысырып қойды. «Алайық, ауыл шаруашылығына адам керек еді, совет бөліміне тілші керек», – деп бөлім меңгерушілері бір ауыздан жаңа қызметкерге «құда түсе» бастады. Бұл 1988 жыл болатын.

Сол кезде ордабұзар отызды еңсеріп, кемеліне келген жігерлі жігіт әуелден-ақ қалам қайратымен танылып, жезқазғандық әріптестерінің арасына жылдам сіңісіп кетті. Кеудесін керіңкіреп, еңсесін жоғары ұстайтын балуан тұлғалы жігітке алғашқыда әлдеқалай болар екен деп сынап қараушылар да болған. «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы болар, Ибраһим Сырда тудым деп сырғақтаған жоқ. Елдің бәрін бірдей көрді, ала-құлалық көңіл ауанынан аулақ болды. Ақкөңіл, адал қалпымен көпшіліктің көңілінен шықты. Кей жағдайда мәселені көп бұлтақтатпай туралығын кесіп айтатын, болмысы бөлек ер мінезді болатын. Бойдағы осы қасиеттерімен ол жаңа жерден жолдас тапты, дос жинады. Жұбайы Мәкеш екеуінің отбасындағы береке-бірлігі мен жарастықты тірлігі жақсы жандармен араласуға жол ашты. Өздері де көпшілікке сыйлы болып, Жезқазғандағы ахарлы-шаһарлы кісі түсетін қазақтың қара шаңырақты бір үйіне айналған еді.

Баспасөз саласындағы еңбек жолын Ибраһим Бекмаханұлы Қызылорданың Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» (қазіргі «Қармақшы таңы») газетінде корректор болып бастап, радио хабарларын ұйымдастырушы, одан соң аға тілші болған кездерінен-

ақ қалам қабілетін байқатқан еді. Арасында бірер жылдай аупарткомда нұсқаушы болып қызмет атқарғанымен, жүрек қалауымен журналистиканы қолайлы көрді. Жас кезінен бұрқыратып өлең жазатыны бар-тын. Жас таланттың өлеңіне ақындардың абызы Әбділданың да назары түсіпті. Аудандық газет бетінде айтқан мына бір пікірінде: *«Аудандық газетті үзбей алып, оқып тұрамын. Одан елдің тынысын сезінемін. Тағы бір айтарым, поэзияға да жиі орын беріледі екен. Ибраһим Бекмаханов, Шаһизада Әбдікәрімов, Бақыткүл Мәдиярова өлеңдері маған аса ұнайды. Поэзия ауылына атбасын бұрған бұл жас талапкер ақындарға сәт сапар тілеймін!»* – депті Әбділда Тәжібаев.

Иә, абыз ақынның ақ тілеуі қабыл болып Ибраһимнің қаламынан өрелі мақалаларымен қатар өршіл өлеңдері де қоса өрілді. Торғай жерінен жас қырандай түлеп ұшып, Жезқазған аймағында еркін қанат жайған жылдарында ол өзінің осы бағыттағы қарым-қабілетін барынша айқын таныта білді. Оның бүкіл шығармашылық қуатының шарықтап өсуі мен биікке өрлеп толысуы көз алдымызда өтті. Ол қасиетті Ұлытаудың көне шежіресіне құлақ түріп, қилы оқиғалары мен тарихи тұлғаларының өмірін көңілге түйді. Шығармашылық ізденісіне арқау етті. Сандыбай батыр мен Ерден заманының оқиғаларымен астасатын «Сағымсары» поэмасы соның жемісі. Ол бабалардың даналығын жырлады, ел мен жердің тарихын, айтулы тұлғаларының талайлы тағдырын өлеңіне өзек етті. Қорқыт абыз, Төребай би туралы поэмалары, «Дүр Оңғар», азаттық үшін күрескен Арыстанбай батыр туралы дастандары сүйекті туындылар қатарында аталып жүр. Бір ғажабы, шығармашылықпен айналысқанда Ибраһим өнімді еңбек етті. Алматы баспасынан жарық көрген алғашқы жыр жинағы «Шапағаттан» бастап, жыл сайын бір-бірлеп кітаптары шығып жатты. Қаламгердің «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сәуле», «Жүрегімнің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүректегі ырғақтар», «Сырдария-

Ұлытау» атты поэзиялық туындылары, «Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария көңіл, тау мүсін», «Дария-ғұмыр», «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр», «Қарсақбайлық қайсар ұл», «Бекзат ғұмыр», «Кенжалы би» прозалық және «Жалмауызға да жан керек» деген сатиралық және басқа да кітаптары жарық көрген. Оның барлығы кезінде оқырмандарынан оң бағасын алды.

Ибраһим ақынның өлеңдері өршіл рух пен сыршыл сезімге толы. Оның өлеңдеріне кезінде ақын Марфуға Айтқожа былайша баға беріпті: *«Жезқазғанда бір ақын бар екендігіне осында, сазгер інім Марат Түсіпбековтің шығармашылық кешіне келгенімде анық көзім жетті. Ибраһим ақынның өлеңдері нәзік иірімдерімен, шынайылығымен, азаматтық әуенділігімен адамды ерекше баурайды екен. Бұл жай пафос емес, нағыз ақынға тән кесек болмысты аңғартады». Ал, Алаштың айтулы ақыны Ғалым Жайлыбай: «Ибраһим жырларының басты ерекшелігі – сыршылдығы мен ойшылдығында. Автор өмір құбылыстарын терең топшылап, оларды өзіндік мәнермен бейнелейді», – деп ой түйеді.*

Ибраһим – әйгілі жырау, атақты Сыр сүлейлерінің бірі Тұрымбет Салқынбайұлының немересі. Сондықтан да оның ақын болмасына хақы жоқ секілді көрінетін маған. Ол атасы Тұрымбет жыраудың ел арасында көмескілене бастаған мұраларын талмай жүріп жинастырып «Талайды таңырқатқан жырау едім», одан кейін «Атандым жас күнімнен бала жырау» жинақтарын құрастырып баспадан шығарды. Ақын И.Бекмаханұлының шығармашылығындағы шоқтығы биік дүниелерінің бірі Астананың «Фолиант» баспасынан шыққан «Жарық сәуле» жыр жинағы «Сырдария кітапханасы» сериясымен жарық көрген болатын. Мен Ыбекеңнің бірнеше кітабына редактор болдым. Оның бойындағы бір абзал қасиеті «мен сондай едім» деп, эсте асып-тасуды білмейтін, бірқалыпты сарабал, қарапайым қалпынан айныған емес. «Болдым, толдым» деп дандайсып, тоқырау да Ыбекеңе жат

қылық еді. Үнемі алға ұмтылу, тынымсыз еңбекпен тер төгіп, шығармашылық ізденістің ләззатына бөлену оның басты мақсаты болды. «Сарыарқа» газетінен кейін республикалық «Азия-транзит» газетінде меншікті тілші, қаладағы «Наз» басылымында редактордың орынбасары, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстанда» меншікті тілші, бөлім меңгерушісі болған кезеңде де қарымды журналист ретінде айшықты қолтаңбасымен көрінді. Ол Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі болды. Баспасөздегі көп жылғы лайықты еңбегіне орай Журналистер одағының, облыс, қала әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды, ҚР «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін омырауына тақты.

Адалдықты ту еткен қаламгер мансапты, марапатты көксеген жоқ. Саналы ғұмырын шығармашылық жолына арнап өтті. «Ақын болу міндет емес, азамат болу – міндетің» деген ұстанымды дөп көретін Ибраһим ақынның азаматтық тұлғасы да көптеген қатарластарынан оқ бойы озық тұратын. Кейбіреулер құсап ол көлгірсуді білмейтін, бетке айтса да беталды айтпайтын. Дос-жарандарына, ағайын-туысқа деген алғаусыз көңілі ерекше болатын. Жөн-жосықты жақсы бағалай білетін, адал дос, турашыл азамат ретінде оның жарқын бейнесі біздің есімізде мәңгі қалары анық.

*Әй, көңілім, жүйріксің-ау, жүйріксің,
Кейде көкке жеткендейсің құйғып тым.
Бірақ, бірақ, ұмытпайық дүниеде,
Бар екенін бір құдірет Бұйрықтың.
Сол жазудан ешкім асып кетпеген,*

Асулар көп біздер әлі жетпеген... – деп ой толғаған екен бір өлеңінде. Сол өзі айтпақшы, өлшеулі ғұмыр, Тәңірден келген бұйрық 70 жасына санаулы ай қалғанында абзал азаматты ол күнге жеткізбеді. Ибраһим өмірінің сол мерейлі тұсына арнап кезекті бір жинағын жарыққа шығаруға ниеттеніп жүрген болатын. Оның да соңғы нүктесін қоюға уақыты жетпеді. Өмір

бойы қолдан түспеген қаламы беймезгіл қаңтарылып қалды. «Орнында бар оңалар» дегендей, ақынның топтастырып кеткен дүниелерін зайыбы Мәкеш пен ұлы Ерлан 70 жасқа толар мерейлі күніне арнап «Жыр – аманат» деген атпен баспадан кітап етіп шығарды. Өзі жоқ болғанымен қалың жұрт оның рухымен аманат шығармалары арқылы қауышты. Түйіндеп айтар болсақ, қаламгер мұрасы қай уақытта болмасын оқырманның көңіл төрінен орын ала берері анық. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегеніміз осы болар.



АРҚАЛЫ АҚЫН

Батырбек МЫРЗАБЕКОВ,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Арынды Сыр мен арқалы Қырдың перзенті атанып, оқырмандарының құрметіне бөленген ақын Ибраһим Бекмаханов есімі қалың қазаққа етене таныс. «Сырда туып, Қырда өскен» дегенді де осындай қос өлкенің төл перзентіне айналған азаматқа арнап айтып жатамыз. Оның сырына үңілсек, «Сыр елі, жыр елі» атанған жердің азаматының оқыған жанды бейжай қалдырмайтын ағынды өміршең жырлары болса керек. Әрине, осы ретте ең алдыменен «Ол қандай ақын? Нені жырлаған? Тақырыбы қандай?» – дегендей сауалдар да көңілге оралып, тіл ұшына келе қалатыны да рас. Осы тұрғыдан келгенде Ибраһим ақынның тақырыбы сан алуан екенін айта кеткен жөн. Оның жырлары Сырдың суындай толқынды, Арқаның асуындай асқарлы болып көзге бірден түседі. Ол нені жырласа да мөлдіретіп, ет жүректі елжіретіп жырлауға ұмтылған. Әрине, ақын атаулының бәрі де жүріп өтетін, соқпай кете алмайтын бір үлкен жол бар. Ол – анаға жыр арнау. Ақ сүт беріп, мәпелеп өсірген анаға жыр бағыштау Ибраһимға да тән болған. Оның анаға арнаған жыры былай басталады:

*Сағыныш қой жүрекке бұл сыймаған,
Күндер өтті, түндер өтті қиналған.
Ұмыта алмас өмірде адам анасын,
Жарық күннің шапағатын сыйлаған.
Keң жүрегің жаратылған ақ нұрдан,
Татқаның көп ащы-тұщы тағдырдан.
Өнегелі, айшықты ізің сайрап тұр,
Ел-жұртыңа, ұрпағыңа қалдырған.
Бар мейірін төккен сәби балаға,
Ақыл-ойдың нәрін сепкен санаға,*

*Асыл бейнең жүректерден өшпейді,
Еш алаңсыз тыныш ұйықта, жан ана!* – дейді.

Бұл – анаға деген бала жүрегінің үні. Анаға деген сағыныш. Анаға мәңгі тағзым деуге келеді. Барша ақынға тән, ананың бар мейірімі мен шапағатын ол осылайша шаттана жырлайды. Оның туған жерге деген махаббаты да өзгеше. Оны «Сырдария – Ұлытау» атты жырынан аңғаруға болады. Ақын жыры домбыраның қос шегіндей қатар өрілген Сыр мен Қырдың атын алға алып шыққандай. «Сырдария – Ұлытау» деп қатар айтылған атының өзі тілге жеңіл, жүрекке жылы тигендей, құлаққа да жағымды естіледі.

*Сырдария – Ұлытау,
Бірің – өзен, бірің – тау.
Сен екеуің тұрғанда
Жырым – өзен, жсырым – тау.
Қос бастауым – қайнарым,
Аттарыңнан айналдым.
Отын суың ортақ боп,
Бір қазыққа байландым.
Ұлытауым – қарт бабам,
Сеніміңді арт маған.
Кешіре гөр, өзіңе
Ұл боп тусам тартпаған.
Сырдария – қарт анам,
Қақтың желпіп арқадан.
Ақ сүтіңді бір ақтау –
Қайда жүрсем серт маған!
Қос алыбым, тереңім,
Ойдан өрнек теремін.
Тағдыр жазған сыйыңды
Не берсең де көремін.
Даналықтың өлшемін,
Тауға қарап өлшедім.
Ана-алыптың өлшемін,
Сырға балап көрші, елім.*

Иә, ақын жүрегінің әуені, ырғақты лүпілі жаныңды тербеп, көңілді көтере түседі. Туған жердің қадірін, қасиетін қастерлеп: *«Қос алыбым, тереңім»*, – деп тебіренетолғайды. *«Сырдария – қарт анам, даналықтың өлшемін тауға қарап өлшедім»*, – деуі де, жан сырының терендігін сездірсе керек. Ұлытаудай қарт бабасы оның басылмайтын сағынышы, сарқылмас жырларының өзегі болып саналады.

Табиғатты жырлау барша ақынға тән. Бұл жолда да Ибраһим табысты. Ақынның азаматтық үнін дала самалы желпіп, алысқа жеткізеді. Көмкерілген гүлмен, сылдырлай аққан мөлдір бұлақпен сырласу, табиғат жанын, әсіресе, көрікті көктемді ұғу қандай? Ал оны Ибраһим ақын қалай өрбіткен деңізші?

*Көктем мынау қандай әсем, тамаша,
Ағаш-талдар өскен көкпен таласа.
Сұлу дала, ауыл-аймақ гүлденіп,
Құлпырып тұр, көз тоймайды қараса.
Күніне мың кең дүниемен сырласам,
Көктем-қызға кеудемдегі сырды ашам.
Арманым жоқ мына жарық дүниеде,
Сұлулықтан, мөлдірліктен нәр алсам!*

Шынында да сұлулық пен мөлдірліктен нәр алған, сұлулық пен мөлдірліктен қуат алған жанда қандай арман болмақ? Бақыттың өзі мөлдірліктен, тазалықтан, күннің нұрынан, ақынның жырынан жаралғандай. Әсемдікті бағалай білудің өзі – бір бақыт деуге болғандай-ақ. Ол оның «Нөсер» деген өлеңінен де аңғарылады.

*Аспан көгін бұлт торлап,
Жөнелді гүр-гүр сатырлай.
Найзағай шықты жарқылдап,
Найза ұстаған батырдай.
Жайқалып ағаш-талдары,
Құшағын ашып жер батыр,
Бейне көктің фонтаны,
Құйды нөсер – ақ жаңбыр.*

Жыраулық сүлейлердің бастауы атанған Сырда туып, жырдың қайнарынан қанып ішкен ақын Ибраһим Бекмаханов өнерді – өлшеулі өмірінің өлшемі санаған және оны тіршілігіне нәр берген бақытына балаған. Оған оның «Күй – құдірет» деген жыры айқын дәлел. Бұл өлеңнің басталуы да бөлек.

*Сылдырап аққан бұлақ па,
Сыбдырлап жатқан құрақ па?*

Сазына балқып, беу, дүние,

Күй үні келер құлаққа, – деп табиғаттың тылсымына
кұлақ түре келіп, одан әрі ол:

Ғашықтың әлде дерті ме?

Арудың әлде көркі ме?

Қобыздың үні сарнайды,

Бағынып жүрек еркіне.

Ғасырдан жетіп ғасырға,

Айналған қымбат асылға.

Қорқыттың күйін жалғады ол,

Бүгінгі қыз бен жас ұлға, – деген жолдармен қазақы күйдің, қобыздың ызылы мен даланың самал желінің үндесуі, сонау өткен ғасырлардың үні бүгінге жетіп, өскелең ұл мен қызғалдақ қыздарға жалғасып, елдің есінде мәңгілікке сақталар асыл мұрасы болып қалатынына үлкен сенім артады. Әрине, ақынның ол сенімі, ұлттың рухани жаңғыруымен қайта әуелеп, жаңаша леппен алға ұмтылған жастардың жүрегіне қонғаны қуанышына ұласқандай күйге бөлейді.

Ақын атаулының және бір соқпай кетпейтін тақырыбы – махаббат десек, онша қателесе қоймасымыз анық. Ақын сұлулыққа сүйсініп, ғажайып бір сезімді бастан кешкендей. Оны «Бейтаныс аруға» арнаған жырынан көреміз.

Қандай ашық, қандай нұрлы дидарың!

Кездестім де мен еріксіз қиналдым.

Айтшы, ару қыз, бар ма әлде сүйгенің,

Жүрек гүлін кімге ғана сыйладың?! – деуі де –

жарасты. Тіпті, «жүрегіңнің лүпілін кімге сездірді екен, кімнің бақыт гүлісің?» дегенді ойға түйіп, оны келесі шумақта

*Сені көрсем, көргендеймін гүл қырдан,
Бүрін ашып, нұрын шашып құлпырған.
Бір мен емес, талайларды тамсантқан,*

Арманыңдай асқақ сенің бұл тұлғаң! – деуі ақынның сұлулыққа, әдемілікке, тазалық пен тұнықтыққа құштар көңілінің лүпілін дөп басып тұрғандай.

Ақын жырларын оқыған жан оның өмірге құштарлығына сүйсінері сөзсіз. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Ол рас. Өмірдің осы бір бұлжымас, бұзылмас қағидасын біле тұра, ұғына тұра, ақын өмірге ғашық. Өмір сүруге құштар. Өмірді бағалай білуге ұмтылады және бағалайды да. Қымбат өмірдің құнын білуге шақырады.

*Өмір бір-ақ келеді, өмір бір-ақ,
Тірлік қуған жандарда көп қой сұрақ.
Бір бел асып, тағы бір биіктерге
Бірде самғап шығамыз, бірде құлап.*

*Бәрі қымбат, тұрмыстың күйбеңі де,
Бір жылтырақ үстіңе кигенің де.
Бірақ соның бәрібір жетпейді зой,
Сыйластықпен басыңды игеніңе.*

*Өмір қымбат – тайталас, егесімен,
Қиын сәтте жүйрігін демесін ел.
Жұлдызды жыр әлемге сапар шектім,
Жақсылықтың ақ желкен кемесімен.*

Ақынның арманы да, жан сыры да – өмірдің тайталас егесімен ертеңге, жұлдызды жыр әлемінде әдемі әуеннің ырғағын, өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдыру. «Арманға жету үшін төгілген тер, жазылған жырмен жалғасып, кейінгі ұрпақтың кәдесіне жараса тіршіліктегі арқалаған жүгімді жетер жеріне жеткізгенім» дегенді ойға еріксіз түйдіргендей. Шыны керек, кім мәңгілік

жасайды? Бұрынғылар «Жақсының аты, ақынның хаты өлмейді» дегенді бекер айтпаса керек. Олай болса, ақын Ибраһим Бекмаханов жалынды жырларымен жылдардан жылдарға жалғаса берері сөзсіз. Оның қаламынан туған жырлары – енді қазақтың өзімен бірге жасай бермек. Дүниеден өзі өтсе де, оның артында өлмейтін мұрасы – жырлары қалды. Ақын жыры – халықтың мұрасы десек, жыр сүйер қазақ барында ақын Ибраһим Бекмаханов есімі де елдің есінде деп батыл айта аламыз.



ТЕГІН ЖЕРГЕ ТЕРЕК ӨСПЕЙДІ

Көбейсін ЕҢСЕБАЕВ,

*Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты.*

Мейлінше сыпайы, мәдениетті, қай ортада болса да өзін сол ортаға таныта алатын адамдар болады. Олар үлкенмен де, кішімен де, баламен де, данамен де тез тіл табысып кетеді. Тіл табысып қана қоймайды, қай тақырыпта болсын өзі әңгімелесіп отырған адамға түсінікті тілде сөйлеп, оны әп-сәтте өзіне баурап алады. Мен адами өмірде ініміз, қызметте әріптесіміз, шығармашылық еңбекте туысқанымыз болған Журналист, Ақын, Азамат Ибраһим Бекмаханұлы туралы осындай ізгі пікірдемін.

...Заулап бара жатқан қайран ғұмыр. Бірақ екеуміздің алғаш танысқанымыз ешқашан есімнен кетпейді.

– Ассалаумағалейкум! – деп есікті тым еркіндеу ашып, табалдырықтан аттаған, жас шамасы отызды орталап қалған, дөңгелек жүзді, өткір қой көзді, мейлінше мәдениетті киінген, сұңғыла, сымбатты жігітке мен алғашқыда таңырқай қарадым. Таңырқау себебім: оның тосын кабинетке қайсыбір азаматтар сияқты жатырқамай, өзімсіне, еркін кіруі еді. Оның бойында сол сәт еркіндіктен гөрі еркелік басым сияқты көрінді маған.

– Бұйырса, осы газеттің қызметкері болғалы келдік, – деді ол көпшілікке мәлім күлкілі бір әңгімені еске сала, тұспалдай сөйлеп.

Қапелімде не дерсің? *«Жолың болсын онда»,* – дегеннен әріге барғам жоқ. Сөйтсем ол, сол кездегі ресми емес, былайша айтқанда «жазылмаған заң» бойынша редакторға өтінішін өткізіп, оның нұсқауымен редакция алқасының мүшелеріне өзін жеке-жеке таныстырып

жүр екен. Біздің танысуымыз ұзаққа барған жоқ. Менің сұрағымсыз-ақ ол өзі туралы тым қысқа әрі нұсқа айтып шықты:

– Сырда тудым, Қырда өстім дегендей, осы сапарымда Арқалықтан келемін. Торғайдың облыстық газетінде бірер жыл қызмет атқарып едім, енді елге бір табан болса да жақындағым келеді. Жезқазғанның кенді аймағы туралы да қалам тартсам деп едім. Редактор маған тілшілік қызмет ұсынып отыр. Не де болса, тәуекел деп отырмын, – деп бір тоқтады ол.

Сөз саптауынан байқап отырмын, тілшілік қызметті ол өз бойына олқынсынатын сияқты. Мұндайда табан астында не дей қоясың?

– Тілшілік қызметте өзінді жан-жақты көрсетсең, тіршілік болса редакторға дейін саған жол ашық. «Жезқазған туы» талай журналистерге лайықты өмір мектебі болған, – дедім салмақты ой тастап.

«Жезқазған туында» шығармашылық еңбек жолын осылай бастаған Ибраһим оны өте сәтті жалғастырды. Оның қарымды қаламынан салиқалы очерк, салмақты мақала, өрнекті өлең-жыр дариядай сарқырап ақты. Бір ерекшелігі сол, ол қиындығы мен қызығы да жетерлік әдебиеттің журналистика атты майданында қалам-қаруын оңды-солды еркін сілтеді. Газет жанрының барлығын да тамаша меңгергендігін: очерк жазса – сөзінің көркемдігін, мақала жазса – терең ойлылығын, сын жазса – сатира садағының оғын көздеген жеріне қалтқысыз тигізетін мергендігін танытты. Өмірдің сан-саласындағы қай тақырыпқа болса да тайсалмай қалам тартты және оны өзіндік суреткерлікпен өрнектеп жазды. «Балуанға оң мен солы бірдей» дегендей, қай тақырыпты жазса да қиналмай, еркін жазды. Өзіне тән тайсалмас жорғалығын таныта білді. Онымен қаламдас болған он үш жылда мен оның бағзы біреулердей басын қасып, қаламының түбін тістеп қиналып, толғатып отырған сәтін ешқашан көргем жоқ.

Ибраһим қаламы қарымды журналистік қырын

осылай танытса, оның ақындық дарынын оқырман да, оқымысты да мойындағалы көп болды. Журналист – ақындардың көбі күнтізбелік – календарлық өлеңнен аса алмаса, Ибраһим бұл салада да өз қатарынан оқ бойы озық тұр. Оның қарапайым «Шопан қыздан» басталған өлеңдегі қадамы «Сағымсары» және т.б. шоқтығы биік поэмаларға дейінгі поэзияның сындарлы жолынан сүрінбей өтті.

Ибраһим – ақын. Оның өлендерін оқи отырып ұлы Абайға ұқсауға ұмтылатынына риза болдық. Ұлы Ибраһим – Абай:

«Өлең шіркін өсекшіл жұртқа жаяр.

Сырымды тоқтатайын айта бермей», – десе, кіші Ибраһим:

*«Сырымды сыртқа жайған, сыршыл өлең,
Өзіммен қайда жүрсең бірсің, өлең»,* – деп толғайды.

Ал енді «Сырдария – Ұлытау» деген өлеңінде шабытты ақын:

*«Сырдария – Ұлытау,
Бірің – өзен, бірің – тау,
Сен екеуің тұрғанда,*

Жырым – өзен, жырым – тау», – деп самғайды. Осы егіз жолдар жүректің қайнарынан шыққандай төгіліп-ақ тұр емес пе?

Қазақта «Тегін жерге терек өспейді» деген қанатты сөз бар. Ибраһим – текті жердің ұрпағы. Сырда суарылып, Қырда қанаттанған оның жырларында Сырдың небір дүрлері мен Қырдың небір дүлдүлдерінің мақамы жиі кездеседі. Сондай жыр сапарында ол кейде өзін де, ата-анасын да оқырманға жол-жөнекей таныстыра кетеді. Өзінің әкесі туралы бір өлеңінде:

*«Тартушы ең домбыраңды күмбірлетіп,
Тарайтын ауылға әсем бір үн жетіп.
«Мынау ән Тұрымбеттің гөй-гөйі»,
Даусыңды құбылтушы ең күңгірлетіп.*

...Атадан қалған жолды жалғастырдың,

Төрінде Бозарқаштың малдас құрдың.

Жыраудың жұрағаты деген жолмен,

Жалынан ұстап келем алмас жырдың», – деп тебіренеді. Осындағы «жыраудың жұрағаты» дегенде өзінің атақты Сыр сүлейлерінің бірі Тұрымбет жыраудың немересі екендігін айтып отыр.

Ибраһимнің өзгелерден тағы бір ерекшелігі, кітап шығаруда да ол өзінің тектілігін танытты. Алдымен Тұрымбет жырау атасының тарыдай шашылған жырларын тірнектеп жинап, оны «Талайды таңырқатқан жырау едім» деген атпен жинақ етіп шығарды. Әруақ алдындағы өзінің перзенттік парызын өтегеннен кейін барып, өз өлеңдерінің жинағын шығарумен алаңсыз айналысты. Содан бергі уақытта ол көптеген кітаптардың авторы атанды.

Ақын және уақыт десек, Ибраһим – уақыт ағысынан да қалыс қалмаған ақын. Ол бірде:

«Тәуелсіздік – Тәңірім, ием менің,

Тәуелсіздік – тәу етер кием менің,

Тәуелсіздік дегенің – тәтті ұғым зой.

«Бақытымды мен содан иемдендім!» – деп жырласа, бірде:

«Жорғасы бар, жортағы бар,

Өлең – бәйге, аламан.

Мен де соның ортасында,

Қарақшыма қадалам», – деп өзін-өзі қайрап қояды.

Журналистің бір сыналатын тұсы – оның очерк жазудағы қаламының қарымы. Ибраһимның бұл саладағы үлкен табысы – аяулы азамат, жазушының өз тілімен айтқанда, «Сыр мен Қырдың перзенті» атанған елағасы Бозтай Аяпбергенов сияқты абзал да ардагер аға туралы очеркі. Ибраһим аталмыш шығармасын алдымен газеттік нұсқада оқырмандарға ұсынды да, қайсыбір қаламгерлер сияқты «жаздым, болды» деп оны тастай салмай, өзінің сүйікті кейіпкерін «Сыр мен Қырдың перзенті» атты үлкен ғұмырнамалық хикаятқа

дейін көтерді. Осы очеркті оқи отырып, кезінде «Жас гвардия» атты очерктен бастап, оны осы аттас романға айналдырған А.Фадеевті еске түсіреміз. Журналистика ғылымының көшбасшысы Темірбек Қожекеев ағамыздың: «*Журналист өзі жазған тақырыбын аяғына дейін жеткізіп, нүктесін қою керек*», – деген талабының айна-қатесіз жүзеге асқанына және оны жүзеге асырған өзге емес, өзіміздің қаламдас ініміз Ибраһим болғанына қуанған едік кезінде.

«Ақшағыл құм, қалды артта, ақ сағым күн,

Қызығына не жетер жас шағымның?!

Елу деген – бесінге қарай ауган,

Шаңқай түсі екен зой аспанымның», – деп жазған еді Ибраһим ақын ердің жасы елуге толатын шағында. Шаңқай түсі кейін талтүске ұласқанын да көзіміз көрді, куә болдық. Жетпісіне жеткенін жұртымен бірге тойламақ ниетін де жасырмайтын. Бірақ тағдыр бұған жеткізбеді. Амал нешік...



АТАСЫ ДОСТЫҢ БАЛАСЫ ДОС

Бидас ҮРІСТЕМБЕКОВ,

жырау,

Қармақшы ауданының құрметті азаматы

«Әмманың ажал тағдыр мұрасындай,

Жалғанның жаңсағы жоқ расындай.

Жүргінші қонып, түсіп өтетұғын,

Бұл дүние бір жақсының салған қорасындай - демекші, Өмір – өзен өте шығатын жалған дүние ғой. Кеше жүрген Ибраһим бүгін жоқ. Екеуміз тай – құлындай тебісіп, бірге өстік. Мектеп қабырғасында жүргенде таныстық. Сол алтыншы сыныпта оқитын кезіміз. Ибраһим біздің ауылға жиі келіп тұратын, себебі, нағашылары Әлімбай Әлиасқаров елге беделді ағаларымыздың бірі еді. Ол біздің Ақжар ауылында тұратын. Сол кісінің үйіне келіп жүргенде таныстық та, содан жақсы араласып кеттік. нағашыларына қыдырып келеді, сосын бірге ойнап рахатқа бататынбыз. Бірде мынандай оқиға болды. Оны нағашысы қойдың кезегіне жұмсапты. Мен ауылдың бір шетіндегі көшенің малын бағуға шыққан едім. Екеуміз өрісте де табыстық. Менің қасымда анам бар еді, ол кісі Ибраһимді бұрын көре қоймаған екен. Ибраһим бізді көріп, жанымызға келді де анама сәлем берді. Бұрын көрмегесін, түрін танымаған анам одан «Кімнің баласысың?» деп сұрады. Сондағы Ыбекеңнің берген жауабы мені таң қалдырмай қоймады. Ол атасы Тұрымбет жырауды, одан әкесі Бекмаханды тәптіштеп тұрып айтып берді. Мүмкін біз болсақ, әкеміздің атын айтып қана қоя салар ма едік. Ал, Ибраһим... Ол меніңше, анамның өзін танымай тұрғанын түсінді де, жай ғана «Бекмаханның баласымын» десе, «Қай Бекмахан?» деп анамның қайта

сұрайтынын білгендіктен бірден бәрін өзі айтып берді деп ойлаймын. Ибраһимнің жауабын естіген анамнан дегбір қашты. Қолындағы барын салып, дастархан жайып, шай қойып әбігерге түсті де қалды. Айналып, толғанып, арасында «Атасы достың баласы дос» деген бар, сендердің аталарың сыйлас жандар болған, енді сендер де бірінмен бірін досжар болындар» деген ақыл-кеңесін де айтып жатыр. Содан бастап біздің арамыздағы адами достығымыз, шығармашылық байланысымыз еш үзілген емес.

Анамыз аталарымыздың, әкелеріміздің жолын біздің жалғанғанымызды шын жүрегімен қалағаны байқалып тұрды. Бұлай болатын жөні де бар еді. Өйткені..

Менің үлкен атам Жиенбай жыраумен Тұрымбет жыраудың қазаны бір болған. Екі әулет бір отбасының адамдарындай араласып, сыйласып өткен өмірден. Сол сыйластық кейін де жалғасын тапқан ғой. Менің әкем Рүстембек жырау Бекмахан ағамызды туған бауырындай көретін еді. Сыйластықтары зор болды. Кейін әкеміздің көзі кеткесін де Бекмахан ағамыз үйге жиі келіп тұратын. Бір апталап жатып әңгімесін айтып, аунап-қунап кететін. Ол кісі келгенде біздер әкеміз келгендей мәз болатынбыз. Сол із жалғасын тапты. Бекмахан ағамыздың үлкен баласы Жеңіс ағамызбен менің ағам Көшеней Рүстембеков дос болып, екеуі бірін – бірі көрмесе отыра алмайтындай жақсы сыйласты. Сол секілді мен де Ибраһиммен сыйластығымыз жоғары деңгейде болды.

Мен біздің өзара шығармашылық байланысымыз туралы тектен тек сөз қозғағаным жоқ. Ибраһим Қармақшыға жолы түссе маған хабарласпай кетпейтін.

Қармақшыға келсе хабарласып, маған соқпай кетпейтін еді. Құрдас деп, талай арнау, өлең шығарып беріп кететін еді.

1983 жылы қазақ совет әдебиетінің Қызылорда облысындағы күндері аясында Қармақшы топырағында елді елең еткізген елеулі оқиғалар болды. Ықылым

заманнан жеткен ұлы өнер иесі Қорқыт бабамыздың мәңгілік тыныс тапқан жерінде оның құрметіне қобыз іспетті етіп жасалған ескерткіші бой көтерді. Қазіргі Тұрмағанбет, сол кездегі Ленин атындағы кеңшарда даңқты шайыр, әлемдік жауһар «Шаһнаманы» қазақша сөйлетіп кеткен ғажайып дарын Тұрмағанбет Ізтілеуұлының 100 жылдық мерейтойы тойланып, ол кісіге де арналған ескерткіш ашылды. Алматыдан қазақтың «мен» деген азаматтары келді. Олардың арасында Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев және т.б. болды. Мәртебелі қонақтарды қазақтың ежелгі салтымен арнау -жырмен қарсы алдық. Орындаушы мен болдым. Ал, жырдың мәтіні Ибраһимдікі болатын.

Сол жылдары Ибраһим Торғай елінде, Арқалықтағы облыстық газетте қызмет атқаратын. Қармақшыға елдегі дүбірді естіп келген ғой. «Ал, қонақтарды арнаумен қарсы алу керек» деген кезде мен Ибраһимді тауып ала қойдым. Ол көп күттірмеді. Сондағы жыр мәтіні төмендегідей.

«Ордасы өлең-жырдың, өнегенің,
 Мен де бір Қармақшының өрені едім.
 Қаумалап келген мынау көпшілікке,
 Сәлемін жеткізейін өнерлі елдің!
 Бүгін той ауданымда болып жатыр,
 Тасытып қуаныштың кемерлерін!
 Сыр бойы құшақ жайып қарсы алуда,
 Елімнің сөз зергері шеберлерін.
 Әбділда, Жұбан , Қалтай ағаларым,
 Теңіздей буырқанған терендерім!
 Жазушы, ақындарға шын жүректен,
 Алғысым әрқашанда терең менің!
 Тойларың құтты болсын бәріңіздің,
 Гауһардай жарқыратқан өнер кенін!
 Мен бүгін қуаныштан тасып тұрмын,
 Еліме бітпеген-ау өнер тегін.
 Сымбатты сұлу Сырдың сүлейлері,

Көркейтіп кетті жырмен өз өлкесін.
 Дүниеден өздері өтіп кетсе-дағы,
 Олардың мәңгі бақи сөзі өлмесін!
 Жүз жылдық тойы келіп Түрекеннің,
 Шалқыдық екі тойды көз көргесін!
 Танытты назым жыры тамсандырып,
 Халықтың құрметінің өзгермесін.
 Алтынды бағалайды қашанда елі,
 Ұғатын мағыналы сөз пердесін.
 Рахмет, қасиетті Қармақшыға,
 Қастерлеп, құрметтеген өз перзентін!
 «Сыр елі - Жыр елі» деп атанғандай,
 Тасиды жүректегі нұрлы өзенім!
 Өмірге, өнерге де ғашық жанның,
 Жүзінен ерекше бір сыр сеземін.
 Бүгінгі тойға шашу алып келген,
 Өнерпаздар күтумен тұр кезегін.
 Сіздерге көрсететін өнері көп,

Берейін соларға ән мен жыр кезегін!» деп, Сырдың мақамымен төгілдіріп жібергенде, «сөзі қандай, мақамы қандай!» деген сүйінішпен айтылып жатқан лебіздерді құлағым шалып, марқайып қалғаным есімнен кетпейді. Ибраһим сөзге аса қатты мән беретін. Сондықтан да, оның арнауы жүректен шығып, жүректерге жетті.

Ибраһим туралды көп айтуға болады. Ол нағыз азамат еді. Кіммен қалай сыйласуды білетін. Үлкенге иіліп, кішіге сызылып сөйлейтін. Сол арқылы өзінің бектігін танытатын. Қайткенмен тектінің ұрпағы ғой, сол тектілігі ұрпағына жалғассын деймін. Жатқан жері жәйлі, иманы жолдас болсын. Ұрпақтары аман болып, Алла отбасына береке, бірлік берсін!

ТІЛДІҢ МӘЙЕГІН БІЛЕТІН

Әлиакпар ЕСЕНЕЕВ,
*Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген жаттықтырушысы,
Жезқазған қаласының «Құрметті Азаматы».*

Ол маған дос әрі іні болды. 1988 жылы таныстық. Содан өмірден өткенше байланысымыз үзілген жоқ. Ол газет қызметкері болса, мен – спорт саласының маманымын. Біздің буын газет оқып өсті ғой. Содан ба екен, газетке жақын болдым. Редакцияның жігіттерінің бәрін дерлік танытынымын, көбісімен жақын араластым да. Соның ішінде, Ібекеңнің жөні бөлек еді. Маған оның сөз саптасы ұнайтын. Қазақтың байырғы сөздерін көп білетіндігі жазған дүниелерінен байқалып тұратын. Кейбір сөздерінің мағынасын шамаласам да, нақты біле қоймайтын сәттер де ұшыраспай қалмайтын. Сол сөздерді блокнотқа жазып қойып, кейін кездескенде өзінен сұрап алатынымын.

Әртүрлі спорттық жарыстарға қатысамыз. Мұндайда бізді: *«Жеңіспен оралыңыздар!»* – деп шығарып салатын топтың ортасында Ибраһим де жүретін еді. Сосын келген бойда үйге немесе жұмысқа телефон соғып: *«Ал, қандай салым салып қайттыңыздар?»* – дейтін. Басқа журналистер болса қасаң, қалыптасқан тілмен: *«Жеңіске жете алдыңыздар ма? Қанша медаль әкелдіңіздер? Қаншасы алтын, қаншасы күміс?»* – деген ыңғайда сұрақтар қоятын болса, Ибраһимнің сауал қойысының өзі ерекше болатын. «Салым салу» деген олжалы болу, жеңіске жету деген мағынаны білдіреді ғой. Құлаққа да жағымды естіледі. Сосын газетке жарқ еткізіп хабар бере қояды. Жеделдігі, ұшқырлығы бар еді.

Жетпіс жылдық мерейтойымда мен туралы «Қарсақпайлық қайсар ұл» атты автобиография-

лық кітап жазып шықты. Бұл кітап – мен үшін аса бағалы. Өйткені мұнда менің өміржолым суреттелген. Тілі кестелі, шұрайлы кітап менің шаңырағымдағы өте қымбат бұйым болып саналады. Балаларыма, немерелеріме: «Осы кітапты оқыңдар! Әкелеріңнің өмірін біліңдер! Ең бастысы, қазақ тілінің мәйегін түсініңдер!» – деп отырамын. Себебі Ибраһимнің жазу мәнері өзгеше. Оның жазған дүниелерін оқи отырып, қазақтың тілінің қаншалықты сан қатпарлы екенін көруге болады.

Ибраһимнің 70-ке жетпей кеткені жүрегімізді ауыртты, көңілімізді қамықтырды. Бірақ соңында қаншама керемет мұра қалды. Сондықтан да оны кейде өмірден өтті дегеніміз де артықтау секілді. Ол өлеңдері, мақала, очерктері арқылы халқымен бірге жасай беретіні анық қой. Жатқан жері жарық болсын!



ҚАРА СӨЗДІҢ ҚОЛМЕРГЕНІ

Жағыппар ҚАРАБАЛА,
*«Қазақстан» РТРК» АҚ» Қызылорда
облыстық филиалының директоры,
«Құрмет» орденінің иегері.*

Ел арасына жиі барып, жер-жерде жиі болып жүретін Сабыр Сауытбаев бір сапарынан: *«Ибраһим Бекмаханов деген ақын көрдім. Ой, керемет!»* – деп қуанып оралды. Не болса соған ауыз ашып, көз жұма қоймайтын маңғаз ағаның мына лебізін естігенде едәуір елеңдеп қалғанмын. «Апырмай, көретін екен» деген ниет көңілге мықтап орнықты. Кісі танитын көздерден Ибекең жайлы сұрап едім, бәрі де мақтай жөнелді. Сөз таниды-ау деген кісілерден өлеңдері жайлы сұрап едім, бәрі де таңдайларын қағысты. Ақырында сондай азаматтардың біреуіне: *«Қолжазбаларымен танысып көруге болар ма екен?»* – деп қолқа салдым. Қағаз қатырмаға салынған парақтарды жүрексіне ақтардым. Оқи келе, ақық толы құпия сандықтың аузын аңдаусыз ашып қалғандай, өз көзіме өзім сенбей, қатты таңырқадым. Себебі бұл – шедевр еді. Осылайша, оқырманына ой салатын ақынмен жүзбе-жүз танысу арманға айналды.

Соза берсең, сөздің ауаны алыс, сағынышы ауыр... Кешегі кеңес дәуірінің «қызығы мен шыжығын» отыздың ортасына жеткенше біз де көргенбіз. 1988 жылы сол баяғы Сабыр Сауытбаев кабинетке кердендей кіріп: *«Жағыппар, ертең Жезқазғанға Ибраһим келеді. Торғай облысы тарқауына байланысты, ағаң Арқаға келе жатыр. Күтіп алып, орналастыру жұмысын саған тапсырамын»,* – деді. Көптен күткен кездесуімнің алғышарты аяқ астынан боларын білмеп едім. Содан, аңысын аңдып, ақырын басып, айналаға алақтай қарап, аэропортқа барып, қарадай қуыстанып ағеділ ақынды

күтіп алдым. Алыс-алыс таулардың арасынан бұлт кешіп бізге жеткен қаламгердің болмысы биязы екен. Мен сол жолы аузын ашса, ардың үні болып ақ сөйлейтін ағаны көрдім. Өзгенің үнін қайталамайтын, басқаның ұстанымын ұстанбайтын өршіл рухты көрдім. Ақ сөйлейтін, нақ сөйлейтін, шағып айтып, шақ сөйлейтін шайырды көрдім. Өз таразысынан өлшеп, кесімін өзі шығаратын кесек тұлғамен осылай таныстық.

«Жезқазған туы» газеті. Біздің басымызды біріктіріп, жоралы жолда жолдас еткен осы басылым. Ибекең біздің қосынға қатардағы тілші болып келді. Облыстық газетке келгеннен-ақ өзінің мінезімен, болмыс-бітімімен, ұлттық дәстүрді терең ұғына, сезіне білетін қасиетімен ерекшеленіп тұрды. Ол нағыз қазақтың қайнаған ортасынан шығып, құтты ордасынан қуат алды. Сондықтан да оның қаламынан құйылған туындылары талайды тәнті етті. Алғашқы мақалалары да оқырманның көкейіне бірден қона кетті. Асып-тасып айтқанымыз емес, қалам иесінің өз дауысы, өз болмысы, өз бояуы шынында да шырайлы еді... Қаңтардағы қыранның тау мен тасты жаңғыртып бір-ақ рет саңқ еткен дауысына жетер күдірет бар ма? Ибраһим Бекмаханұлы шығармасының тылсымы да сондай болатын.

«Сыр сүлейі Тұрымбет Салқынбаевтың немересі» деген атқа кір келтірмесем», – дейтін үнемі. Жадында жаңғырған осы ой өмірлік бағдарына айналды. Қаламды жанына серік етіп, бірнеше жанрдың жүгін бір өзі көтергені бәрімізге белгілі. Журналистикада жұртының жоқшысы болса, парасатты поэзиядағы шырақты шығармалары бір төбе. Ал, көркем-публицистикалық жұп-жұмыр еңбектері кәсіби білігін айғақтайды. Тірлігінде айналасына шуақ сыйлап өткен жан сатираның да сардарына айналғаны әмбеге аян. Бір сөзбен айтқанда, жүрек қылын шертіп, көңілімен елтіп түрлі жанрада түрен салды Ибекең.

Ибраһим Бекмаханов – өндіріп жазатын, оқырманын сендіріп жазатын қаламгер. Ол келдек қаламын қолына

алса болды, будақ-будақ тіркестер бұйығып, көктен құйылып, нәті нәрлі, шырайы шырлы шумақтар төгіле-тұғын. Ересектерден естіген әңгімелерін ерекше жеткізетін-ді. Әр мақаласында, очерктерінде отаншылдықтың оттай ыстық махаббаты лаулап, әр сөйлемінде әлеуметшіл жүректің дүрсілі аттай тулайды. Қайым тарих пен қаяулы замананың қалың жықпылдарын боямасыз жеткізді.

Жақсы қаламгер болу үшін ең бірінші керегі – байқампаздық. Сезімтал болмасаңыз, қолға қалам ұстаудың реті жоқ. Байқампаздық пен сезімталдық түйсіктің шапшандығы. Міне, Қармақшының қағылез ұлы әдебиет әлемінде осы ұстанымды қуаттады. Ол әлем әдебиетін сарқа оқыса да салт-санадан, ұлттық танымнан ара үзіп кеткен емес. Тек Мұқаң айтқандай, сөз өнерін шұрайлы тілмен өрнектеп, қазыналы халқына қайта ұсынды. Ибраһим әсіресе, өлке тарихын зерттеуде де көп еңбек етті. Сырда туып, Арқада еңбек етсе де, өскен ортасын, өнген ордасын бір сәт ұмытпады. Оның туған жерге деген перзенттік ықыласынан туған ақжарма жырлары ақын шабытының байрағы іспеттес. Қасиетті өлкенің сырын бүккен кереметтерін көпшілікке бірінші болып жеткізуге асықты. Содан болар, сөз ұстаған азаматтың жанынан жас та, жасамыс та табылуға тырысты.

Ақ ниетті адамның жолы ашық. Ибраһим ағамыз өмірлік жолында жақсы адамдарға жолықты. Жақсы адамдардың жанашырлығын сезінді. Оның өмірлік жары Мәкеш апайымыз осы сөзіміздің көрсеткішіндей көрінеді. Жеңгеміз кісілік кескініне кір жұқтырмаған, пендешілігінен пейілінің кеңдігі басым жан. Оның бетегеден биік, жусаннан аласа болмысы талайға үлгі. Біз тұлғалық тұрқымызда да, адамдық ғұрпымызда да Ибраһим ағаның отбасымен жақсы араластық. «Ағаның үйі - ақ жайлау» деп, аптасына бір мәрте сол жерде жақын-жұрағатпен бас қосатынбыз. Ал, қайтатын уақытымызда ауылдың дәмін, жеңгейдің отқа піскен

нанын ала қайтатынбыз. Және бұл үрдісті жақсы жандардың жомарттығы деп білетінбіз. Осындайда «Аға деген үш әріптен сезіндім, Дала деген төрт әріптің кендігін» дейтін тәсірлі тәмсіл санамызды кернейтін.

Бұл отбасыда ата алдында аласа, ар алдында биік ұрпақ өсті. Себебі, мұнда тәулік бойына тәрбие көзі тамырмен сырғып отырды. Тағылымның алтын тіні – Ибраһим аға мен Мәкеш жеңгей болды. Әсілі, отбасының барлық балалары сүйікті мамандықтарын игеріп, ел игілігі үшін қызмет атқаруда. Бұл да болса, Ибекеннің игілігі деп тұжырымдаймыз.

Қарапайым қасиетінен бір танбаған Ибраһим Бекмаханұлы қай салада, қандай қызметте жүрсе де өзінің көпшілдігімен, меймандос мінезімен дараланып тұрды. Еңбекке деген елжандылығынан денсаулығына да ден қоймады. Ақырында 2021 жылы 19 ақпанда оның жүрегі соңғы рет соқты. Сүйегіміз сыздады, жүрегіміз мұздады, иегіміз кемсеңдеді... Әлемді әбігерге салған пандемияның, карантиндік шектеулердің себебімен дер уағында бара алмадық. Аза бойымыз қаза болып қала берді. «Сабақты ине сәтімен» дейді біздің қазақ. Ибекеннің қырық күндік асында Мәкеш жеңгіміз туған топырағына келіп, құдажолы берді. Ағайын-туыс, дос-бауырдың басы қосылып, ел-жұрты Ибраһим ағаны еске алды. Басы-қасында болып, біз де батқан күнге бата оқып, батихасын жасадық. Жан дүниесінің қалауын жан баласына сездірмей, ұраншылдықтың ұрасына ұрынбай, көзсіздіктің қазығына бұрылмай, жалаң қылыштың жүзімен жалаң аяқ жүгірген жақсы ағаның, ебін тауып елге қызмет еткен еңбекқор қаламгердің бейнесін жүрегімізде жаңғырттық.

«КӨЗ АЛДЫМДА ӨЛЕҢ ОҚЫП ТҰРФАНЫҢ»

Мұса ТІЛЕУОВ,

*Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

Менің Ибраһим Бекмаханұлымен танысуым қызық болды. Бұл 1980-жылдардың аяқ кезі болатын. Кеншілер қаласындағы шағын моншаға аптасына бір мәрте бару – «жазылмаған заң». Қазіргідей емес, ол кезде ақын, жазушыларды көбінесе газет-журналдарға шыққан шығармаларынан, суреттерінен ғана танимыз. Жезқазған қаласында тұрғанмен, «Жезқазған туы» газетінің қызметкері Шахмұрат Ибадатов інім үнемі біздің қаладағы моншаға келетін. Бірде оның қасынан бұрын көрмеген дембелше келген, бүйрек бет, күлімдеген қызыл шырайлы әдемі жігітті жолықтырдым. Сәлемі қандай сыпайы! Жүзінен нұр тамып, қимылынан ізгіліктің иісі аңқып тұр. Қараған сайын қашанғы танысымдай жылы ұшырап барады. Мен оны ақын Ғалым Жайлыбай екен деп қалдым. Өйткені бір рет оның газетке суретімен шыққан өлеңдерін оқығаным бар еді. Ал өзімен бетпе-бет кездесе қоймаған едім.

– Әй, дәу де болса сен осы Ғалым ақын боларсың? – дедім қолымды созып жатып. Менің сөзімді Шахмұрат інім бөліп жіберді.

– Жоқ, Мұса аға, бұл – Ибраһим Бекмаханов деген журналист, қаламгер інізіз. «Жезқазған туына» жақында ғана келді. Бірақ атынан жаңылсаңыз да, дарынын дәл таптыңыз, бұл да – ақын, – деп таныстырды ол. Әрине, сәл ыңғайсызданып қалдым, десе де сонымды байқатпай:

– Е, бекер қуанбаған екенмін ғой. «Досты періште табыстырады» дегендей, Шахмұрат, сен маған тағы бір

шарапатты іс сыйладың. Ақынды қате баспай қабағынан танып тұр екенмін ғой. Достық құшағымыз ашық, – деп, қайтадан таныстық. Міне, сол күннен бастап аға-іні, дос-бауыр болып сыйласып кеттік. Кейін «Жезқазған туы» газетінің редакциясында жолығып ол маған бір бума өлеңдерін көрсетіп, мен де өз апарғандарымды оқып бір мәре-сәре боп қалғанбыз. Енді мына ғажапты қараңыз, 2000 жылы менің «Думаным ұласып ғасырға» атты жыр кітабым жарық көргенде оның алғысөзін Ғалым Жайлыбай жазды, редакторы Ибраһим болды.

Ибраһимнің алғашқы жыр кітабы «Шапағат» деп аталды. Жезқазғанда кітаптың тұсаукесер салтанаты өтті. Сол шығармашылық кеште:

*Талай думан көреміз, досым әлі,
Бақыт деген, бақ деген осы-дағы.
Баптап жүрген үкілеп тарлан бозың,
Құтты болсын дүбірге қосылғаны.*

*Шын жүйрікті шыңдайды уақыт өзі,
Шын ақынның өлмейді жақұт сөзі.
Бұлбұл еді демей-ақ, дүлдүл еді,*

Шын иесін табады бақыт өзі, – деп қуанышым мен тілегімді қатар жеткіздім. Тамырында Сыр бойының әйгілі сүлейі, атақты Тұрымбет жыраудың қаны бар талантты ақын Ибраһимнің қаламынан талай-талай жыр жинақтары жарыққа шығып, өз оқырмандарын тапқанына куә болдық. Жырлары оны халықтың, замандастарының құрметі мен сүйіспеншілігіне бөледі. Өттең, өмір өлшеулі, ғұмыр шіркін қысқа екен ғой.

«Мен жанмын – жаратылған

Сағыныш аралынан.

Кеудемнің қанатынан,

Қалықтап барады ән», – деп өзі жазғандай, ол біздің арамыздан қас-қағымда алыстап, сағыныш болып қалықтап кете барды.

Талай-талай жыр кештерін бірге өткізіп, сахнадан жыр төккен шабытты ақын, қаламдас дос, жанашыр

жолдас еді. Сенер-сенбесімізді де білмей қалдық. Соңғы рет 2018 жылы Алматыда, Қазақстан Жазушыларының 15-съезінде жолығып едік.

Ибраһимнің өмірден озғанын естігенде көңілдегі өксік ащы өлеңге айналды.

*Жылытушы еді жүректерді жырларың,
Жанарыңнан жарқылдайтын нұрлы ағын,
Саңқ-саңқ етіп сахнаның төрінен,
Көз алдымда өлең оқып тұрғаның.*

*Құйылатын көмекейден өрт өлең,
Ақындардың айықпайтын дерті – өлең.
Суық сөзге сенбей тұрмын мен әлі,
Қайран гұмыр осыншама келте ме ең?*

*Қара үзді ме қара өлеңнің дүлдүлі,
Хабаршының естіледі мұңды үні.
Қимасымды қойнына алды тағы бір,
Қара жердің қашан тояр ындыны?!*

*Жүріп өтті, гажап гұмыр, жарқын жол,
Қарапайым қазағымның ақыны ол.
Өшпес мұраң ел-жұртыңа аманат,
Абзал ақын, аяулы дос, бақұл бол!*

Өзі өмірден өткенімен, қатар жүріп сыйласқан жақсы күндерді қаламдас достар ешқашан ұмытпақ емес. Дарынды ақынның жүрегінен шыққан асыл жырлары халық еншісінде өшпес қазына болып қала береді.



КӨҢІЛІ ҚАНДАЙ – ӨМІРІ СОНДАЙ...

Абдолла ДАСТАНОВ,
*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
 Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

Ибраһим аға Бекмаханұлының туғанына – 70 жыл. Желпініп-ақ сөйлейтіндей кезіміз ғой... Бірақ... Сөз өткен шақпен айтылатын болғасын...

Екеуміз – бір топырақтанбыз. Сыр бойынан. Қармақшыдан. Кеңес заманындағы аудан айнасы – «Коммунизм шамшырағы» деп аталатын жалғыз газет еді. Әріп танығаннан бастап үйге келетін газеттерді оқи бастадық қой, қазіргідей смартфон болмағанның бір жақсылығы да сол шығар... Ыбекеңнің алғашқы өлеңдерін ауылынан, мектебінен жазатын шағын хабарларын сол «Коммунизм шамшырағынан» оқитынмын. Кейінірек ол сол газеттің қызметкеріне айналды. Мұны газеттегі аты-жөніне қоса жазылатын «газеттің арнаулы тілшісі» дейтін нақтыламаға қарап білген едім.

Мына қызықты қараңыз, еліміз, жеріміз бір болса да біздің жолымыз Жезқазғанда, сол тұстағы облыстық «Сарыарқа» газетінің редакциясында тоғысты. Бұл 90-жылдардың бас кезі еді. Мен Көкшетаудан Жезқазғанға келсем, Ыбекең соның алдында бірер жыл бұрын ғана Торғайдан келген екен. Сөйтіп, Сырдың екі перзенті Қырдың төсінде тұрып, танысып, табысқан едік.

Ыбекең еңбекқорлығымен ерекшеленетін. «Күніне пәлен жол беру керек» дейтін талаптың үдесінен шығу оған шекілдеуік шаққанмен бірдей еді. Журналистік міндетінен бөлек, табиғатынан берілген дарынның күш, қуатымен өлеңді де өндірітіп жазып тастайтын. Арасында С.Қожамқұлов атындағы театрға барып келетін. Өйткені

ол сол театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі еді. Ал бұған қарап оның бар өмірі таңертеңнен кешке шейін тек жұмыспен ғана өткен екен-ау десеңіз, тағы да қателесесіз.

Ол Сыр бойының атақты жырауы Салқынбайдың Тұрымбетінің немересі еді. Ата-баба, әруақ алдындағы парызына адалдықтан айнымаған Ыбекең атасының соңында қалған мұрасын жинақтап, 1993 жылы «Талайды таңдандырған жырау едім» деген кітап шығарды. Ал 1994 жылы өзінің тұңғыш жыр жинағы «Шапағат» жарық көрді.

Кенес тарап, Тәуелсіздік аяғынан нық тұра алмай жатқан шақ... Әсіресе, сол жылы Жезқазған жарықтан, жылудан, судан қатты зардап шегіп жатқан болатын. Жыл сайын ақпанның соңы – наурыздың басында Жезқазғанда «Ұлытау үні» фестивалі өтетін дәстүр бар. Жағдайдың қиыншылығына қарамастан сол фестивальға дайындық жүріп жатты. Ыбекең пышақтың жүзіндей кітабын алып келіп, редакцияда мәре-сәре болып отыр едік. Кенет... Батырбек Мырзабеков ағамыз: *«Бұл кітаптың жарық көргені туралы газетке ақпарат берерміз. Бұл дұрыс. Ал сонымен бәрі біттіге санаймыз ба? Жоқ, жігіттер, «Ұлытау үні» аясында кітаптың тұсаукесерін неге өткізбеске?»* – деген ой тастады. Сол жерде: *«Бастама көтерген өзіңіз, ендеше соны ақырына дейін жеткізіңіз»,* – деп, бәріміз жабылып отырып, Бәткене айтылған ұсынысты фестиваль бағдарламасына енгізу туралы тапсырма бердік. Обалы нешік, ол кісі тапсырманы ертесіне-ақ тап-тұйнақтай етіп орындап келді.

Театрда кеш басталды. Жарық жанып тұр. Кеш қалай бітті, жарық та жалп ете қалды. Мен «театрға генератор қойған екен» деп ойлағам. Кеш Ыбекеңнің шаңырағында балауыз шамдардың жарығымен жалғасын тапқан еді. Ертесіне Ыбекең: *«Кеше театрда свет сөніп қала ма екен деп қашан кеш біткенше алаң көңілде отырдым»,* – деп сырын бөлісті. Құдайдың қарасқаны,

эруақтардың қолдағаны шығар. Бұдан кейін де Ыбекен әлденеше жыр жинақтарын шығарды, бірнеше жыр кештерін де өткізді. Бірақ айналаны қараңғылық басып тұрғанда көпшілікке жақсылық сәулесін себелегендей «Шапағаттың» тұсаукесерінің орны бөлек болғаны рас. Сондықтан да еске алып отырмыз.

Оның ақкөйлек адалдығы мен қожанасырлау аңқаулығы өзін өзгеден ерекшелендіріп тұратын. Бірде редакцияда жұмыс тәртібі қаралып жатты. *«Түс қайта қызметкерлердің көбісі жұмысқа кешігіп келеді. Соны түземесе болмайды. Осында менен басқа адам қалмайды кейде»*, – деп бас редактор Сабыр Сауытбаев, тіпті, қара аспанды қапылдырып жібергенде қайда барып тығыларыңды білмей қалады екенсің. Өркім сөйлеп, «мәселенің дұрыстығын» айтып, жағдайды түзеу керектігіне қосылатындығын айтып жатты. Кезек И.Бекмаханұлына да жетті.

– Жұмысқа қай уақытта келсек те, осы редакцияның жұмысын біз ғой атқарып жүрген. Газет шықпай қалғандай таусыла сөйлейтіндеріңіз қалай? – деп бір тоқтаған оған бас редактор:

– Мәселе, жұмысқа уақытылы келу туралы болып жатыр, – деп ескерту жасағандай болды. Бұған «иә» дей қоятын Ыбекен бе?

– Иә, естіп отырмын. Бірақ өз басым түстен кейін тура сағат екіде жұмыста отырамын деп айта алмаймын. Басқалар келеміз деп жатыр ғой, келсе, өздері білер. Ал мен жылытпамды ішпей келмеймін, – деп қойып қалды. Отырғандар ду күлді. Сабыр Сауытбаев:

– Осымен жиналыс жабық, барындар, – деп жиналысты таратып жіберді. Басқалар секілді, «айтылған уақытта келемін» десе, болмас па еді? Ыбекеннің «жылытпасы» туралы жігіттер бас қоса қалғанда әлі күнге шейін еске алады.

Ыбекен менің түсінігімде, «Өзі жақсыға бір кісілік орын қайдан болса да табылатындығын» дәлелдеп кетті. Ол Торғай, Жезқазған, Қарағанды, Алматыдан болсын,

өзіне қаншама дос, жолдас тапты. Өйткені ол жаны – таза, жүрегі – адал азамат еді. Көңілі қандай болса, өмірі де сондай болды.

«Биыл, Құдай қаласа, 70 жылдығымды тойлаймын»,
– дегенді жиі айтатын хабарласа қалғанда. Амал нешік, сол күнге жете алмады. Ақпанда жеткен ажал ағамызды алып кетті... Аға туралы көңілімізді көңілқос арқылы жеткізуге ұмтылдық...

*Бұл ағам да – ірілердің бірі еді,
Сыр мен Қырға ортақ өскен ұл еді.
Жетпісіне енді жете бергенде,
Стамбұлда кілт тоқтады жүрегі.
Талай сынға төтеп берген ер еді,
Сынақтарға сынған жері жоқ еді.
Көз, жүрекке, бүйрекке ота жасатып,
Арпалысқан сәттері де көп еді.
Мұның бәрін... жанып-жанып жігерін,
«Өмір үшін күресу» деп білетін.
Қиналысын айналаға сездірмей,
Уайымсыз жандай болып жүретін.
Жаратқанның жазуына шек бар ма?
Атақтылар кетіп жатқан ақпанда,
«Оңаламын» – деп ойлап еді отадан,
Амал нешік, түсірді ажал қақпанға.
Биікті аңсап өскен ұл зой әуелден.
Бүгінінен бір сәйкестік көрем мен.
Түркияда демі үзіліп, рухы
Туған жерге ұшып жетті әуемен!
Ақын болды жырдан сарай салдырып.
Айналаға жақсы атын қалдырып.
Жақсылардың бірі азайды Жердегі...
Аспан жаққа кетті Ағам мәңгілік!*

СЫРДА ТУЫП, ҚЫРДА ТҮЛЕГЕН

Ерсін МҰСАБЕК,

*Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан»
газетінің бас редакторы.*

2021 жылдың ақпан айы. Шатаспасам, 19-жұлдызы. Алматыдан қазақ жырының ардакүреңі Ғалым Жайлыбай ағам хабарласып, Ибраһим көкемнің қазасын естіртті. Есеңгіреп қалғанбыз. Ағаның аңғал болмысы, ақындық қуаты, азаматтық келбеті көз алдымнан зуылдап өтіп жатты. Дала көңілі, бала мінезі... Ашуланса, көгімізге жай ойнатып, жапырып жіберетін шатақ мінезі де бар еді ғой... Өмірінде де, көңілінде де орны бар, сырбаз сыйластықтың жібек жібі үзілмеген, қадірінді біліп, бағанды асырып отыратын жақсы аға туралы өткен шақпен әңгімелеп, сөйлемдерін «еді» болып аяқталып жатқаннан ауыр дүние жоқ екен. Кешегі сыйластық пен бүгінгі қимастық қанша нәзік болғанымен, жан дүниенді жанартауға айналдырып, жүрегінді паршалап жатса...

Ыбекеммен таныстығым студент шағымда басталған. Шимай-шатпағымызды арқалап, облыстық «Сарыарқа» газетінің табалдырығын имене аттаймыз. Қаламгер ағаларымыз темекісін будақтатып, әңгіме тиегін ағытып тұратын тұрақты мекені «курулкаға» барамыз баса-көктеп. Шеткері тұрған бір ағамыз қолымыздағы «шедеврiмiзге» көз жүгіртіп шығады да: *«Ә, мына тұрған ағаңа жолығарсың... Осындағы поэзия патшалығы – осы кісі»*, – дейді. Босағада әлгі «поэзия патшалығының әміршісін» күтіп, сүт пісірім уақыт тағы тұрасың. Шығады. Аңқылдап. Бейне бір Арқаның мамырдағы самалындай жылы леп маңдайыңды өбеді де, соңына ілесіп береміз. Түпкі кабинетіне жеткенше самбырлап сөйлеп, бұрыннан таныс адамдай

сабағымызды, тамағымызды сұрап, дымы қалмайды. Басқаға қайдам, өзіме қатты ұнады бұл кісі. Сонымен, «поэзия патшалығының сол кездегі әміршісі» белгілі ақын Ибраһим Бекмаханов екенін кабинет есігіндегі жазудан білгенбіз. Газеттің мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

Содан кейін жиі барамыз. Бір барғанымда есіктегі жазу өзгеріп, «Бөлім меңгерушісі Ғазиз Ештанаев» деген тақтаға маңдайымызды соғып алдық. Сөйтсек, Ыбекем басқа бөлімге ауысып кетіпті. Газеттің жетекші бөлімдерінің бірі өнеркәсіп және құрылыс бөлімінің меңгерушісі. «Апыр-ай!» – дедім. «Жаны нәзік, жырға тұнған ақын жүрегі өнеркәсіпті өркендетіп, құрылысты қарыштата ала ма?» деген ой ғой баяғы.

Ғазиз ағаның атына қанық болғанымызбен, алдына барып көрмеген соң, айналып келіп Ыбекеме ат басын тірейміз. Міне, осылай басталған таныстық кейін әріптестікке, аға-інілік сыйластыққа ұласты.

2002 жыл. Қалалық «Дидар» телеарнасында қызметтемін. Ибраһим Бекмаханұлының 50 жасқа толуына орай арнайы хабар әзірлеу маған жүктелді. Ыбекемнің үйі Жезқазғандағы 6-мөлтек ауданның шеткері жағында, Кеңгір су қоймасының жағалауында орналасқан. Күнде операторымды ертіп алып, түсірілімге барамын. Сценарий бойынша ақынның көл жағасында серуендеп жүрген сәттерін түсіріп, жағалауда өлең оқытуымыз керек болатын-ды. Үйінен дорба арқалай шыққан ағам біздің сценарийді ысырып қойып, өз сценарийі бойынша бізге серуен ұйымдастырады. Одан үйге келіп, Мәкеш жеңгемнің даладай дастарқанының төріне бүгін ғана есік ашып келген құдадай жайғасамыз. Не керек, хабар түсірілімі созылып жатыр. Бір күні Базарбай көкемнен «сыбағамды» алып, оңбай таяқ жедім-ау... Мың серуен, бір сергелдеңмен жасалған «Сыр мен Қырды тел емген» хабарым сәтті шықты, бірақ. Кейіпкерімнің аппақ пейілі, ағалық ниеті ол хабардың осал шығуына мүмкіндік бермеген еді.

Кейін қалалық болып қалған қарашаңырақ «Сарыарқа» газетінде жолымыз түйіскен. Ағам – азуын айға білеген жауапты хатшы. Тапсырма береді, талап қояды. Телеарнадан газетке енді ауысып, мақала жазуға төселе қоймаған кезім. 60-70 жолға сыйдыруға болатын шағын ақпаратты көлдей қылып жазамыз. Ыбекем: «*Ой, сәбәкі!*» – дейді де, жонып, күзеп тастайды. Алғашында өкпелеп жүретінмін. Кейін төселдік қой.

Анда-санда той қуалап, серілік құрып кететін кезіміз. Ертесіне «ине жұтқан иттей бұратылып» келеміз ғой жұмысқа. Ақша редакцияда касса мен Ыбекемде ғана болады. Касса меңгерушісі Бақыт Еркебұланова апайдағы «лимитімізді» бітіріп қойғанбыз. Майдалап мақтап, Ыбекеме жақындаймыз. Жалғыз емессің, әрине. Тобымызбен «науқастанып» қалатын әдетіміз бар-ды. Үлкеніміз Аханды (*Ахат Құрмансейітов*) алға саламыз. Жабыла мақтаймыз. Бала мінезді еді ғой, жарықтық. Бір уақытта төс қалтасына қол салып, іліккенін лақтырады. Қайран, Ыбекем-ай... Сүлдері күйге түсіп, сүмірейіп тұрған «батырларын» әп-сәтте жарқыратып жіберуші еді ғой...

Араға жылдар салып, екеуміз «Орталық Қазақстанда» қайта қауыштық. Ибраһим ағаның «Орталыққа» келуінің өзі – бір тарих. 1997 жылы Жезқазған облысы таратылып, Қарағандыға қосылады да, Ыбекем облыстық газеттің Жезқазған өңіріндегі меншікті тілшісі болып бекиді. Көп ұзамай, редактор ауысып, қарашаңырақтың екі тізгін, бір шылбыры марқұм Мағауия Сембай көкемнің қолына өтеді. Мағаш аға «Егеменнен» келген. Редактор болып тағайындалған күні өзінің бұрынғы бастығы, «Егеменнің» сол кездегі бас редакторы, Уәлихан Қалижан Мағауия Сланбекұлына сәттілік тілеп, бұйымтай айтады. Аманат десе де болғандай. *«Егеменнің» бұрынғы Жезқазған облысындағы тілшісі қысқарып қалды ғой. Сол жігітті өз газетіңе Жезқазған бойынша меншікті тілші қылып алсаң...»* – дейді. Кісі көңілін қалдырып көрмеген Мағаш аға бірден Ыбекемді

шақыртып, мәселенің мән-жайын қысқа қайырады да, орынды босатуын өтінеді. «Неге?» деген сұрақты қоймастан, Ыбекем де өтініш жазыпты. Өзінен жасы сәл үлкендеу жігіт ағасының мәрттігіне разы болған Мағаш аға да: «Түбі қайтып аламын. «Орталыққа» ораласың. Рахмет!» – деп, уәдемен шығарып салған. Содан, араға 13 жыл салып, отбасы жағдайымен Қарағанды қаласына қоныс аударған Ибраһим аға салып-ұрып «Орталыққа» келмей ме?! Мағаш аға да 13 жыл бұрынғы мәрттікке мәрттікпен жауап беріп, Ибраһим Бекмаханұлын газеттің экономика бөліміне меңгерушілікке тағайындап жібереді. Екеуінің арасындағы сыйластыққа сүйсініп жүретінбіз. Екеуінде де даладай дархандық, баладай аңғалдық бар еді ғой. Қайран, өмір! Екеуі де естелікке айналды. Екеуі де кетті жетпіске жетпегендердің қатарын толықтырып...

Иә, Ибраһим аға – Сырда туып, Қырда түлеген қыран! Сыр мен Қырды тел емген Телқоңыры еді... Сағынып жүрміз! Аға рухы Алланың шексіз рақымына бөленсін!



ЖҮРГЕН ЖОЛДА ҚАЛҒАН ІЗ

Қарлығаш ЕРМАҒАНБЕТҚЫЗЫ,

ардагер-ұстаз.

Адамның бәрі бірдей өмірден өткенмен, көпшілігі елдің жадынан шыға қоймайды, ұмытылмайды. Қаншама тұлғалар тарихқа есімдерін мәңгілікке жазып кетіп жатыр. Солардың арасында өзіміздің Ибраһим Бекмаханұлы да бар. «Өзіміздің» дейтінім, Ыбекеңді жастайынан білемін, бір ауылдың перзентіміз. Менің отағасымның кластасы еді. Мектепте оқып жүргенде көп сөйлемейтін, көбіне-көп ой үстінде жүргендей сезілетін. Қабырға газетіне өлеңдері жарияланып тұратын. Класс жетекшіміз Сақыпжамал апай оның өлеңдерін бізге оқып беретін. «Бала ақын» деген жанама аты болатын. Оның атасы Тұрымбет жырау кезінде «Бала жырау» атанған ғой. «Тегіне тартып туған» деген сөз осындайда айтылған тәрізді.

Елге жолы түскенде үйге соқпай кетпейтін. Бірде біздің немерелеріміз Ыбекеңнің алдында тақпақ оқып, ән салып берді. Олардың өнерлеріне бір сүйсінген Ибраһим есімдерінің Айымжан, Ақсүйрік екенін білгенде: *«Қандай ғажап есімдер?! Қазіргі кезде осындай қазақы есімдерді сирек еститін болып кеттік қой»,* – деп қоғамдағы кемшін тұсымызға деген күйінішін де білдірген еді. Кейінірек Ибраһим «Армысың, Атамекенім!» деген тақырыппен кеш өткізгенде, менің сол немерелерім оның өлеңдерін оқыды. Басқа балалар да оқып жатты. Олардың мұнысына Ибраһим қатты қуанды. Сосын сөз сөйлегенде балаларға деген ризашылығын тебірене тұрып жеткізген еді:

– Оқушылардың көркем шығарманы нақышына келтіріп тұрып оқығандарына, өлең жазатын балалардың көптігіне таң қалдым. Маған көрсетілген құрмет пен

сыйдың ең үлкені – оқушылардың осы өнері болды, – деп, рахмет айтқан еді.

Ол қай жерде жүрсе де өзі туып-өскен ауылын есте есінен шығарған емес. Бұған оның ауыл тарихына қалам тартқаны, оның адамдарын жырға қосқаны дәлел.

Кенжалы би туралы кітап Ибраһимнің авторлығымен жарық көрді. Бұл кітаптың тұсаукесері Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында ауылдағы Мәдениет Сарайында қандай тамаша болып өтті десеңізші!

Ибраһимнің ислам дінінің көрнекті өкілі, діни ағартушы, ғұлама молда болған атамыз Нияз Тасболатұлына арналған «Ғұлама-ғұмыр» дастаны қандай?!

Ауылымыздың тарихы, өсіп-өркендеу жолы бедерленген «Туған жер – тұнған шежіре» деген кітаптың алғысөзін де жазған Ибраһим болатын. Қармақшы, Қызылорда төңірегінде Ерناзар Сексенбаевты білмейтіндер некен-саяқ болуға тиісті. Ол есімі аңызға айналған тұлға еді. Біздің ауылға ширек ғасырдан астам уақыт басшы болды. Халықтың шынайы ықыласына, құрметіне бөленді. Ибраһим осы тұлға жайында «Нартұлға» деген поэма жазды. Поэмада Ерназар ағаның сом тұлғасы, ауылдың тарихы тұнып тұр.

1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны болған, жанары зағип болса да көкірек көзі жарық, Сыр өңіріндегі исламдық ағартушылық қызметтің көрнекті өкілдерінің бірі Ыспан қари туралы да Ибраһим кесек дүниені көпшілікке тарту етті. Бұл оның авторлығымен жарық көрген «Ыспан қари Сүлейменұлы» деген кітап болатын. Бауырымыздың «Жолбарысты Төребай би», «Дүр Оңғар» дастандары да – өңірімізден шыққан даңқты тұлғалардың өмір жолдарын арқау еткен шығармалар.

2019 жылы жарық көрген «Қасиетті қара шаңырағым – мектебім» атты естелік кітаптың да алғысөзін жазған Ибраһим болды. Осы кітапта оның «Шәкірт едік

нұрлы күнге талпынған...», «Жүрегімнің көзіндегі бейнелер», «Ғибратты ғұмыр» атты жыр-толғаулары жарияланды. Ал Ибраһимнің өзінің атасы, Сыр сүлейі Тұрымбет Салқынбайұлының мұрасын жинастырып, жұртшылыққа кітап етіп ұсынған еңбегі тіпті тамаша. Ибраһимнің сөзіне жазылған «Бабалар жайлы ән толғау» деп аталатын ән бүгінгі ұрпақтың ата-баба алдындағы тағзымы іспетті естіледі.

Ибраһим Бекмаханұлы көзден кетсе де, көңілден кетпейді. Оның жүрген жолында да қалған із бар. Тұрымбет атамыз өмірден өтер алдында: *«Мына үйдің ішінде өлең өріп жүр ғой, теріп алыңдар»*, – деген екен. Атаның сол өсиетін Ибраһим толық орындады десек, артығы жоқ. Оның берері әлі де көп еді... Амал не?.. Біз үшін орны тым айрықша еді ғой. Ендігі жерде қолымыздан келетіні *«Иманың саламат болсын, Жатқан жерің жаннат болсын!»* деп дұға бағыштау ғана. Өте өкінішті -ақ...



БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

Құрманкүл БУРАБАЕВА.

Қолымда – ақын Ибраһим Бекмаханұлының «Жүректегі ырғақтар» жыр жинағы. Ауылдас ақын ағамның бұл жыр жинағының мен үшін орны бөлек! Ауылымыз «Ақтөбе» деп аталады. Кеңес дәуірінде көп салалы шаруашылықты дүркіреткен ауыл болды. Еңбек майталмандарымен қатар әр түрлі мамандықты игерген танымал тұлғалар туып-өскен жер. Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Ақтөбе *(кеңес дәуірінде «Чапаяев» деп аталды)* ауылынан жазушы Нәсіреддин Сералиев, баспагер-ақын Ақкөл Отарбаев, ақындар Ибраһим Бекмаханұлы, Шәкизада Әбдікәрімов және т.б. республикаға танымал тұлғалар шықты. Бұл күнде бұл кісілер ауылдастары мақтаныш ететін, жас ұрпақ еліктеп, үлгі алатын жандарға айналған. Мен ақын Ибраһим Бекмаханұлы туралы айтқым келіп отыр.

Ибраһим ағаның есімін 70-жылдардың орта тұсынан бастап білемін. Ол кезде ол кісінің аудандық газетте тілші болып қызмет атқарып жүрген кезі. Газеттердегі жазған мақалаларынан емес, әнге айналған бір ғана өлеңінен жадыма сақтап алдым! Ол – «Бейтаныс ару» деп аталатын өлеңі! Жергілікті композитор Бейбіт Ахметов осы өлеңге ән жазып, әнді ауылдасымыз, жас әнші Ақжарқын Райымбекова *(әттең, Ақжарқын апамыз өнер жолын құмады, бірақ қолынан гитарасы әлі түскен жоқ, «Бейтаныс аруды» әлі шырқап отырады)* орындап, үшеуінің де атағы дүрілдеп тұрды. Композитор Бейбіт Ахметов пен Ибраһим аға әнді жазып алып, радиоға жаздыру үшін лайықты дауыс іздейді. Бейбіт аға баянын көтеріп, Ибраһим ағаны ертіп, аудандық Мәдениет үйіне барады, қаншама қыздарды тыңдап

көреді. Бірақ өздері ойлағандай дауысты таба алмайды. Сонда бір кісі: *«СПТУ-да оқитын Ақжарқын деген қыз бар, сол қызды тыңдап көріңіздер»*, – деп кеңес береді. Ақжарқынның 18-19 жастағы кезі, әншілігімен біршама танылып қалған шағы. Екеуі СПТУ-ға келіп, акт залда Ақжарқынды тыңдап: *«Міне, осы дауыс!»* – деп балаша мәз болады. Ақжарқынға Бейбіт аға әнді баянмен сүйемелдеп, айтып береді. Әнді тыңдаған Ақжарқын:

«Арманымның жұлдызындай

Сен көріндің күлімдеп»... – деген жолдары бар, бұл әнді жігіттер айту керек қой, мен айтпаймын», – деп әнді орындаудан бас тартады. Аңқылдаған, сөзге ұтқыр Бейбіт аға: *«Роза апамыз да «Ақмаңдайлым» деп ән айтып жүр, ештеңе етпейді, айта бер, сенің дауысыңа келіп тұр!»* – деп көндіріпті сонда. Әуелде баянның сүйемелдеуімен жазбақшы болған екен. Алайда ән педагогикалық институттың музыка факультетінің «Қарагөз» ансамблінің сүйемелдеуімен жазылады. Негізгі құрамы – 4-курстың студенттері. Жетекшісі – Сейділда Темірбаев. Кейінірек атақты «Темірбаевтар семьялық ансамблінің» мүшесі болады. Ән жазуға дейін медучилищенің акт залында бірнеше күн дайындық жасалады. Үзіліс кезінде ән тыңдауға келген ақ халаттылар залға сыймай кететін дейді. Сөйтіп, Бейбіт ағаның «Бейтаныс ару» (сөзі – *Ибраһим ағаныкі*), «Сүйем сені, Сыр елі» (сөзі – *Қали Шыңғысовтікі*) әндерін және үшінші ән «Арманымдай менің ақ таңымды» Ақжарқынның орындауында радиоға жазады. Бұл ән кезінде облыстық радиодан жиі-жиі беріліп тұратын. Ауылда сол жылдары аталмыш әнді барлығы шырқайтын. Радиодан тыңдап, үйреніп алғанбыз. Жаңа әндерді радиодан тыңдап, үйреніп алу, жалпы сол заманның үрдісі болатын. Жаз айында шыққан әнді күзге дейін біразымыз үйреніп алдық, бала болсақ та. Ол кезде радиодан берілген жаңа әндерді жас ерекшелігімізге қарамай айта беруші едік. Ол кездегі әндер қазіргі тілмен айтқанда, шетінен хит болушы еді ғой, шіркін!..

Күзгі күріш орағы кезінде аңыздағы масақты теруге сабақтан соң оқушыларды апаратын. Автобуста отырып, 5-6 кластың оқушыларымыз ғой, барып-қайтар жолда жол бойы хормен «Бейтаныс аруды» айтушы едік. Жалықпайтынбыз...

Қырық жылдан астам уақыт өтіпті, бұл ән ұмытылған жоқ, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жиын-тойларда әлі айтылады, ән айтылғанда Ибраһим ағаның есімі қоса аталады. Мен де бұл күнде туған ауылдан жырақта жүргеніммен жергілікті сахналарда өнерпаздардың осы әнді орындап жүргенін естіп, қуанып қаламын.

Енді Ибраһим ағаның «Жүректегі ырғақтары» қолыма қалай түскенін айтайын. Кластас құрбым, Ибраһим ағаның қарындасы – Роза екеуіміз осыдан 6-7 жыл бұрын уатсап желісі арқылы қыстың ұзақ түнінде ағаның өлеңдерін оқыдық, бірнеше апта десем болар. Бастамашы болған – Роза. Қолында бірнеше жыр жинағы бар. Роза – Байқоңырда, мен – Атырауда. Роза фотоға өлеңдерді түсіріп жібереді, сосын екеуіміз жарыса оқимыз, ойымызбен бөлісеміз. Осылайша бірнеше жинақтан біраз өлеңдерін оқыдық. Екеуімізге де ұнаған сияқты. Әлеуметтік желінің дамыған заманында арақашықтық кедергі бола қойған жоқ. Аракідік осылай өлеңдер оқып тұрдық.

2016 жылы күзде аулымызда шешендік өнердің көрнекті өкілі, діни ағартушы – Кенжалы бидің дүниеден өткеніне жүз жыл толуына орай үлкен ас берілді. Асқа Алматыдан Ибраһим аға да арнайы келді. Сол тұста Ибраһим Бекмаханұлының «Кенжалы би» деп аталатын шығармасы жарық көрген еді. Аста осы шығарма елдегі оқырманның қолына тиеді. Қолы жеткендер кітапты ақынның қолтаңбасымен алып жатады. Бір саябыр тапқан кезде, Роза Ибраһим ағаға екеуіміздің өлеңдерін уатсап желісі арқылы сондай ыждағаттылықпен оқығанымызды айтып, менің сәлемімді жеткізеді. Ақын өлеңдерін осылай оқығанымыз ағаға ерекше әсер етіп, толқытыпты. «Кенжалы би» шығармасына ақжарма

тілегін жазып: «Қолымда бары осы, парақтап отырып оқысыңшы», – деп, «Жүректегі ырғақтарды» қосып береді. Әрине, мұндай тосын сый күтпеген едім, бір шығармадан ғана үміттеніп отырғанда, жыр жинағы қоса түсті қолыма! Мен үшін күтпеген қуаныш болды! Атырауға бір жолы түскенде Роза өзі әкеліп: «Ағамның аманаты!» – деп табыстап кетті.

Жыр жинағы бес бөлімнен тұрады екен, «Көңілімнің шырайы» деп аталатын соңғы бөлімге ән мәтіндерін топтастырыпты. Жиырмаға жуық өлеңнің ең басында «Бейтаныс ару» тұр! Ақын ағамызды дүйім жұртқа танытқан өлең!

Жинақтың туған жер туралы толғауларының ішіндегі «Күбі дауысы» өлеңі ауылдағы әрбір үйдегі аналардың таусылмайтын тірлігін көз алдыма кинолентадағыдай келтірді...

*Тамылжыған тамыздың таң нұрындай,
Уылжыған анамның ән-жырындай,
Күбі дауысы...
Күмбірлеп кетуші еді,
Біздің үйдің тіршілік тамырындай!
Қоңыр саз бар күбінің күмбірінде,
Оянушы ек гажайып сол бір үнге.
Күбі піскен анамның нұрлы жүзі,
Қалды ұялап көңілімнің мөлдірінде...
Өмір күйін күн сайын төгілдірген,
Күбі дауысы сыйлайтын көңілді рең.
Бұл-бұл ұшты қайран күндер,
Анамды ойлап толқиды көңіл күрең.
Еңбек еткен күн-түні бүгілместен,
Қазан асып, сүт сауып, күбі піскен.
Қайран ана қолыңнан аққа жарып,
Біз есейдік жоқшылық білінбестен.
Кезі келсе бақша егіп, шөп шабатын,
Қиялымен шарлайтын көк қабатын.
Ертең қолын ұзартар көп баланың,
Жәйін жасап, көңілін дөп табатын.*

Из бар көрген өмірге бейімделіп,
 Еңбек еттік ақыл-ой, зейін кеңіп,
 Қайран анам құятын тостағанға
 Жаңа піскен айранын пейілденіп.
 Өтті жылдар...
 Біз кеттік, жырақ, алыс,
 Өмір деген – толассыз бір арпалыс.
 Ауыл жаққа елеңдеп, құлақ түрсем,
 Күбі дауысы күмбірлеп тұрар таныс.
 Тамылжыған тамыздың таң нұрындай,
 Уылжыған анамның ән-жырындай,
 Күбі дауысы...
 Күмбірлеп кетуші еді,
 Біздің үйдің тіршілік тамырындай!

Ауылда барлық үйдің тіршілігі таңмен таласа күбінің күмбірінен басталатын. Күбі дауысынан оянып, сыртқа шыққаныңда, аналарымыз сиырын сауып, сүтін пісіріп, самаурын қайнатып, таңертеңгі шайдан бұрын күбісін пісіп, (майын алып алады, күн қызбай тұрып) ұйқысын аша алмай тұрған балаларын айналып-толғанып тұратын.

Таңмен таласа басталатын қарбалас тіршілігі күні бойы бір толастамай, егін де егіп, шөп те шауып, нан да жауып, тамақ та пісіріп, балаларының, ерінің бабын тауып,.. Ақын тізбектесе таусылмайтын аналардың тынымсыз тірлігін, осы өлеңде күбінің күмбіріне сыйғызып жібергендей болады. Күбінің піспегі тынымсыз қозғалған сайын мен тізбелеген тірліктер ретімен шыға беретін сияқты.

Қоңыр күбі әрбір үйде күмбірлеп, сол үйдің тіршілік тамырының ырғағы бұзылмай, бүлкілдеп соғып тұрғанынан да хабар беріп тұратындай.

Өлеңде күбінің қоңыр үнін құлаққа сіндіріп, тостағанға күбіден айранын құйып, алақаныңа сары майдан салып беріп, бар мейірімін төгетін анаға деген барша оқырманның ыстық сағынышы бар деп есептеймін...

Бүгіндері елді аңсап келгенінде жаныңа шуақ ұялатар, анаң күмбірлеткен күміс дауыс — күбі дауысы естілсе, жүрек шымырлап қоя береді! Осы дауыстан соң ананың мейірбан жүзі көз алдына келіп,.. тәтті естеліктер көз алдыңнан өте береді, тізбектеліп!.. Ибраһим ағамның «Күбі дауысы» деген өлеңін оқып отырғанымда осы сурет көз алдымда сырғып өтіп жатты.

Балаларыма бұл шығармалардың Атырауға келу тарихын баяндап, ақын ағаммен мақтанып, кішіпейілділігін сөз етіп, болашақта бір кездесудің сәті түсерін айтқан едім... Ағаның 70 жасқа толуына орай елде халықпен кездесу өтеді деп жоспарланғанынан Розадан хабардар едім. Соған қатысып, ағамның өлеңдерін өз аузынан тыңдармын деп жүр едім... Бірақ 70 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Кіндік қаны Сырда тамған аға Алатау баурайында мәңгілікке дамыл тапты. «Пейіште нұры шалқысын!» деймін. Дүние салған соң ақын ағамыздың музасы – Мәкеш апайдың басшылығымен «ЖЫР – АМАНАТ» жарық көріп, оқырманның жүрегінің төрінен орын алып, қолдан-қолға өтіп оқылуда. Бұл күнде жерлестері, қалың оқырмандары замандастары, қызметтестері арда ақынын сағынып жүр, жоқтап жатыр, сағынышпен естеліктер жазып жатыр... Алда әлі де талай дүниелер жазылары сөзсіз... Елде ақын аға есімін ұлықтау үшін жұмыстар жүргізілер, ол – болашақтың еншісінде. Артында қалған шығармалары, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп жетеді деп ойлаймын. Мен де, ақын ағам айтқандай, «Жүректегі ырғақтарды» парақтап ашып оқып отырамын. Естіп, тыңдап үйренген «Бейтаныс аруды» да оқимын, өзі бейтаныс аруға: «Асқақ сенің бұл тұлған», – деп айтқандай, бұл күнде өзі де асқақтап бара жатқандай көрем!

Талай оқырманның қолында шығармалары, жыр жинақтары оның ішінде «Жүректегі ырғақтары» да бар шығар-ау, алайда ақын ағамның нәзік жүрегінде жарыққа шықпай қаншама ырғақтар кетті екен?!.

ЕРЕКШЕ ЕҢБЕКҚОР ЕДІ

Алмат Токшылыков,
досы.

Ибраһимнің ақын, журналист болғаны аян. Табиғи талант десек те, егер сол талантын жетілдіре білмесе, ол ел таныған тұлғаға айналмас еді. Демек ол бар абыройына, атағына, беделіне өзінің маңдай терінің, яғни еңбекқорлығының арқасында жетті. Сондықтан да «Ибраһим кім?» деген сұрақ қойылатын болса, мен оны «Ол ең алдымен ерекше еңбекқор адам еді» деп сыпаттаған болар едім.

Екеуіміз бала жастан бірге өстік. Бала шақтың қызықты, думанды шағын бірге өткіздік. Доптаяқ, ләңгі, асық ойнадық. Өзі жырлағандай, Бала жарма, Құрайлыға шомылатынбыз. Колхоздың егін жинау кезінде көмектестік, жазда шөп шабатын косилкаға отырып еңбек еттік. Менің білуімше, ол алғашқы өлеңдерін он үш жасында жаза бастады. Сол кездегі «Қазақстан пионері» газетіне екі-үш шумақтан тұратын өлеңі жарияланғанда оның өзінен бұрын біз кереметтей қуанғанбыз. Үйдегілерге, үйге келген қонақтарға Ибраһимнің өлеңі шыққан газетті көрсетіп: *«Біздің кластың баласының өлеңі»*, – деп мақтанатын едік. Содан біртіндеп ол Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінің бетін бермейтін болып алды. Аптасына бір рет не өлеңі, не хабар-ошары жарияланып жататын. Колхоздағы түрлі іс-шаралар Ибраһимнің араласуынсыз, қатысуынсыз өтпейтіндей сезілетін. Өйткені ол әрдайым сол іс-шаралардың белортасында жүретін, сахнадан өлеңдерін оқитын.

Біз оны келешекте үлкен ақын, айтулы журналист болады деп ойлайтынбыз, шынында да, үмітіміз ақталды, сенім алдамады. Ибраһим Бекмаханұлы

журналистік еңбегі үшін ҚР Ақпарат саласының үздігі атанды, ақындық таланты бағаланып, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болды. Ибраһимді осындай биікке көтерген – оның еңбекқорлығы. Ол көп оқыды. Сосын бір жақсы жері, егер жазған дүниелеріне сын айтсаң, дұрыс қабылдайтын. Келесі жолы сыннан қорытынды шығаруға ұмтылатын. Басқаша айтқанда, өз-өзін қамшылай білетін. Ол сол арқылы өсті, жетілді.

Мектепті бітірген соң, әркім өз жолымен кетті. Ибраһим әскери азаматтық борышын өтеп келген соң, «Коммунизм шамшырағы» газетінде радиохабарын ұйымдастырушы, корректор, тілші, аға тілші болып жұмыс атқарды. 1979-1984 жылдар аралығында Қармақшы аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аупарткомда нұсқаушы болды. 1984 жылы Торғай облысына қоныс аударып, облыстық газетте қызмет атқарды. Бұл жол кейін Жезқазғанда жалғасты, оның қолтаңбасы Қарағандыда да қалды, ару Алматы ақындық шабытына жаңа серпін берді. Өкінішке орай, ол арамыздан ерте кетіп қалды.

Ибраһим жырларының өзегі, арнасы Сұлу сыр, жезді Жезқазған, қасиетті Ұлытау, еліміздің Тәуелсіздігі, ұлан байтақ Қазақстан, елдің өмірі, тыныс тіршілігі болатын. Ол туған жерге деген сағынышын өлең жырлары арқылы білдіріп отырды. «Ата жолы- көне соқпақ көргенім, Сол арқылы мақсатыма өрледім. Өзге елдің жұмағына қызықпай, Өз елімнің босағасын төр дедім», деп туған елдің қасиетін пір тұтты. Ол бүкіл түркі әлеміне белгілі Қорқыт ата жөнінде, Марал баба көріпкел әулие аталарға және кешегі өткен Ешнияз сал, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Жиенбай жырау, Балқы Базар, Тұрмағамбет сияқты кісілерге өлең, жырын арнады. Атақты ақын, жырау Тұрымбет атасының 125, 140, 150 жылдық мерей тойларын аудан, облыс көлемінде атап өтіп, ас берді. Аудан орталығындағы Өнер мектебіне Тұрымбет атасының есімі берілуіне де зор еңбек сіңірді.

Ибраһим 30-ға жуық кітап шығарған екен.

Жарияланбаған дүниелері өзі өмірден өткен соң жұртымен кітап болып қауышты. Сандығында қалған жазбаларды ақтарғанда әлі де бірнеше кітап болатын дүниенің бар екені белгілі болды. Осының бәрі әрине, мен айтып отырған ерекше еңбекқорлықтың нәтижесі, жемісі.


Оның азаматтық тұлғасы да керемет-тін. Ол достықты, жолдастықты жоғары бағалайтын. Үнемі хабарласып, хал жағдайларымызды біліп тұратын.

Ибраһимнің Жезқазғанда өткен 50 жылдық, Қарағандыдағы 60 жылдық мерейтойларының куәсі болдық. Алматыға келгеннен кейін де қатынасымыз үдемесе, үзілген жоқ. сонда тойларына, қуаныштарына ортақтасып келіп тұрдық. «Келдік енді Алатау төрін жайлап, Жер екен-ау Жетісу керім аймақ. Тәубә, тәубә келеді немерелер, Қызғалдақтай құлпырып, өсіп жайнап» деп өзі жырлағандай, Мәкеш екеуі өнегелі, бақытты отбасы еді. Ибраһим 70 жылдық мерейтойына аса қатты дайындалды. «Жетпіс жылдықты бір дүркіретіп өткізіп тастасақ, одан арғысын тағы көре жатармыз» дейтін. Бірақ, тағдыр қаталдық етті, ақын - жүрек 70-ке жете бергенде кілт тоқтады. Қолдан келетін не қайран бар?!

Дегенмен, Жезқазғандағы 30 жылдай бірге қызметтес болған қаламдас достары, ақын, жазушылар, драма театр ұжымы оның 70 жылдық мерейтойын жақсы атап өтті. Музейге Ибраһимнің әр уақыттағы суреттері, шығармалары, қолжазбалары тапсырылды. Драма театрда әдемі кеш өтті. Кеште Ибраһим туралы бейне баян, өлеңдеріне шығарылған әндер шырқалды. Қаламдас достары естеліктер айтты.

Ибраһим адал дос, турашыл азамат еді. Ол Жезқазған сынды кенді өңірдің рухани дамуына өзіндік үлес қосты. Асып-тасуды білмейтін, тек тынымсыз еңбек, шығармашылық ізденісте жүретін, айналасын достық әзілімен, қағытпа қалжыңымен күлдіріп жүретін азамат болатын. жан еді дейді. Ибраһим дүниеден өткенде,

оның жақын достарының бірі, кенші ақын, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Мұса Тілеуов өзінің көңілқосын «Жүріп өтті, ғажап ғұмыр жарқын жол, Қарапайым қазағымның ақыны ол. Өшпес мұраң ел жұртыңа аманат, Абзал ақын, аяулы дос бақыл бол!» деп түйіндеген екен. Жан досымыздың жатқан жері жарық болсын! Жарқын бейнесі жадымызда әрқашан сақталады.



СӨНГЕН ЖОҚ ЖҮРЕГІНІҢ ОТ-ЖАСЫНЫ

Күміс САРМОЛДИНА

Ибраһим Бекмаханұлы туралы айтылып жатқан жылы лебіздің көптігіне күмәнім жоқ. Тіпті, кейбірін баспасөз беттерінен көріп, оқып та жүрмін. Мен оның ақындығы, журналистикасы туралы пікір айта алмаймын. Шынымды айтқанда, оған өрем жете қоймайды. Өйткені, ақын емеспін, ғалым емеспін. Ал, Ибраһимнің адамгершілігі, оның жаратылысынан ақкөңіл, адалдығы туралы қанша жазу керек болса, сонша жаза аламын.

Ол менің отағасым Сұлтан Сармолдинмен жақсы қарым - қатынаста болды. Сұлтекең Қармақшы ауданына белгілі мәдениет қайраткері ғой. Ибраһим болса әрі ақын әрі журналист. Сондықтан да, оларды бір майданның жауынгерлері десе де болады.

2011 жылы Сұлтекең өмірден озды. Сол жылдың 13 желтоқсанында «Ана тілі» газетінде Ибраһимнің «Заңғарым едің» деген көңілқосы жарияланды. Бұл оның Сұлтан ағасын жоқтап жазған жыры болатын. Ыбекең өлең жазып қана қойған жоқ, Сыр бойына жолы түскенде үйге арнайы соғып, бізге көңіл айтты. «Кеше бір шаруалармен келіп едім, ертең Алматыға қайта жүргелі отырмын, сосын бүгін осында ағамның орнына арнайы келіп отырмын» деген Ибраһимге отбасымыз, ағайын - туысымыз болып риза болдық.

Мен оған «Арғыкүні ағаңның қырқы болады, реті келсе құдажолының ішінде болғаның дұрыс қой» деп едім, «Самолетке билет алып қойдым ертеңге» деп, кешірім өтініп, қабыл болсын айтты. Ал..

Құдажолы өтіп жатқан. Бір кезде үйге Ибраһим кіріп келгенде, таң қалайын. Ол менің танданысымды түсіне қойды да «Ағаның қырқына қатысып кетейін» деп кеше осы үйден шыққан соң, билетті қайтадан өткізіп

жібердім» деді. Оның бұл әрекетін қалай бағаласа болады? Әруақты бұдан артық құрметтеу мүмкін бе? Бәріміз де Ибраһимнің мұнысына кереметтей риза болыстық.

Кейін Ибраһим Сұлтан ағасына арнап «Көшбасшы – кеменгердің бірі едін « деген толғау жазды. Мұнда Сұлтекеңнің бүкіл болмыс - бітімі, тұлғасы өлеңмен өрнектелгені соншалық, толғауды тебіренбей оқу мүмкін емес. Сол толғауда « Елге еткен еңбегіңнің жемістерін, Біз көріп жатырмыз-ғой, Сіз көрмесең» дейтін жолдар бар. Шынында да, Сұлтекең өмірден өтсе де, оны әріптестері, ел -халқы ұмытқан жоқ. Айталық, биыл аудандық Мәдениет Үйінде оны еске алу кеші дүркіреп өтті. Сол кештің негізі арқауы Ибраһимнің толғауының желісінің негізінде өрілді. Кеш барсында орындалған аталмыш толғауды жиналған көпшілік аса жылы қабылдап, дүркін-дүркін қошемет танытып отырды.

Ибраһимнің ағасы туралы жазған дүниесі «Елім деп өткен ерлер» кітабына да енгізіліпті. Ибраһимнің ағасына арнаған толғауында

«Сөнген жоқ жүрегіңнің от-жасыны

Соңынан қуып кеттің көп жақсының» -деген де жолдар бар. Ия, дүниеден талай-талай жақсылар мен жайсаңдар өтті. Солардың бірі - Ибраһимнің өзі. Өмірден өткенмен сөзі қалды, рухы қалды. Сондықтан да, біз де ол туралы «Сөнген жоқ жүрегінің от - жасыны» деп нық сеніммен айта аламыз!



ӨЛЕҢІНДЕ ӨМІР БАР ЕДІ

Күлшат СЕБЕПОВА,
Т.Жүргенов атындағы
Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының
профессоры

Ибраһим досымыз өте қарапайым болатын. Оның өмірге деген көзқарасы жастайынан белгілі болды.

Турашыл бірақ, жүрегі жұмсақ, өмірге деген өте құштарлығы көзге көрініп тұратын. Қазақ мұндайды «жанып тұрған жігіт еді, от еді» деп дәріптейтін болса керек. Ол сондай еді. Мектеп бітірісімен, журналистік жолға түсті, ақындығымен танылды. Біздер, яғни қатарластары бұған таңдана қойған жоқпыз. Өйткені, бізге ол солай болуға тиісті секілденіп тұратын.


Ол елу жылға жуық журналистика саласында тер төкті. Қаншама мақала, очерктер жазды. Кездескен проблемалар да оның назарынан тыс қалмады. Біз мұны оның кітаптары арқылы білеміз. Ибраһимнің тағы бір ерекшелігі, ол табиғат берген талантын жетілдіре білді. Газеттің күнделікті шаруасымен жүріп, ақындық қабылеті бола тұра, өлеңге мойын бұрмай кеткен көптеген журналистерді де білемін. Ал, Ибраһим екі тізгінді тең ұстады. Оның өзгелерден бір ерекшелігі де осы болар?!

Мен оның өлеңдерінен Өмірді көремін, танимын. Бірде қуанған, бірде мұңайған ақын сіз бен біздің кәдімгі бастан кешіп жүрген тіршілігімізді тап басып жыр жолдары арқылы арқылы көз алдымызға әкеле қоятынына таңданасыз ба, жоқ па? Әрине, таңданасыз. Оның өлеңдерін оқып отырып, «Құдай -ау, мынау мен ғой, менің тағдырым ғой» деп, қалай күбірлеп қалғаныңды өзің де байқамайсың. Міне, өлең деген сондай болуы керек!

Ибраһимнің өлеңдерін оқып отырып: «Ей, Өмір-ай, нендей сиқыр құпияң бар, Арман деген бір асқар шыңқияң бар, Опындырып кетесің кейде адамды, Өкініштің сенде өткір тырнағы бар» деген жолдарға көзім түсті. Қайталап оқи беріппін. Өмірді түсіну қандай қиын?! Армандайсың, сол арманға жету үшін қаншама еңбек етесің... Оқыған сайын, өмірді түсінуге ұмтыласың. Опындыратын сәттеріне мойығың келмейді, алдағы күндерден үміт күтесің, жақсылық болатынына сенесің. Ибраһим өлеңдерінің құдыреттілігі де осында.

Ибраһимнің әлі де жас ұрпаққа берері мол еді, амал қанша жазмыштан озмыш жоқ қой. Аяулы азамат, аяулы жар, аяулы әке ақылшы дара тұлға. Біз сыныптастары оны әрдайым сағынышпен еске аламыз. Әруақытта көңілімізден кетпек емес. Өмір - жалған...

Соңында қалған аяулы жары, бала - шаға, немере, бауырлары аман болсын. Ибраһимнің есімі есімізден ешқашан кетпейді. Жадымызда мәңгіге сақталасың.



«ӨЗІҢНІҢ ТАҒДЫРЫҢ ҒОЙ ӨМІР ДЕГЕН»

Қасымхан ҒАЛЫМ,
Қарағанды облыстық
«Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі

Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық драма театрында «Адамдар арман қуған алданбайды» тақырыбында арда азамат, қарымды қаламгер Ибраһим БЕКМАХАНҰЛЫН еске алу кеші өтіп, рухына тағзым етілді. Иә, Сырда туып, қырда түлеген қыранның есіміне ел қанық. Ұлытауын айрықша қастерлеп, Жезқазғанын жан-тәнімен қадірлеген қабырғалы қаламгерді соңындағы қауымы да ұмытпақ емес. Оған біз ақынды ұлықтаған поэтикалық кеш кезінде тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Әуелі кешке жиналған қауым назарына қаламгер өмірі мен шығармашылығы жайлы әзірленген бейнефильм ұсынылды. Еске алу кешіне алыстан ат арылтып, Сыр елінен бір топ мейман – ақынның достары, апа-қарындастары мен бауырлары келді. Солардың атынан сөз сөйлеген Ібекеңнің бала күнгі досы Алматы Тоқшылықовтың естелігі ақынның бала күнгі болмысын паш етті. Жезқазған аймақтық «Сарыарқа» газетінің бұрынғы редакторы, Қазақстанның Құрметті журналисі Амандық Рахұлы ағамыз да замандасы жайлы ағынан жарылды. *«Ібекеңнің 70 жасын өзінсіз аса орны толмас өкінішті жағдайда атап жатырмыз. Өлшеулі тағдыр соған жазып отыр. «Жезқазған туы» газетінің ұжымына журналистік қарым-қабілетімен, ақкөңілділігімен сіңіп кетті. «Торғай таңы» газетінің бір құшағын ала кепті. Ондағы үлкен көлемді мақалаларын, очерктерін таныстырды. «Жезқазған*

туы» газетінде де сондай еңбегі жалғасты болды. Кесек дүниелерге қалам тербеді. Жазғандарының көбісі кітапқа айналды. Журналистердің арасында компьютерді де алғаш меңгерген еді. Түнімен жазып, ертеңге терілген мақаланы тас-түйін дайын қып әкеледі. Ібекең өзі 70 жылдығы туралы жиі айтатын: «Кітап шығарып, Жезқазғанда атап өтемін», – деп. Міне, Алланың жазғаны осы боп тұр», – деді Амандық Рахұлы естелігінде.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Бас редакторы Ерсін Мұсабек те сөз алып, ақжайлау ағасын сағына еске алды.

– Қасиетті қарашаңырақтың босағасын аттап кіргенде көңіліміз толқымай қалмады. Бұл сахнада Жақсыгелді сырнайын керіп ән салған, Шынболат жырын төккен. Міне, біз қамыға, сағына еске алып отырған Ибраһим ағам да күркіреп өлеңін оқыған киелі сахна – бұл. Әсіресе, Ибраһим ағамның табиғатына да, тағдырына да қарашаңырақ жақын болды. Осында әдебиет бөлімін басқарды. Өлеңдерінің өне бойынан Сыр сүлейлерінің сарыны есіп, солардың екпіні, бір-бірін қуалаған толқыны бар еді. Мен – газеттегі Ібекеңнің шәкіртімін. Кейін шығармашылық жол бізді «Орталықта» қайта табыстырды. Бір кабинетте отырдық. Қатты еркелейтінмін. Алматыға көшерінде әзілдеп айтып едім: «Торғайды жауып, Жезқазғанға келдің. Жезқазғанды жауып, Қарағандыға келдің. Енді, Алматыны байқа», – деп едім. Сонда марқұм ағам: «Алматы маған көне қоймас, менің бетімді жабатын шығар», – деді. Әулие екен зой. Міне, Алатаудың қиясына барып қыран қазасына ұшырады. Өз биігінен сорғалап түсті, – деп қарағандылық қаламгердің сәлемін жеткізді газеттің Бас редакторы.

Қазақстанның Халық әртісі Досжан Жанботаев, Қазақстан Жазушылар Одағы Жезқазған аймақтық филиалының директоры Батырбек Мырзабеков және басқалары ақынның адами қасиетін, қаламгерлік қабілетін сөз етті.

Ақынның жары Мәкеш Бекмаханова ақынның атын ұлықтап жүрген қаламгер қатарластарына айрықша ырзашылығын жеткізіп, иықтарына шапан жапты. Кешті түйіндей келе: *«Мен Ибраһимнің аты өшпейтініне сенемін. Артында өлеңі қалды. Бастысы, өздеріңіздей қадірлі азаматтармен ерекше сыйластықта болды. Сіздер де сол сыйластығына селкеу түсірмей, керемет естеліктеріңізбен бөлістіңіздер. Сіздерге бас иіп алғысымды айтамын»*, – деді.

Ибраһим Бекмаханұлының «Жыр-Аманат» кітабы біздің де қолымызға тиді. «Далам барда рухым биік, асқақпын...» (*поэзиялық туындылар мен арнаулар*), «Шежіре-сырда бәрі бар...» (*поэмалар мен дастандар*) және «Махаббат пен күндестік» (*хикаят*) атты үш бөлімнен тұратын толымды туындылары қалам ұстаған қауымның, жалпыкөзіқарақты оқырманның үлкен олжасы екені анық. Республикалық «Жұлдыз» журналының Бас редакторы, көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбай кітапқа жазған алғысөзін:

«Сұрадың өмір жайлы...

Мен не дейін?

Арқаңды сал қашанда кеңге деймін.

Өзіңнің тағдырың зой өмір деген

Сүйрейтін ең ақырғы демге дейін», – деп жырлаған ақынның маңдайына өлең құдіреті, сөз өнері кие болып қонды. Сол өлеңмен әр күнін мәнді еткен қаламгердің мәңгілік өмірі басталды деп есептеймін», – деп түйіндеген екен. «Адам өлген күні өлмейді, аты өшкен күні өледі» деген есті сөз бар-тын. Ал Ибраһим аға артына үлкен аманат қалдырды. Ол – «Жыр-Аманат». Демек, Сыр сүлейлерінің сарқыты сөз сүйетін қауымның жүрегінде мәңгі тербеледі.

«ЖАҚСЫЛАРДЫҢ БІРІ АЗАЙДЫ ЖЕРДЕГІ»

Гүлжанат ДҮЗЕНОВА,

*Қармақшы аудандық
«Қармақшы таңы» газетінің тілшісі.*

Фейсбук әлеуметтік желісінен Абдолла Дастановтың осындай тақырыппен жарияланған жазбасын оқығанда есеңгіреп қалдым. Абдолла аға – Қармақшының тумасы, көп жылдардан бері Сәтбаев қаласында тұрады, журналист. Ал ол кісі өзінің жазбасында өзіміздің тағы бір ағамыз Ибраһим Бекмаханұлының өмірден өткенін жеткізіпті. Жұмыстан үйге кірген бойым еді. Алғашында: *«Мүмкін емес, мүмкін емес»*, – деп күбірлей беріппін. Өйткені... Соның алдында ғана Ибраһим ағамен телефон арқылы сөйлескен едім. Ол сонда өзінің Түркияға ота жасатуға бара жатқанын айтқан еді. *«Алла амандығын берсе, келгесін сол бұрынғы жолмен мақалаларды жіберіп тұрамын ғой»*, – деген ағамен жайдары қалыпта қоштасқан едік. Қайдан білейік?.. Бұл біздің ақырғы тілдесуіміз болды.

Мен Ибраһим ағамен Жезқазған жерінде таныстым. Сондағы оқу орнының студенті болып жүргенімде аға Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетінің қызметкері болатын. «Сарыарқа» газетіне нөмір сайын не мақаласы, не өлеңі жарияланып тұратын еді. Қасымдағы құрбыларыма: *«Бұл кісі – менің ағам, екеуіміз бір ауылданбыз»*, – деп мақтанып та қоятынмын.

Жасымнан журналист болғым келді. Бірақ сол мамандықтың оқуына түсудің реті келмеді. Дегенмен газет мені өзіне тарта берді. Аздап өлең жазатыным бар еді.

*«Сүлейлердің Сырда туған бірі едің,
Арқада ақын ағам бар деп жүремін.*

*Соңыңыздан еріп келем ізденіп,
Жыр жазады, жыр сүйеді жүрегім.*

*Ізбасарың барына, аға, сеніңіз,
Ауырмаңыз мықты болсын деніңіз.*

Елден бата ап, жүзге дейін мүдірмей,

Шаршамаңыз, өлең жаза беріңіз», – деген екі шумақ өлеңімді қағазға түсіріп, редакцияға, Ибраһим ағама бардым. Ол менің өзін арнайы іздеп келгеніме балаша қуанып қалды. *«Ағаңды іздеп келген талабыңнан айналайын, өркенің өссін»,* – деп батасын берді. Сол жолғы ағаның: *«Егер кейін журналист болғың келсе, осы бастан газет жұмысына араласа бер, шағын болса да хабарлар, мақалалар жазып үйрен»,* – деген ақылын басшылыққа алып, газетке қолымнан келгенше хабар-ошар, ақпараттар жазып, икемделе бастадым. Менің «Қармақшы таңына» келуім Жезқазғанның «Сарыарқасынан» басталған. Міне, Ибраһим ағаның маған тигізген шапағаты!

Кезінде өзі де алғаш еңбек жолын бастаған «Қармақшы таңына» деген ықыласы ерекше еді ағаның. Газеттің әрбір шығарылымын сайттан қарап, оқып, сосын бізге кем-кетігімізді телефонмен болса да айтып отыратын. Өзінің мақалаларын компьютермен теріп жіберетін. *«Көзімнің көруі нашарлап барады. Қатесіне мұқият қараңдар»,* – деп, ескертуді де ұмытпайтын. Ол кісі өзінің әрбір жазбасына асқан жанашырлықпен қарайтын, бізден де қырағылық танытуымызды талап ететін.

Иә, Ибраһим ағаны үлгі тұтатын, сыйлайтын, құрметтейтін қаламгерлерге, әсілі қармақшылықтарға ағаның қазасы ауыр тиді. *«Амансыңдар ма, қандай жаңалықтарың бар?»* – деп жиі қоңырау шалатын ағамызды сағынып жүргенімізге жыл толыпты. Рухы пейіште қалықтасын. Жатқан жері жайлы, иманы салауат болсын. Ол шын мәнінде де өте жақсы кісі еді. Жер бетіндегі жақсылардың бірінің азайғаны рас...

ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУ

Мария НҰРМАНОВА,

ҚР Ұлттық музейінің қызметкері

*Ойланамын дүние – жалған өтер деп,
Оғы тиіп байқаусызда кетер деп.
Бұл өмірде сыйластықтан басқаның
Бәрі – алдамшы, бәрі мүлдем бекер деп.*

*Ойланамын «өмір қысқа екен» деп,
Ойланасың «қайсы тұсқа жетем?» деп.
«Сұлу қыздың жанарындай дүниені
Қалай қиып, кімге тастап кетем?» деп.*

*Ойланамын «ой маржанын терем» деп,
«Ой жемісін болашақтан көрем» деп.
«Ойым барда, кеудемде бір жан барда
Өз ойымды, айтып қана өлем» деп.*

Бұл өлеңді ақынның басына талғаммен жасалған ескерткіш тақтадан оқыдым. Талай тұлғалар жерленген Кеңсай зиратының топырағы Сыр сүлейі Тұрымбет жыраудың немересі Ибраһим Бекмаханұлына да бұйырды. Сырда туып, қанатын қырда жайып, қаламды қанжар еткен ақынның өз пайымы мен өзіндік жазу стилі болды. Туған жерінен бастау алған еңбек жолы Арқалықта ашылып, Жезқазғанда жайқалып, Алматыда алға басты.

Суретінің оң жағына қойылған кітап макетіне көзім түсті. Кітап бетіне ойылып жазылған өлең қысқалығымен емес, тереңдігімен адамның жетем деген жеріне жетпейтінін меңзейді. Маған ақынның дауысы естілмесе де, мұңы естілді. Тек ақын емес, жұмырбасты пенденің бәріне кезексіз келетін жәйтті есіме салды. Қай жылы жазылғанын қайдам, тұнып тұрған қимастық.

Ибраһим Бекмаханұлы – дүниені жалпағынан баспаса да, шама-шарқынша еліне қызмет істеп, көмейіндегі атадан қалған сөзін көпшілікке қалдырған азаматтың бірі. Аласұрмай, аптықпай, болмысына қарай баппен жазып, бірқалыпты мінезімен, баяу үнімен барын беттеген журналист-ақын.

Мүмкін денсаулығы сыр бергенде жазғаны болар (*өз ойым*). Өзі айтқандай, өтіп жатқан алдамшы, жалған өмірде ақынға байқаусызда оқ тиіп жараланды. Жаны үшін ем іздеп шетел асты, күрделі ота жасатып айлап жатты. Үміті алға жетелеп, дәрменсіз денесіне Жаратқан мен дәрігерлер дем берді. Отаны мен отбасына оралып, жақсымын деп жымыып, өмір үшін күресті. Ауыр дертпен алыса жүріп, қаламы мұқалмай жазуын жалғастырды.


Өлең жолында мәңгілікке қалатын сыйластықтан басқаның бәрінің бекер екенін баяндапты. Сыйластық – адамдардың бір-біріне шынайы, риясыз көңілдерінің келбеті, көрінісі. Қысқа өмірдің қай тұсына дейін жететінін, қыздың сұлу жанарына теңеген дүниені қалай қиып, қапыда кімге тастап кететінін арыдан қайырған жолдары болашаққа деген күдікті болжамындай көрінді. Ойланып, ой маржанын тергенімен, болашақта ой жемісін көре алмайтынын сезді ме екен?! Кеудесінде жаны барда өз ойын айтып өлсем дегені, іштегі сарқылмайтын бұлақтан шыққан сөздері тарихта қалса дегені болар.

Әріпті құрап сөз етіп, сөзді құрап өлең ету де – екінің біріне бұйырмаған бақыт. Бақыты басында, сөзі аузындағы ақынның жазуы жарты жолда тоқтады. Өкінішке қарай, өлшеп берген өмірде дүниесін жинаған қоржынын қалың еліне қалдырып, келместің кемесінің мәңгі жолаушысы болды.

Ибраһим Бекмаханұлы жұртына қалатын сыйының сүбелі, әсерлі болғанын қалаған болар, соңғы демі шыққанша қаламын тоқтатпады. Өлсіреген сайын әлемі ашыла түскендей. Сыйға тартқан кітаптары мен біраз

дүниесін оқыдым. Жазғанынан жазары көп ақынның әлі де біз бен сіз естімеген, жарыққа шықпаған өлеңдері болар. Оған дәлел, өзі кеткеннен кейінгі «Аманаты» жарық көріп, оқырманына жетті. Бұл да болса ақынның көзі тірісінде еңбегінің еленгені. Алладан келген талантты арғымақ еткен ақындар өмірден өткенімен, артындағы сөзі өлмейтіні – шындық.

Ибраһим аға – мен үшін тұлғалығы мен тірлігі үндескен, сөзі жұмсақ, ойы терең ақын. Көз майын тауысып, қолын ауыртып жазған өлеңдері оқырман көңілінен кетпей, жас ұрпақтың кәдесіне жарайтыны хақ.



ҚҰРБЫМ МӘКЕШКЕ

Бақыттыбала ОСПАНОВА

Төрт жыл институтта бірге оқып, жатаханада бір бөлмеде тұрған аяулы құрбым Мәкештің де жары – белгілі қаламгер, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Бекмаханов Ибраһим дүниеден өткенде Мәкешке арнаған жұбату сөздерім еді... Ибекең ауырып жүрсе де менің жұбайым қайтыс болғанда келіп, көңіл айтып, жылы сөздерімен жұбатып кетіп еді, сұм ажал жылға жетпей өзін де алып кетті. Дүние жалған деген осы шығар...

*Сенің де жарың өмірден өтті
Жаралап жанды, жылатып.
Үлкен әулетті күңірентіп кетті
Асқар тауларын құлатып.
Амалың бар ма, жаратқан өзі
Қалған зой оны ұнатып.
Мәкешжан, саған күш-қуат тілеп,
Отырмын сөзбен жұбатып.
Алланың ісі, ал сенің оған
Амалың бар ма табылар?!
Ортақпын сенің қайғыңа, құрбым,
Жұбатуымды қабыл ал.
Дертіне дауа бола ма, деумен
Шет елдерге де апардың.
Сәтсіз болғаны өкінішті-ақ
Бістамбұлдағы сапардың.
Азамат еді, көңілі дархан
Жайдары, жайсаң мінезі.
Баурап алатын үлкен-кішіні
Отырған жерде бір өзі.
Елеулі болған еліне марқұм,*

Қалаулы болған халқына.
 Өлмейтін өлең, сөздерін жарқын
 Қалдырып кеткен артына.
 Қанаты бүтін сұңқар жоқ және
 Тұлпар жоқ бүтін тұяғы.
 Жанына жақын аяулы жанды
 Өлімге кімдер қияды?
 Солай болғанмен сабыр қыл енді,
 Алладан сұра ақырын.
 Қалаған күні алады Алла
 Өзі жаратқан пақырын.
 Тәңірім оған бұйыртсын орын
 Төрінен жәннат бейіштің.
 Жүзіңнен сенің көрмейін, құрбым,
 Қайғы мен ізін реніштің!
 Өтті де кетті дүние жалған,
 Құбыласы түгел бар ма, жан?
 Ұрпағы аман артында қалған
 Болсын деп тіле, Алладан!
 Біреудің ерте, біреудің кештеу
 Сөнеді екен жұлдызы.
 Шығармайтұғын әкесін естен
 Болсыншы аман ұл-қызы.
 Жүрегіңе енді жаратқан Алла
 Сала көрмесін қаяу-мұң.
 Әулеттің үлкен тірегі болып
 Жүре бер, құрбым, аяулы!

Қуанышымызға ортақтасушы едік, қайғымыз да
 ортақ болдық. Амал қанша?



ТҰҒЫРЫНАН ТҮЛЕП ТҰРАНЫҢ...

*(Қызылорда және Қарағанды облыстарында
И.Бекмаханұлының құрметіне өткен ақындар
мүшәйрасында оқылған өлеңдер)*



АҚЫН – ЖЫРАУДЫҢ БАЛАСЫ...

Уа, Тәңірім, тілеуімді мақұл қыл,
Көктен түскен ақын болған ақырғы ұл,
Қаламынан қасиеті сорғалап.
Қүдіретті өлең жазған ақын – бұл.

Өмір-өлең, өз сорымды кештім бе?
Мына жалған қалай сыйған бес күнге?
Азан дауысы естіледі мешіттен,
Ажал дауысы естілмейді ешкімге.

Беу, Қармақшы, құтпан дала ордалы,
Ақын көшті, алтын кетті қолдағы.
Жалпақ жұрттың жыртығына жамау жоқ,
Әулиелі жердің бәрі – молдалы.

Сыр даласы – кіндік қаны тамған жер.
Сарыарқасы – ащы терін алған жер.
Шәкизада қандыбалақ досы ма?
Лақат болды-ау, бабасынан қалған жер.

Қаратамыр, қарғатамыр от ұлдың,
Жыры – медет, жанарына соқырдың.
Құлпытасын қара өлеңмен қасқайтып,
Домбырамен дұға жасап отырмын.

Әз-жаныңа әуелі Алла мәңгі ие,
Жан – аманат, жан – қасиет, жан – кие.
Ибраһим – Қағба салған пайғамбар,
Ибраһим – ақын болған әулие.

Күңіреніп қобыз кеуде, сом жүрек,
 Қайғырады ғалам нұры сөнді деп.
 Әр жақсыға табылады шырақшы,
 Қармақшыда ақын өлді соңғы рет.

Сәби ақын, маңдай бағы жарқырап,
 Нұр жүзімен, хор қызымен сән құрап,
 Жұмақ бақта жыраулармен шай ішіп,
 Өлең оқып отқан шығар арқырап...

Ғазиз жанды ғазал жеңген ғәріп ек,
 Айтпа ажалға, айта көрме лағнет.
 Жүрегіне жерлеп алған ақынын,
 Бәйбішесі, сабыр ет!
 Бәйбішесі, сабыр ет!

Ақжол ТҮМЕНБАЙ



РУХПЕН СЫРЛАСУ

Қабір басы... Анау тұрған – тас қамал,
Тас қамалда жатыр білсең асқақ ар.
Бір үйінді топырақпен көмілген
Бір ғасырдың асылы деп жас тamar.

Өшіргендей жүректегі жалынды,
Қабір басы жауратады жаныңды.
Еріксізден жәудірейді жанарым,
Соқтырады санымды.

Өкініштер мұң боп келіп артылған,
Жүрегімнен жыр боп шығар қалқыған.
Ақын жанын сағынғанда емдеп жүр,
Ақын жаным жүрген ізің аңқыған.

Қанымдасың, тамырдасың, жан аға,
Жадымдасың, жаңғырасың санада.
Бәріміз де бір күндері жетерміз
Мен түсімде сені көрген жағаға.

Қараңғыда жол көрсеткен жарығың,
«Бекзат болмыс», жетпістесің, алыбым!
Амал нешік, Құдай ісі сынақ деп,
Мен сияқты сағынады тағы кім?..

Данияр ТӘҢІРБЕРГЕНОВ

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

*(ақын, журналист Ибраһим Бекмаханұлының
70 жылдығына арналады)*

Өзгеше арпалысып өлеңменен,
Жері жоқ биігінен төмендеген.
Поэзия, прозаға қалам тербеп,
Өмірін өрнектеген өлеңменен.

Отты жыр, текті ұлынды дарын қылған,
Төкті нұр, ұрпағына сағындырған.
Абай, Мұқағалидың жолын жалғап,
Поэзия биігін бағындырған.

Көтерді өлең желкенін қолыменен,
Ауыздықпен алысты долы дөнен.
Қара өлең өлкесіне қадам басты,
Сырдағы сүлейлердің жолыменен.

Ұрпаққа мың жыл азық, дара мұраң,
Тектілік байқалады әр қадамыңнан.
Теңіздей буырқанған сәттерінде
Туындылар төгілді қаламыңнан.

Сан топта өзінді-өзің қамшыладың,
Төгіліп келеді әлі тамшыларың.
Тер төгіп «Торғай таңы», «Сарыарқада»,
Жандырдың «Коммунизм шамшырағын».

Мойындады қатарың, сезді жат та,
Еңбегіңмен жеткенсің тез мұратқа.
Сан қызметте еселі еңбек еттің,
Іс жасап Қарағанды, Жезді жақта.


Әдебиет майданына келіп кірді,
Таланты оны өзгеден бөліп тұрды.
Кемел ойын прозаға тоғыстырып,
Рухани мұрамызды толықтырды.

Дарынды ұлын дәріптеп ел бектері,
Келдік өлең бесігін тербеткелі.
Болмысы бөлек, бекзат қаламгердің,
Еленіп жатыр, міне, еңбектері.

Арқалы ақын үнін, кел, тыңдашы,
Арынды өзен секілді, кең жылғасы.
Міне, биыл 70-ке келіп жатыр,
Қорқыт жатқан өлкенің өр тұлғасы.

Шарықтап жаздым жырды шабытпенен,
Өйткені сөз алыбын анық көрем.
Ибекеңдей дарынды, талантты ерлер
Мәңгі бірге жасайды халықпенен.

Айман ҮСЕНОВА



ДАРИЯ-ҒҰМЫР

«Дария көңіл, тау мүсін» – тектіліктің тұмары,
Мәңгі жырға қанбаған мейірінің құмары,
Менмендікті таптауы аяғының астына,
Мұсылмандық негізі, ол – құдайдың құлы әрі.

Арқау болған өлеңге асылығы – мінезі,
Алты адамға татитын атамыздың бір өзі.
Ақынымның әр жыры – асыл тарих мұрасы,
Алтын адам әлі де зерттелмеген бұл өзі.

Алты Алаштың серісі білу керек ел соны,
Нәсіп болған тағдыры – түсініксіз сел толы.
Құдай хақтан хабар кеп Ибраһим ағаның,
Ел ішінде өтеді ғұмырының ең соңы.

Ел қайғырып алады, жоқтағандай серісін,
Секемденіп іздейді өр Қармақшың сені шын.
Сен болғанда бүгінде жіберер ең, ер аға,
Секеңдеген талайдың басына орап терісін.

Ұлылардың ұрпағы болғаннан соң кешегі,
Ұлағатты жырыңнан ғаламат сыр еседі.
Ұрандатып жүргенмен, бір өзіңе, өр аға,
Ұланбектің мен сынды жете алмайды бесеуі.

Риясыз сырластым, алмасам да зор баға,
Алғысым да көп сізге, «Бекзат болмыс», сонда да.
Раян қақпа ашылсын алдыңыздан айқара,
Раббымыздан дәл қазір тілегенім сол ғана!

Бексаба ҰЛАНБЕК

ҚАЛАММЕН ЕГІЗ ТУҒАН ҚАЛАМГЕРІМ

Бұл жақта бір сәтке де қамықпаймын,
Қайтуға өз әлеміме жанықпаймын.
Мамыражай тірліктен ләззат алып,
Құдды бір көк аспанда қалықтаймын.

Осындай жыр әлемді қаладыңыз,
Жылдан жылға ұшталды қаламыңыз,
Махаббатпен жасалған әр ісіңмен
Өрлей берді биікке талабыңыз.

Адамды алаламай тең көрдіңіз,
Дос-туысқа әрқашан дем бердіңіз.
Көңілі жараланған оқырманды
Мәриям-сөз, жыр бұлақпен емдедіңіз.

Игі іспен көрінеді даналығың,
Баспасөзге әкелді жаңа қырың.
«Коммунизм шамшырағы» жеткізетін
Сіз жазған Қармақшының жаңалығын.

Тойыңа жыр арнауда далаң, елің,
Мен де бір өлең сүйген балаң едім.
Рухыңа бас иіп, жыр құрадым,
Қаламмен егіз туған Қаламгерім!

Мәдина ЕРАЛИЕВА

ТЕГІНЕНСІҢ ЖЫРАУ БАБА – ТҰРЫМБЕТТІҢ...

Деп өткен: «Ұрпағыма жырым жетсін»,
Тегіненсің жырау баба – Тұрымбеттің.
Атаңыздай шарықтап шабыт оты,
Қарсы алды шуағымен күлімдеп күн.

Әр сөзіңіз болғандай көп ұраны,
Ортада мәнді жырың оқылады.
Шыңға қадам бастырды демеу беріп,
Жыраулардың киелі топырағы.

Ісіңізге тәнтімін, аға, шыным,
Біліп өстің жасыңнан дала сырын.
Талай газет біледі қаламының
Қарымын Бекмаханның баласының.

Шәкірттерге әр кез үлгі болды ісімен,
«Тәлім алдық, – деп айтады, – ол кісіден».
«Дария көңіл, тау мүсін» ағатайым,
Елге әйгілі дара «Бекзат болмысымен».

Бір шумаққа әлемді сыйдыратын,
Өнеріңмен халқыңа сыйлы да атың.
Жетпісінің желкенін керіп отыр,
Ел ақыны ардақты Ибраһим.

Есебай ӨМІРТАЙ

ЖЕТИ ЖҰРТТЫҢ ТІЛШІСІ БОЛҒАН АҚЫН

Әсемдікті әкелген жыр бағына,
Ақындар дүр тұлғаны жырлады ма?
Бір сыр шертіп қайтайын жырымменен,
Сырдан шыққан ақынның сырларына.

Ақын ғой, айқын жыр ед(i) көп елесі,
Атасының артынан ереді есі.
Мәңгі есте тұруға лайықты,
Тұрымбеттей жыраудың немересі.

Әдебиетке жыр берсе мұндай тұнық,
Шын еріне артқанда сынбайды үміт.
Дүр еліне шуағын төкті біраз,
«Жүрегінің шуағын» жырлай жүріп.

Мүмкін емес ерлікті қарсы ұғары,
Көрінгенде шабыттың тамшылары,
Жырдың да шамын жағып жүрген ақын
Коммунизмнің болған шам-шырағы.

Бейне ғой өр тұлға боп сомдалатын,
Бар жырын өз ұрпағы қолданатын.
Алты Алашқа белгілі тұлға болды,
«Жеті жұрттың тілшісі» болған ақын.

Еңбегі мен еткені асады айға,
Бұл туралы пікірлер тасады ойда.
Негізі, сәл қызықтау халықпыз ғой,
Дегенмен кеткім келмес нашар ойға.

Өмірден кеткеннен соң ардақтаймыз,
Бұл деген – көп күмәнді басар ойға.
Осы жылы дүние салмаса егер,
Ақынның мүшәйрасын жасамай ма?

Нәзия НҰРХАСЫМ

ШАЙЫРДЫ ИБРАҺИМДЕЙ САҒЫНАМЫН

Желкенін шабытының жел керетін,
Қара сөз қуатымен дем беретін,
Ибраһим Бекмаханов ала-құла,
Қазақты бөліп жармай тең көретін.

Ғайбат пен өтіріктен болған ада,
Құлағын түрмей кеткен даңғазаға.
Жалғасы түпсіз жырау Тұрымбеттің,
Ұқсаған тектілігі ханзадаға.

Бір Құдай қуат беріп талабына
Жүйріктің қамшы басқан жарауына,
Таңында Қармақшының тілші болып,
Танылған Сыр елінің алабына.

Ақтөбе болғанымен туған елі,
Көп еңбек Жезқазғанда қылған еді.
Ер жігіт үйде туып, түзде өлген ғой,
Әйтпесе онда шақырған кім бар еді?!

Қоздатып көкейдегі қоламтаны,
Он төрт жыл мекен қылған Сарыарқаны.
Жеткізді ақиқатты сатирамен,
Қолдағы қару болып қаламсабы.

Қаламы жырдан ұшқын жарқылдатқан,
Ойының астарында алтын жатқан.
Бағына алты Алаштың туған ұлды,
Қай кезде де етеді халқым мақтан.

Табылған әр сөзінен мағына мың,
Шайырды Ибраһимдей сағынамын.
Ризамыз Қармақшының ел-жұртына,
Ақынның асқақтатқан әруағын.

Мұхамеджан МАНСҮРОВ

ӨШПЕС ҮНІҢ...

Жалпақ ой, өткір қылыш сөздерімде,
Жалын от шарпып жатса көздеріңде,
Жүрекпен сезінетін терең ойды
Көп адам, шын жүрекпен сезбедің де.

Шырқырап жүрегімен шырылдаған,
Өмірде бір жер жоқ ол жығылмаған,
Ақынның айта алмаған ойлары көп,
Сөзі емес қазіргінің дырылдаған

Елінің барлық мұңын жұтқан дара,
Әлпештейді самал жел сырттан ғана.
Отан үшін от басып тер төккенге
Мына жер мамық болар жатқан қара.

Біреулер түсінбеген шығар, бәлкім,
«Не бөстің?» деп алдымда тұрар әркім,
Барлығының үні өшіп қалған кезде
Ибраһимнің үндері шығар айқын.

Ғани СӘЙДӘЛІ

ТӘБӘРІК

Өлеңнің білген қадірін
Өз ұлы едің өнердің.
Алатаудайын алыбым,
Балауса жырға бөлендің.

Тұғырың болды туған жер,
Тынысың кеңіп, жыр жазған.
Діңгегің сенің – думанды ел,
Сәлем айт қайтқан мың қаздан.

Шәкизада, Алтай, Ибраһим,
Қайталанбайтын қолтаңба.
Үйрендік өлең имани,
Өздеріннің арқанда.

Қаламсабыңды қозғауға
Қолым бармайды қобалжып.
Айналды, аға, сөз дауға,
Арқама артты заман жүк...

Талай Ибраһим туылар,
Бекмахановтай бола алмас.
Сөз семсерін суырар,
Оғыланым енді оралмас!

Тұғырынан түлеп Тұранның,
Алатауға қонды ақыным.
Тәбәрік жыры Тұрардың,
Айтылған осы ақырын.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖАРЫҚ СӘУЛЕ ІЗДЕЙДІ ЖЫРЫҢНАН ЖҰРТ

Біссімлламен бастайын жырды алғашқы,
Қызыл тілдей қозғайын қынды алмасты.
Кеудесінде күмбір күй ойнап тұрған,
Сүлейлердің мекені бұл Қармақшы!

Туған талай тектімен асыл адам,
Бір Алланың тек нұры шашыраған.
Сан қырынан танылды ел алдында
Ибраһим секілді ақын ағам!

Жұмысына жаратып шамаңды елдің,
Алдында түсірмесің бағаңды елдің.
Несібесі артқан соң ұрпағына,
Бәсіресі белгілі қаламгердің.

Келтіріп қиналмай-ақ мол дәлелді,
Сендіру оңай артта қалған елді.
«Дария ғұмыр» әкетті-ау қаралы қып,
«Сыр мен қырдың перзенті» болған ерді!

Сен жырыңа талайды ғашық еттің,
Бірден қалып, біреуден асып кеттің.
«Шапағатын» сездірдің өлендердің,
Махаббатын білімге ашып көптің.

Халқың сені, ақыным, ұмытпайды,
Осылайша өлеңін сұрыптайды.
Жарық сәуле іздейді жырыңнан жұрт,
Қармақшы елі өзіңді ұлықтайды!

Еркебұлан СЕРІКОВ

ӨЛЕҢ-ҒҰМЫР

Қағаз бетін қаламмен өрнектеген,
Арзан ойдың бесігін тербетпеген,
Ол мен үшін өр рухты ақын еді,
Оқырманын өлеңге шөлдетпеген.

Толқындатып, тасытып асыл жырды,
Талайлардың тамсанып басын бұрды.
Атасынан дарыған арда өнерді,
Алашына аянбай шашу қылды.

Қанға сіңген қасиет қарға сіңбес,
Жалғар болса ағамдай жалғасын көш.
Тұрымбеттей тұлғаның туын ұстап,
Қалдырмады жырдағы арнасын бос.

Қазақ жерін аралап айналды ағам,
Мойындады Жезқазған, Торғай далам.
Жортып жүріп, жол тапқан арландарша,
Өр мінезі қазыққа байланбаған.

Халықты ойлап көңіліне қайғы алысқан,
Жүрегі оның тек жырмен байланысқан.
Тәңір солай жазған ба тағдырына,
Өмір бойы жазумен айналысқан.

Жалықпаған жазудан, жасымаған,
Өз ісіне болыпты ғашық адам.
Бір төбе боп тұрасың біздер үшін,
Ақтөбеде туылған, асыл ағам.

Сырым ӘДІЛБЕКОВ

ЗАҢДЫЛЫҚ

Негізден бала тумас арық-сөрек...

Қарасақал Ерімбет

«Негізден бала тумас арық-сөрек»...
Қашанда осы сөзге халық сенед(і).
Оқыдым туымды ердің ғұмыр жолын,
Алуға қолға қалам анық себеп.

Ал енді тереңірек үңілмекпін,
«Ей, көңілім, өректімей, бұрыл» деппін...
Атанған Кіші жүзде ән атасы,
Ұрпағы тұрды алдымда Тұрымбеттің.

Ел-жұрты елден ерек білер үнін,
Шегі жоқ халқым деген жүрегiнiң.
Құмынан Салқынбайдың тауып алған,
Тұрымбет – алтыны ғой Сыр елінің.

Бәз біреу байлығына малданыпты,
Ал біреу кедейлікпен жан бағыпты.
Алтынның сынығындай ағамызға
Атадан ән қалыпты, тал қалыпты.


Ғұмырды кім сүрді екен ондай мәнді,
Сөз айтқан төбе бидей төрде айбарлы.
Әйгілі Тұрымбеттен туған жалғыз
Бекмахан бір рулы елге айналды.

Кетерде ажал деген кеме келіп,
Алаңдап, қалмасын деп өнер өліп.
Түрекең аманат қып: «Ұста, – депті,
– Жүр екен шаңырақта өлең өріп».

Иә, құдай, талабымды оңғар, бабам,
Десе ер көкіректе шер қалмаған.
Даңғайыр, дуалы ауыз атасының
Айтқанын қылса ұрпақ кем болмаған.

Тұғыры туымды ердің мәңгі нық боп,
Ұрпағы өз міндетін алды жүктеп.
Атансаң бекзат болмыс Ибраһим,
Білеміз жазылмаған заңдылық деп...

Ұлықбек БЕКҰЗАҚҰЛЫ



СЫР-ҒҰМЫР

Жауар бұлттың секілді сілкінгені,
Артынан көрінгендей күн күлгені,
Тұрымбеттей атаңның жыр мұрасы
Тамырыңда өлең боп бүлкілдеді.

Табиғаттың тұңғиық тылсымындай,
Тамып түскен таңғы шық тырсылындай,
Бүлкіл өлең бауырын жазып алып,
Сарқырап ап жөнелді Сыр суындай.

Жамағаттың жауын боп шөлін басып,
Маңдайы да мәреден көрінді ашық.
Тізілді құс легіндей құсни өлең,
Кеудесін Сарыарқаның көгінде ашып.

Таң қылам деп тау аспай, теңіз кешіп,
Өлең-өнер – бойында егіз бесік.
Қарапайым қалпыңда ашылыпты
Жыр шаһарға апарар негізгі есік.

Қоя беріп, жолатпай жырға жүген,
Сырға да рең, қалдырып қырға да рең,
Жыр бақытын сездірген жайдары өмір
Жүрегіңнің жылжыпты ырғағымен.

Бек мүсін, бекзат мінез, көңіл сері,
Өстіп өрістетіпті-ау өмір сені.
Жомарт жүрек, мәрт мінез ақын жайлы
Домбырамның күй болып төгіл шегі.

Толқындай самалға сыр сала тулар,
Әуенін дала тынып, жаға тыңдар.
Өзі өмірден өтсе де, бақытты ғой,
Іздейтін оқырманы бар ақындар!

Саят ТҰЯҚБАЙ

СЫРДА ТУЫП, ҚЫРДА ӨСКЕН САҢЛАҒЫМ

Сиқырлы сезімдерге бөлеп жанды,
Ұйытқан небір сарай, нелер залды
Осы жұрт бұл күндері біле ме екен
Ибраһим Бекмаханов деген жанды?..

Өмірде берілді ме шын бағасы?
Болған-ды көсемсөздің бір дарасы.
Сыр елі – жыр елінде өмірге кеп,
Арқада қанаттанған қыр баласы.

Бойында Тәңір берген сыйы көп-ті,
Ары мен адамдығын биік етті.
Ғажабын туған тілдің талмай теріп,
Қазағын жүрегімен сүйіп өтті.

Жеткізген баспасөзде үнін көптің,
Айрықша өр болған-ды жырында екпін.
Жүзі еді жарқылдаған алдаспанның,
Ізі еді дүлдүл жырау Тұрымбеттің.

Қастерлеп туған ата әруағын,
Өнердің биіктетті шаңырағын.
Киелі Сырда туып, қырда өскен
Сырбазым, сыр мінездім, саңлағым.

Сүлейлер жырын қосып домбыраға,
Хакімнің тойында да болды дара.
Сол шақта Тәкежанның релін сомдап,
Бас жүлде алған еді сол драма.


Тындаған әуезесін ғасыр ұйып,
Ол өтті сүлейлерге басын иіп.
Мұрасын жыраулардың терең зерттеп,
Болған-ды ғылымда да бәсі биік.

Қамқор боп қазақтың әр баласына,
Еселі еңбек етті Алашына.
Інілік ізеті мол бауыр болды
Шын жүйрік Шымболаттай ағасына.

Атанып ақкөйлек дос, абзал аға,
Серпінмен сүрлеу салды сөзде дара.
Өшпейтін ізі қалды «Оргалықта»,
Сөнбейтін оты қалды Жезқалада.

Төредей құрған еді төрде кеңес,
Шырағы шын дарынның сөнбеген еш.
Ақ сырын айтып кеткен арда жұртқа
Жақсының аты, хаты өлмек емес!

Кайрат АСКАРОВ



ТАҒДЫР

(Ибраһим БЕКМАХАНҰЛЫНА)

Өмір – қысқа, әр сәт қымбат, терең нәр,
Ащысын да бар жаныммен көрем бал.
Ақын жайлы Сырда туып, Қырда өскен,
Жүрегімде жазылмаған өлең бар.

Жырым барда биік әр кез өр еңсем,
Тазартады көп күйбеңнен, көнерсем.
Мені еріксіз тербейді да тұрады,
Қармақшыдан бастау алған өлең сел.

Мына өмірмен жаның тауып келісім,
Қайсарлығың таң қалдырды ел ішін.
Жыраулардың мекенінде туып ап,
Жыр жазбауға хақың да жоқ еді шын.

Мәңгі өлмейтін басталды өмір күй-әні,
Тағдырың – бұл, көңіл гүлін жияды.
Сүлейлердің саркытысың кешегі,
Текті жырау Тұрымбеттің тұяғы.

Өмір өзі кез қылады, қарашы,
Жүрегімнің жазылардай жарасы.
Қазалыда – менің дағы негізім,
Қармақшымен алыс емес арасы.

Таңырқама, таң қалмашы аға сен,
Осы жайлы менің жырым бар әсем.
Қазалыдан шекара асып, от кешіп,
Көшкен жұрттың мен дағы бір баласы ем.

Азаттықпен бірге елге ұшқанмын,
 Арқа болып құшақ жайды құштар күн.
 Сондықтан да, жүрегімде бір мұң бар,
 Сондықтан да, қара өлеңге құштармын.

Күліп қарсы ап, сіміретін таң нұрын,
 Менің де аға ұқсас саған тағдырым.
 Ақжүрекпен төгіп өттің аямай,
 Сырда туып, мына әлемнің бар сырын.

Сені де аға Қарағанды өрлеткен,
 Ал, Алатау мәртебенді нұрлы еткен.
 Сырда туып, қыр түлеткен қыраным,
 Жезді, Ұлытау, Торғайың ғой тербеткен.

Көзді жұмсам, алып ұшар нұр елес,
 Ақ пен қара арасында кіл егес.
 Қара өлеңге адалдығың жанында,
 Өлерменнің өрекуі түк емес.

От-жалынсыз арман қанат қаға ма,
 Ақтарылмай жазылмайды-ау, жара да.
 Қармақшыдан қанат қағып өлеңнің,
 Өз ұлына айналдың сен жан аға.

Өзің жайлы айтылады ән үздік,
 Өттің аға адамдықты парыз қып.
 Баладайын аппақ аңғалдығынды,
 Бауырларың еске алады аңыз қып.

Жан-жүрегің найзағайдай жарқылдап,
 Әр кез саған болғаны анық ар қымбат.
 Періште боп келіп мынау өмірге,
 Өлең болып өткен ағам аңқылдап.

Өзің сынды тартқым келіп тегіме,
Түк қалдырмай сырымды айттым егіле.
Сен де әу бастан ұқсап өстің жеріңе,
Еңбегіңмен бетті болдың еліңе.

Арлы болдың ішінде жоқ аласы,
Жырға көмді байтақ қазақ даласы.
Көз нұрыңнан айырса да көп күйбең,
Жүрегіңе жетпеді оның шамасы.

Ақын ғұмыр жалын құшып, от сүйген,
Көкті бетке ап, самғап ұшып кетті үйден.
Өмір оты күйдіре алмас, қанаты,
Қызылқұмның ыстығына көп күйген.

Нұрлы өлеңді алмастырар байлық қай,
Сұрықсыз өмір – мына ақиқат жайды ұқпай.
Сырдың сазын аңсап мен де өтермін,
Өзің өткен ар жолымен қаймықпай.

Шерлі ініңмін өлең өрген күйіктен,
Құшағыма келем шаттық жиып мен.
Ұлытаудың ұларындай тұрсың сен –
Тілеуімді тілеп, заңғар биіктен!

Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ

ҚАРАШЫҚТА – ҚАРА ӨЛЕҢ

Қараша. Түн. Қиял шақ,
Қаракөз ару – ұялшақ.
Қарашықта – қара өлең,
Қара дауыл күй аңсап.

Қараталда аспан бақ,
Қарасораң баспалдақ.
Қара жолда өмір тұр,
«Қара бауыр қасқалдақ».

Қараөткелде жел есіп,
Қаражалда ел көшіп,
Қаракенгір – хан орда,
Қарауылтөбе – жер бесік.

Қара нарым – қара бел,
Қара Нұра, қара жел.
Қара топтан қара үзді,
Қара Дәулет – қарагер.

Қара таңба тағы бір,
Қарабетке бәрібір.
Қарашаны тонаған
Қарақшылар әлі жүр.

Қарағанды астында
Қара базар аштың ба?
Қара пұлын таппадық,
Қара маржан тастың да.

Қарабаста қара әлем,
Қара баста – қара өлең,
Қара желде қонады,
Қара жерге қар әрең.

Асхат ҚАЖЫТАЙ

ҰЛЫ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ!

Жүргеннен соң жыр-көшпен
Рухыменен тілдескем.
Сырбаз ақын ағамыз
Сырда туып, қырда өскен.

Сегіз қырлы Ер еді,
Кемелдіктің кені еді.
Жылы тиген жүрекке
Өлеңдері өрелі.

Ізі қалған далада,
Ізі қалған қалада.
Ұшан-теңіз еңбегі
Журналистік салада.

Ұлы – Ұлы Даланың,
Қару етіп қаламын,
Тастамаған жанынан
Сатираның садағын.

Тұлға бопты, текті анық,
Жоғалтып ап, жоқтадық.
70-не жеткізбей,
Арсыз ажал кетті алып.

...Құрметтеуді қош көріп,
Жатыр халқы ескеріп.
Ақын жайлы естиміз
Елден жылы естелік!

Мұқағали СЕЙІТҚАЗЫ

АҢСАУ

Тұрымбеттей жыраудан
Жұғысты боп жыр ауған.
Сырда туған сырбазым,
Тілі өткір сегіз өрім дыраудан.
Арқа мен Сырды тел еміп,
Тұғырлы ерім ту алған.
Жүрегі күйге бұланған,
Көңілі ада қылаудан.
Сіз кеткелі құс біткен
Арылмағандай жылаудан.
Сағыныштың сазындай
Тырналар салған тыраулы ән.

Жігерінді құм қылып,
Сағыңызды сындырып,
Бозінген жыр боздағанда
Құлағыңды тұндырып,
Өзге елің өктем боп,
Есі дұрыс адамдарды
Жібергенде жынды қып,
Жүрегінді мұң жырып,
Бодандықтың бұғауын
Бұзып шықтың сындырып.
Найзағайдай жарқ еттің,
Намыс туын шыңға іліп.

Өнермен өрістеген ырысты ұл,
Қиып түсер қылыш тіл,
Өрнегі мол, өлеңің де алтын-тын,
Ақтарылған сөзіңіз де – күміс бір.
Емендейсің иілмеген нар ағам,
Жүйрік едің шын ұшқыр.
Бүгінгілер дәл сіздей
Бола алмай жүр ұлысқа ұл.

Жапырақ жүрек жұлынып,
 Атырап жасы сығылып,
 Қорқау біткендер бұғылып,
 Қолтықта жүрсе тығылып,
 Жанын жалдаған жағымпаз,
 Арын былғаған кұр үміт.
 Тарланмын деген талайлар,
 Таныта алмады ірілік.
 Осыларды көрер ең,
 Ағатай, келсең тіріліп.
 Ұлтыма мынау жетпей тұр
 Сіздегі ғажап ұлылық!

Нұрдос КӘРІМ

ҰРПАҚҚА МАҚТАН

Көп естігем сөзге зергер деп,
 Бірақ мен өзім көргем жоқ.
 Артында қалған мол мұра,
 Ибраһим ақын өлген жоқ.

Аты алысқа кетеді,
 Ұрпағы мақтан етеді.
 Жетпесе де өзі ғасырға,
 Өлеңдері өріп жетеді.
 Ерте ме, кеш пе, әйтеуір,
 Өмірден адам өтеді.
 Пайғамбарды алған сұм ажал
 Кімге рахым етеді?!
 О дүниеде ақынның,
 Жұмақта болсын мекені.

Машайық НҰРШАЙЫҚ

СЫРДА ТУҒАН СЫРБАЗ ҰЛ

Жырым-жырым жүрек төксе жырын көп,
Аспан асты алай-дүлей зар көшкен.
Ән атасы Кіші жүзде – Тұрымбет,
Немересі – өлеңдегі наркескен.

Асықпаңдар, аялдаңдар, тосыңдар,
Саф өнермен егеспейді еш ұғым.
Иіні ауыр, Алашта ақын қос ұл бар,
Иеленген Ұлы Абайдың есімін.

Бабам салған ән, термеде бар тәлім,
Тұма-бастау, төгіледі тұнба жыр.
Арқаладың жаңалығын Арқаның,
Айналайын, Сырда туған сырбаз ұл.

Сандаламын, санам толып сан ойға,
Қара өлеңге қалғанымда қаталап.
«Сырдария-Ұлытаудан» тарай ма
«Жарық сәуле», «Сағымсары», «Шапағат»?!


Жадында емес, жүректегі Тәңірдің
Екінші аты – «халық» дейді, нәті ұлық.
Отанға ода жаздың, қылқаламыңды
«Жүрегіңнің шуағына» батырып.

Сөнген сәтте кеудедегі бір алау,
Тіршіліктің күңіренген аз ба әні?
Аға, сені жоқтап жатқан шығар-ау,
Сызылтып сап «Сыр мен Арқа саздары».

О, қара жер, құшағыңды жай, қане!
Мені де өлең тауысатын түрі бар.
Кең дүние, кеңдігіңнен пайда не?
Тек Кеңсайдан байыз тапса Ұлылар.

Жырым-жырым жүрек төксе жырын көп,
Аспан асты алай-дүлей зар көшкен.
Ән атасы Кіші жүзде – Тұрымбет,
Ибраһим – өлеңдегі наркескен.

Аружан ОРАЛБАЙ



ЖЫР-САНДЫҚ

*(Бұрын жарияланбаған өлеңдер,
арнаулар, достық әзілдер, сықақтар)*



КҮНГЕ КЕРСІН ҚАНАТЫН КЕРЕГЕЛЕР!

Жан нұры сұлу болып жаратылған,
Тағдыры ғажап сыр ғой дара тұрған,
Ананың шат көңілі шалқып-тасып,
Ән ескендей ақ жүрек қанатынан!

Шаттыққа көңіл қалай шалқымасын?
Тойдың бұл жөні бөлек, салты басым.
Ұрпағы мың жасатып, мың көркейтіп,
Көтеріп жатыр көкке алтын басын!

Бұл бір күн – ерекше күн, той думаны,
Осындай тойдан үлкен ой туады.
Баланың жасап жатқан шын құрметі,
Ананың ең қымбат сый – бойтұмары!

Ұл-қызы, немере бар, шөберелер,
Еңбегі ақ әженің, елене бер.
Биіктеп шаңырағы әрбір үйдің,
Күнге керсін қанатын керегелер!

АЛМАТЫ – АҢЫЗ ҚАЛА

Алатауды сәжде ғып орап алған басына,
 Бабамдайсың, Алматы, кең қолтығы сәгілген.
 Ақ күмістей бояуын жағып алған шашына,
 Анамдайсың, Алматы, мейірім оты төгілген.

Түн түнегін күзетіп, таң жарығын қорыған,
 Қамалдайсың, Алматы, айбыны бар сесінде.
 Әрбір атқан күніңді жақсылыққа жорыған,
 Самалдайсың, Алматы, Ұлы Дала көшінде!

Өтті бастан не заман, өтті небір қапылған,
 Жатыр әлі ашылмай тарихтың көп көбесі.
 Азаттықтың жолына жебе болып атылған,
 Сонау ерте кезден-ақ Сақ, Үйсіннің жебесі!

Ескі қамал, қорғаны сөйлеп кетсе бір майдам,
 Шындық қаулап шығады өз-өзінен дән жарып.
 Аңырақай шайқасы – тарихтағы дүр майдан,
 Ерлік рухы ұрпаққа мәңгі өшпейтін тәбәрік!

Әз Алматым – Ар мүсін-шаһарлардың атасы,
 Бас ие боп киелі шаңырақтан от өрген.
 Қабыл болып Жамбылдай ақын баба батасы,
 Бауыржандар майданда Ерлік рухын көтерген!

Адымың бар алыптай замананы толқытқан,
 Алатаудан нұр шашып күнің атты жайдарман.
 Жетісуды кең жайлап, қолына ай қондыртқан,
 Елің – жомарт, жерің де соған лайық бай дархан!

Апортың бар алқызыл қыз ерніңдей сүйкімді,
 Мұндай алма сірә да жер бетінде жоқ, тегі.
 Алма сатқан қыз көріп көкірегіме күй тұнды,
 Сол арудың жанары неткен сұлу, отты еді!

Ару қала – Алматым, арман қала – аңызсың,
 Азаттықтың Туын сен нық ұстаттың қолыма.
 Сәулетіне көз тоймай жүректен жыр ағыздым,
 Құрбан болып кетейін Сұлулықтың жолына!

КӨКТӨБЕ

Көктөбенің етегі – тұнып тұрған ертегі,
 Көктөбенің желегі – ғашықтардың мекені.
 Осы маңай көзге ыстық –
 Алматының төріндей,
 Неге екені белгісіз, жүрек шым-шым етеді...

Көктебенің баурайы – жұмбағы көп тылсым сыр,
 Ашатын да кім бар-ау соның жабық құлпын бір?
 Көктебе жақ көңілді бұрғызбай бір қоя ма,
 Сұлу қыздар жүргенде, сұлу қыздар құрғырлар...

Әсем қала Алматы Көктөбемен шырайлы,
 Сан ғашықтар осында бастарын кеп құрайды.
 Шетел асып барсаң да Алматыны білетін,
 Жұрттың көбі бірінші Көктебені сұрайды.

Көктебеге көктем де ерте келер асығып,
 Көктебеде гүлдейді алма ағашы – жас үміт.
 Мына сұлу қаланың көркіне нұр себуге,
 Көктөбеден биікке күн барады асылып.

ТОЙЛАРЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН БӘРІҢІЗДІҢ!

1983 жылы мамыр айында Қазақ әдебиетінің Қызылорда облысындағы күндері болып өтті. Сол күндері қазақ әдебиетінің бір топ өкілдері Қармақшы ауданына келген еді. Қонақтарды қарсы алуға кезінде бұл арнауды жырау Бидас Рүстембеков орындаған еді.

Ордасы өлең-жырдың, өнегенің,
 Мен де бір Қармақшының өрені едім.
 Қаумалап келген мынау көпшілікке,
 Сәлемін жеткізейін өнерлі елдің!
 Бүгін той ауданымда болып жатыр,
 Тасытып қуаныштың кемерлерін!
 Сыр бойы құшақ жайып қарсы алуда,
 Елімнің сөз зергері шеберлерін.
 Әбділда, Жұбан, Қалтай ағаларым,
 Теңіздей буырқанған тереңдерім!
 Жазушы, ақындарға шын жүректен,
 Алғысым әрқашан да ерен менің!
 Тойларың құтты болсын бәріңіздің,
 Гауһардай жарқыратқан өнер кенін!
 Мен бүгін қуаныштан тасып тұрмын,
 Еліме бітпеген-ау өнер тегін.
 Көрікті, сұлу Сырдың сүлейлері,
 Көркейтіп кетті жырмен өз өлкесін.
 Дүниеден өздері өтіп кетседағы,
 Олардың мәңгібақи сөзі өлмесін!
 Жүз жылдық тойы келіп Түрекеңнің,
 Шалқыдық екі тойды көз көргесін!
 Танытты назым жыры тамсандырып,
 Халықтың құрметінің өзгермесін.
 Алтынды бағалайды қашанда елі,
 Ұғатын мағыналы сөз пердесін
 Рахмет қасиетті Қармақшыға,

Қастерлеп, құрметтеген өз перзентін!
 «Сыр елі – Жыр елі» деп атанғандай,
 Тасиды жүректегі нұрлы өзенім!
 Өмірге, өнерге де ғашық жанның,
 Жүзінен ереше бір сыр сеземін.
 Бүгінгі тойға шашу алып келген,
 Өнерпаздар күтумен тұр кезегін.
 Сіздерге көрсететін өнері көп,
 Берейін соларға ән мен жыр кезегін!

ОРДАСЫ ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫҢ...

Ғалым Жайлыбайға

Ғалым дос,
 Ғалым інім, Ғалым ақын,
 Байтаққа тай күніңнен мәлім атың.
 Бүгінде тұлпар болып, төске өрледің,
 Жайың бар алты Алашқа танылатын!

Тербеліп боз даланың құндағында,
 Ерте ендің бозбаланың нұр-бағына.
 Аралап Түгіскеннің ой мен қырын,
 Саралап алдың жырдың ырғағын да.

Қызғалдақ тере барып қыр басына,
 Жыр оқыдың құрбы қыз, құрдасыңа.
 Сен оқыған жырға олар мән бермеді,
 Айналған соң жынды Әбен сырласыңа...

Уа, тарих,
 жастық өтті желкілдеген,
 Би қалды клубтағы селкілдеген.
 Қой бағып, жылқы қуған көп күндерің,
 Жоғалды комсомолдық екпінменен.

Бойдағы желік-шабыт үрледі ме,
 Ілестің өмір-керуен дүрмегіне.
 Жарқ еттің «Лениншіл жас» беттерінде,
 Аудандық газетте сен жүргенінде.

...Шымырлап бойда өлең шыдатпады,
 Шақырды арман қала жырақтағы.
 Арқадан ардакүрең бір арғымақ
 Төріне Алматының тұрақтады.

Төр дейді...
 Төрге қалай қоса алады?
 Есінде... күзетті бұл босағаны.
 Ұмыта алмас пәтердің қожайыны –
 Арақ ішкіш Коля мас ағаны.

«Басқа түскен баспақшыл» – заман заңы,
 Қанша пәтер жалдады, амалдады.
 Қасым ақын сияқты көп қиналды,
 Болғаннан соң басты арман – бала қамы.


Жапырағын жанының жайып, ашып,
 Сезім, мұңмен өзінше қайымдасып,
 Алатаудай үмітпен отырды ақын,
 Ақ паракқа маржандай ойын шашып.

Жырдың жолы – қашанда жойқын сынақ,
 Жырын жазды өзгеше ой тың құрап.
 Ардакүрең ақынды асқар шыңға
 Бастап ала жөнелді ойшыл мұрат.

Тағдыры бар тамырлы өркендеген,
 Қарашығы – қара өлең, көркем өлең.
 Алашына жетіп тұр үні оның,
 Самалындай Арқаның еркелеген!

«Жүрегінің жұлдызы» жайнап туған,
«Құс қанатын» жанына байлап, бұған,
Поэзия ауылын дүбірлеткен,
«Ардакүрең» тағы да айғақ бұған!

Жауһар жыры – байлығы, бар асылы,
Бір жүйрігін ел-жұрты таң асырды.
Құлагердің келгенін қарақшыға,
Көзбен көру не деген жарасымды!



АРҚАНЫҢ АРДАКҮРЕҢ АРҒЫМАҒЫ

Ғалым Жайлыбайға

Жырынды жәмиғатқа жаршы қылып,
Тізгінді төскей бетке қарсы бұрып,
Құлагер шабысыңмен танылдың сен,
Тойыңа тұлпар жырды бас білдіріп.

Арқаның Құлагері – апайтөсім,
Сен қазір жалғап жүрсің Абай көшін.
Терінді моншақтатып таң асырып,
Алдың ғой тұлпар жырдың талай есін.

Жаныңның жапырағы өркен жайды,
Мақамың сөйлеп кетті ертең жайлы.
Ақын көп, бірақ соның бәрі сендей
Өлеңнің шертпе күйін шерте алмайды.

Уа, дарих, ақындығың атқан оқтай,
Сексеуілмен қыздырып жатқан шоқтай.
Жұртыңды жылындырдың жырыңменен,
Ауылдың исі аңқып, жаққан оттай.

Белгілі нәзіктігің, сыршыл үнің,
Мұқағали ақынша сілкіндің шын.
Ақындар да әртүрлі келеді ғой,
Бірақ сен, біртүрлісің, біртүрлісің.

Біреулер жоқтан өзін бар қылады,
Біреулер өзін биік нар қылады.
Шаба бер, шабысыңнан тайма дәйім,
Арқаның ардакүрең арғымағы.

2000 жыл

ҚАРА НАР

Бас режиссер Жанат Хаджиевке

Бурыл тартып төгілген шашы қандай,
Дұшпаны қарсы келсе жасығандай.
Кәтекі қара нардың нағыз өзі,
Бойында күш-қайраты тасығандай,

Жүрегі кең даладай аңқылдаған,
Найзағайдай кезі көп жарқылдаған.
Кей-кейде домбыраға ұқсап кетер,
Төрде тұрып, көптен бері тартылмаған.

Бірде ашық, бірде жұмбақ көңіл күйі,
Осы ма бұйырғаны, өмір сыйы?!
Білмейді қара нардай мыңқ етуді,
Көтеріп ауыр жүкті тұр иығы..

Театрдың көтерді ол көкке атын,
Гран при – Бас бәйге көп болатын.
Осындай еңбегі бар Қара нардың,
Жөні жоқ құрмет, сыйдан шет қалатын.

* * *

Қарсы алып бұл өмірдің бұла таңын,
Қазақтың қарапайым ұлы атандың.
Қимай жүр саған неге Алматы жақ,
«Өнердің қайраткері» – бір атағын?!

1994 жыл

БІР ӨЗІ – БІР ТЕАТР ШАМЫРҚАНСА

*Қазақстанның халық артисі
Досжан Жанботаевқа*

Бойында қара нардың қайраты бар,
Ханның да, қараның да айбаты бар.
Бұл Доскең сахнаға шыға келсе,
Көзіңе елестейді бай, батырлар.

Киелі өнер иесін даралайды,
Жұлдызын биік етіп, саралайды.
Халықтың артисі боп шыға келді,
Аһ ұрғызып жапанда Қарабайды.

Бұл Доскең ойнамаған рөл қалды ма,
Сонда да көрерменнен шөл қанды ма?
Прометейдің отындай жарқылдады,
Құдайдайын елестеп ел алдында.

Күн көсем Ленин болып асқақтады,
Қатулы Сталиндей қас қақпады.
Маскүнем, қайыршы боп ойнағанмен,
Доскеңнің жасыған жоқ асқақ жаны.

Бір өзі – бір театр шамырқанса,
Көрермені қарап тұр таңырқаса.
Жасай бер, Доске аға, самға биік,
Ырзық, дәм бергенінше Тәңір қанша!

2000 жыл

САЗГЕРМЕН СОҒЫ СЫРЛАСУ*Марат Түсіпбековтің рухына*

Көңілім құлазыды тағы неден?
Құлады ән бағында алып емен.
Қаралы сол бір хабар қаңтардағы
Кетті ғой жүрегіме салып шемен.
Сенбедім...

Сергелдең күй кешкен едім,
Тағдырдың бұл ісінен сескенемін.
Тірліктің ырду-дырду күйбеңімен,
Бармаймыз байыбына ештеңенің.

«Емделем, Қарағанды барамын», – деп,
Үмітпен ертеңіне қарады көп.
Сол жолы біздің үйге келіп кетті,
«Ән шіркін, мазалап жүр, қарағым», – деп.

Бір әнге сөз керегін байқадым да,
Мен күлдім... Басымды сәл шайқадым да.
«Ән қайда қашар дейсің, емделіп қайт»...
Жымыды ол осы сөзді айтқанымда.

Жымыды...
Кәдулгі қалпын сақтап.
Көзінен үшқындаған жарқыл тастап.
Содан соң көрген жоқпын жымығанын,
Жоқтауын кетті жары Алтын бастап.

Мәкеңнің ақ өлімі есте қалды,
Есте қалды, қаралы көш тарады.
Бір ән қалды...
Жазылмай бір ән кетті,
Ал тыңдарман көзінен жас тамады.
...Өлді деуге көңілің жасқанады.

САРЫСУ ПЕРЗЕНТІ

Жазушы Апбаз Қаражігітовке

Сарысу бойы...

Сарбелде туды бір бала,
Сандуғаш үнін тындады сосын ұрлана.
Сұлулықтың сырына қану үшін де,
Сұлуларға арнады талай жыр-нәма.

Сарысу бойы...

Есінде арман – асыл ән,
Жастық бұл дәурен өтпеді кімнің басынан!?
Даналық ойдың сырына қану үшін де,
Қарттардың ылғи шықпайтын еді қасынан.

Сарысу бойы...

Сарысу елі көреген,
Әр тасы – тарих, қаланып қалған көнеден.
Ұлытау сынды ғажайып сұлу өлкенің
Күдіреті ғой құрметке Сізді бөлеген.

Сарысу бойы...

Бастауы барлық ғұмырдың,
Қолдауы шығар әулиелер мен Қыдырдың.
Журналист, ұстаз, жазушы аға атанып,
Ел үшін қандай іске де болса жүгірдің.

Сарысу бойы...

Сарыарқа жұртын қуантып,
Жетпіске келдің арқаңа біраз жүк артып.
Апеке аға, маржандай сөзді төге бер,
Топ бастап әлі жүргенің бізге көп артық!

1993 жыл

СЫР МЕН ҚЫРДЫҢ ҰЛЫСЫҢ...

Абдолла Дастановқа

Шақырып шаңқай түсте шабытымды,
Ей, Абдолла, ағаң бүгін ағытылды.
Жолдаймын саған сәлем Алатаудан,
Арқаға бұрып алып бағытымды!

Толассыз дүние-дүрмек көшіменен,
Жүрміз біз анда-мұнда көшіп елмен.
Көп сәлем кенді өлкенің бар жұртына,
Жігітпіз осы жерде өсіп-өнген!

Сен де, мен де Сырда туып,
Қырда өстік,
Ұлытау – ұлт ұясы, ұлға – бесік!
Мен қалай қуанбайын, інім, сені
Ұлытау мақтап жатса тұлға десіп!

Ол – сенің абыройың асқақтаған,
Жігітсің жеке жүріп, бас бақпаған.
Қашан да шындық отын үрлеп жағып,
Сардардай көрінесің қас қақпаған!

Маржандай сөздерің бар сүзіп алған,
Қалтқысыз еңбегіңмен жүзің жанған,
Қаламгерлік қарымың елге мәлім,
Кемшілік, кедергіні бұзып жарған!

Жоғалмас өз тұғыры орны бардың,
Жақсы жырға шөліккеп жолығармын...
Шабытың дариядай шалқып, тассын,
Сырда туып,
Қырда өскен оғланым!

Ерттеп мініп кер Елу тұлпарыңды,
Өрнектедің қаламмен нұр-шағынды.
Тәуелсіздік – ұлы той қарсаңында,
Қуанта түс жұртың мен ұрпағыңды!

20 қараша, 2011 жыл

ӨЗІ АДАЛ, КІШІПЕЙІЛ КІСІ БҰЛ

Әбдіқадыр ағаның 50 жылдығына

Бір кездері айдынды Арал төрінде,
Торсық шеке бала келді өмірге.
Аңсап күткен бір домалақ келді деп
Кемпір-шалдар тәуба десті Тәңірге.

Азан айтып, Әбдіқадыр аталды,
Одан бері қаншама ол бата алды.
Әбекеңнің Аралда өтер бұл тойын
Атап жатыр Жезқазғанның шаһары.

Орын көп қой біле білсең түсіне –
Өзі адал, кішіпейіл кісіге.
Бұл Әбекең қай жерде де жүреді
Қамқор болып үлкен менен кішіге.

Бір ауыз сөз ешкімге артық айтпайды,
Алдына бар, ешкім ренжіп қайтпайды.
Құдай қосқан қосағы бар Күлмәштай,
Бар білгені – сол жеңгейді мақтайды.

Ал Күлмәш та сөзден ауыз жаппайды,
Ол да әркез бұл ағаны мақтайды.
Әбекеңді мақтамасын қалайша,
Бәрібір ол одан артық таппайды.

Көп екен ғой ұл мен қыздың қызығы,
 Жанып жатыр шаңырақтың жұлдызы.
 Бау-бақшасы жайнап тұрса сарқылмас,
 Әбекең мен Күлекеңнің ырзығы.

Осы мақсат, көп арманның өрінде,
 Көрді, міне, елуінің төрін де.
 Құтты болсын елуіңіз, Әбеке,
 Жүзге дейін қарттыққа еш берілме!

РУСЛАН МЕН АЖАРҒА

(Отасқандарына 17 жыл толғанда)

Жұбайлықтың көш-керуенін түзеткен,
 Он жеті жыл – он жеті жаз, күз өткен.
 Бұл Руслан – нағыз мықты жігіт қой,
 Он жеті жыл Ажар көңілін күзеткен!

Бір шаңырақта тұзу түгін түтеткен,
 Сыйластықты қадір тұтып, гүл еткен.
 Бұл Ажардай әйел бар ма дүниеде,
 Он жеті жыл Русланды түлеткен.

Бірің – келін, бірің – жақын інімсің,
 Көңілімнің көркейтетін нұрын шын.
 Тойларыңа ақ тілегім – жыр шашу,
 Сырдарияның арнасы боп бұрылсын!

Өмір-өзен ағып жатыр арнасы,
 Арман көп қой, көңіл қайда бармады?!
 Бір қыз және қос ұлдарың ержетті,
 Осы емес пе бақ-жұлдыздың жанғаны!

Осы ақ тілеу орындалсын таңдағы,
 Көңіл бүгін биік шыңға самғады.

Отбасының амандығы – мол бақыт,
Жаңғыртайық сыйластықты алдағы.

Сыйласайық шын көңілмен бәріміз,
Бірге шалқып, бір самғасын әніміз.
Жұптарыңды жазбай мәңгі жүріңдер,
Талай тойды өткіземіз әлі біз.

1994 жыл

ЖАНЫМДАЙ ЖАҚСЫ КӨРЕР ҚАРЫНДАСЫМ

Меңжамалдың туған күніне

Жаны нәзік жаралған Меңжамалым,
Арқаның сен бір сұлу маралысың
Мен саған қолдан келсе, сыйлар едім
Дүниенің інжу-маржан бар асылын.

Жүзі жарқын, жаз дидар Меңжамалым,
Сен бір еркін құсысың кең даланың.
Қымбатсың ғой сен маған, Мәкешке де,
Ерландай менің тентек балам үшін!

Сен қызсың жаратылған арлы мүсін,
Биік мақсат, арайлы арман үшін.
Бола бер өз халқыңның қалаулысы,
Жанымдай жақсы көрер қарындасым!

1995 жыл.

ТӨРТІНШІНІ БІТІРГЕНДЕ...

Ұлым Ерланға

Білім – теңіз, ұстаз – ойдың кемесі,
Жас ұрпақтың биік болсын өресі.
Төртіншіні тауыстыңдар, міне, енді,
Болашақтың көрінгендей төбесі.

Жақсы үмітпен ілгерілеп көштерің,
Енді есейді ақыл-ойың, естерің.
Ата-ана мен ұстаз көңілін қуантып,
Тек көбейсін бұдан былай «бестерің».

Ойын-қызық оның бәрі керек қой,
Бір-бірінді ақыл айтып, демеп қой.
Өсер елдің баласына лайықты
Бойларыңа серік болсын зерек ой.

Сендер барда біз де сергіп, күлейік,
«Ұл-қызымыз жақсы оқып жүр» дейік.
Асулардан асуларға биіктеп,
Тәуелсіз ел ұрпағы боп гүлдейік!

...Ұлым Ерлан төртіншіні бітірді,
Бір тамаша ой айта алам ба ұтырлы?..
Әкемін ғой, балаң шақты ойға алып,
Отырмын мен сезім кешіп бір түрлі.

1997 жыл

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ, ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ...

Қасым Орынбетовке

Сөйлеп кетсе – шежіре, жатқан аңыз,
Сырсандықтың ішін сан ақтарамыз.
Асылдардың сынығы жүрген дара
Біз бүгін Қасымдармен мақтанамыз!

Дүлдүл ой, дөнен көңіл жарысқанда
Бойда жігер, ойнайды намыс қанда.
Тұлпарлардың тұяғы Қасекемдер
Тізгін тартпас үзеңгі қағысқанда!

Киелі өлең!
Күдіретің күшті неткен,
Өлең десе көкке ұшып, төбең жеткен.
Нар-бабаң – Нарманбетті кім білмейді,
Қазақты Абайдан соң елеңдеткен!

Сол тұнық бастау нәрін қанып іштің,
Бала-бүркіт көңілмен алып ұштың.
Өзегінді суарып қалың ойға,
Құшағында отырсың сағыныштың.

Жастық шағың жүр әне, сағым-белде,
Сағынышың – сөнбейтін жалын кеуде.
Сен де бір азаматсың атан жілік,
Туған жердің жаралған қамын жеуге!

Тоқырауын толқыны – теңіз-жырың,
Қызыларай таулары – сезім-сырың.
Ақ айдынды Балқашқа барған сайын
Тағдырына көп салдың көздің қырын!

Ақтоғайың – ол сенің арман-әнің,
Дәуітәлімен сол әнді жалғап едің.
Ақын досың бүгін жоқ, көңіл орта,
О, дүние, не деген жалған едің?!

Енді, міне, алпысқа толып тұрсың,
Толып тұрсың... жан-жақты шолып тұрсың.
Құс жолындай тірлік-ай, тізбектелген,
Тек саған ұзын жолын жолықтырсын!

Кеудеңде білем отты жасын барын,
Болмасын іште құса, басыңда мұң.
Қаламыңның қайратын таныта бер,
Төк енді жаңа келген ғасырға сыр!

2000 жыл

НЕСІБЕСІ ХАЛЫҚТЫҢ

*Жезқазған сүт заводының жаңадан ашылу
салтанатына арнау*

Армысыздар, әлеумет, жамағайын,
Осы тұрған көпшілік, бар ағайын!
Той боп жатыр Ұлытау бөктерінде,
Арулардың нұрланып арай таңын.
Әйел жаны гүлден де нәзік келер,
Жыр шашуын Сіздерге мен арнайын!

Әйел-ана – құдірет, әйел – дана,
Кім жетеді Қыз Жібек, Баяндарға?!
Бүгіндері олардың сіңділері,
Ие болған зәулім, кең сарайларға.
Іскерліктің тұтқасын қыздар ұстап,
Болашаққа қарайды арайлана..

Бөленіп ел алғысы, шапағатқа,
Кәсіпкерлер көбейді Арқа жақта.


Қыздар да көп қажырлы ісіменен,
 Ие болған құрметті атақ, атқа!
 Солардың алғашқы бір қарлығашы –
 Мың рахмет кәсіпкер Салтанатқа!

Ел-жұрты бүгін оған қуанып тұр,
 Бизнеске қолға нық ту алып тұр.
 Күні кеше тірлігі тоқтап қалған,
 Сүт зауыты жанданып, нұрланып тұр.
 Салтанаттың осынау бастамасын
 Президенттің өзі де құп алып тұр!

Сәтті болсын жақсы істің бастамасы,
 Бұл Жезқазған – жаңалық астанасы.
 Ақ май сорып, сүт, қаймақ іше берсін,
 Еңкейген қарт, еңбектеген жас баласы.
 Тәуелсіздік он жылы арайлансын,
 Азаматтар көбейіп бастамашы!

Той, думаның, халқым-ау арта берсін,
 Бірлік көші күнгейге тарта берсін!
 Сәбилердің күлкісі сыңғыр қағып,
 Бал қаймағын шаттықтың сарқа берсін!
 Несібесі халықтың таси түсіп,
 Айран ішіп, қазы мен қарта жесін!,

2001 жыл



АҚЫН ТОЙЫНА

Жеңіс Қашқыновтың 60 жылдығына

Жанына нұр септі ме,
Шоқысы Қызыларайдың?
Алдыңнан сенің жарқырап,
Шығып тұр, міне, арай күн!
Толқынды жалы атқылап,
Тоқырауын өзеннің,
Балқашың да қол бұлғап,
Қуанып жатыр бар айдын!

Ей, аға, сені танымын,
Осындай өрлік қалпыңмен,
Қалыпты ғой көп аңыз,
Сонау бір сері салтыңмен.
Ақтоғай, Балқаш, Ақадыр,
Таусылмас әркез құрметі.
Қауышып бүгін жатырсың
Ұлытаудағы халқыңмен!

Жырларың сенің екпінді
Жанартау болып жатыр ғой...
Жүрегіңнен атқылап,
Намысқа толы батыл ой.
«Алпысқа бүгін келдім» деп
Той тойлау, ол да – ғанибет,
Жеңісін тойлап жатқан бұл,
Жеңіс деген ақын ғой.

2002 жыл

ТҰСАУЫҢДЫ ЖЫРМЕН КЕСІП БЕРЕЙІН...

Томирисің тұсаукесер тойына

Сен – Томирис,
Мен – журналист, ақынмын,
Жүрегіммен сәбилерге жақынмын.
Тұсауыңды жырмен кесіп берейін,
Тыңдай қойшы, құлақ түріп ақырын...

Не айтарсың?..
Балауса жас құраққа...
Жетсін деймін, біз жетпеген мұратқа.
Басталды ғой қызғалдақтай қыз-ғұмыр,
Нартәуекел, оң аяқпен бір атта!

Содан кейін мың аттарсың... бірақ та,
Жерді иіскеп, сүрінерсің, құлап та.
Тіршілікте өз жолың бар, несібең,
Тіршілікке сеніміңді жоғалтпа!

Томирисжан, ілгері бас, адымда,
Қанша белес, асу жатыр алдында.
Бүгін сенің кесілді ғой тұсауың,
Жақсы ырымды сақта әркез жадында!

...Тарих жайлы айтылады жыр-аңыз,
Ашылмаған көп қой жәді-мұрамыз.
Жер-жаһанға аты аңыз боп тараған,
Томирисің кім екенін сұраңыз.

Өмір деген – мынау тірлік қас-қағым,
Ертеде өткен Томирис қыз – жас ханым.
Сол Томирис Тұмар ханым атанып,
Есін алған Кирдей мықты патшаның!

Елдік салтын,
 Ерлік даңқын сақтаған,
 Бір қыз болған бүкіл сақтар мақтаған.
 Сол Томирис сынды сен де батыр бол,
 Ел-жұртының сенімін тек ақтаған!

Орталықта болып жатыр той бүгін,
 Бірге біз де көтерістік ой жүгін.
 Томириске ата-әжесі той арнап,
 Ісін жасап жатқан жоқ па ойлының?!

«Бала деген – бауыр еті» адамның,
 Бар жақсысын сыйлайықшы ғаламның!
 Құтты болсын туған күнің, Томирис,
 Құтты болсын тұңғыш басқан қадамың!

14 қараша, 2003 жыл

БОЗ-АҒА

Бозтай Аяпбергеновке

Сырдың сары топырағынан жаралған,
 Жүрегінен шуақ, мейір таралған.
 Бұл Бозкеңді білмейтін жан кемде-кем,
 Алтын сандық кеудесінде – ән-арман.

Ол ән-арман Елге деген мейірі,
 Ақ жүрегі – кеңге салған пейілі
 Сыр мен Қырға, алыс-жақын туысқа,
 Тұрады ауып бар ынтасы, зейіні.

Қаршығадай домаланған қарт адам,
 Өз ісіне, айтар сөзге мәрт адам.
 Әдеті бар іні көрсе құшақтап,
 Қағып жәймен қоятұғын арқадан.

Қай жерде де бір қалпынан озбаған,
Кезі де жоқ артық сөзді қозғаған.
Асып-тасып, мардымсуды білмейтін,
Тау секілді салмақты ғой Боз-ағам!

21 сәуір 2004 жыл

МАҢҒАЗ ТҰЛҒА

Төлеген Әбдірахмановқа

Тыныстап Сыр мен Қырдың желіменен,
Бірге жасап келеді Еліменен.
Тулайды Сырдариядай өмір-өзен,
Сыр толғап Азаматтық көңілімен!

Есінде қоңыр ауыл... аңыз дала,
Күй шерткен шыңыраудан абыз баба.
Жанына жалау болды – Қорқыт күйі,
Сонан соң Балқы Базар сазы ғана!

Жасынан арман қуып, алқынбаған,
Қайраты ақ алмастай жарқылдаған.
Халқына бергені көп, береді әлі,
Шын ниет, махаббаты сарқылмаған.

Мақсаты – тау жыққандай ерен еді,
Ақыл-ойға теңіздей терең еді.
Сырда туған Мұсаның баласына
Тәңірім несібесін бере білді!

Талаптың ерттеп мініп тұлпар атын,
Шығарды Ұлытауда сұңқар атын.
Кешегі Қаныш салған ізбен жүріп,
Көтерді биіктерге шырқар атын!

Қарсақбай – қара шаңырақ, дара аты,
 Жас жігітке сеніммен қарап бақты.
 «Қалауын тапса – қар жанар» деген халық
 Мыс құймасын тонналап санап жатты...

Санап жатты... Ерлікке балап жатты,
 Кім көрген мұндай табыс, ғаламатты?!
 Бұл кезде Жезқазғанда жаңа завод
 Қазығын болашақтың қадап жатты.

Кім білмес бұл заводты көтергенін,
 Толарсақтан саз кешіп, от өргенін.
 Білсе білер Лондонның мыс биржасы,
 Еңбегін осы біздің Төкендердің!

Шығарған елдің атын, Қазақ атын,
 Төбесіне көтерді ел азаматын.
 Ақын шықты, көбейді жазушылар,
 Ер еңбегін әспеттеп жаза алатын!

Атақ, құрмет көрген жоқ аласарып!
 Мінезі бар салмақты, дара қалып...
 Бас металлург атанды аймақтағы
 «Қазақмысқа» тағы да бара салып!

Ұрпағына көрсетіп жан азығын,
 Жоғалтпаған жетпісте маңғаздығын,
 Ел төрінде, отыр ол – тұғырында
 Берік сақтап әлі де сарбаздығын!

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА

Бақыт деген – киелі құс білгенге,
Не жетеді еркін өмір сүргенге!
Құстай ұшып кеткің келіп тұрады,
Құлағыңды жақсылыққа түргенде.

Осы сезім – мөлдірліктің қайнары,
Бақыт деген – сыңғыр күлкі жайдары.
Бақыттырақ өмір сүргің келеді,
Әрбір таңды қарсы алғанда арайлы.

Бақыт деген – өз тағдырың, несібен,
Жас жұбайлар, қалма өмір көшінен.
Бақыт деген – ынтымаққа жолығар,
Осыны тек шығармандар есіңнен!

Бақыт деген – отбасының шырайы,
Ол Отанды, елді тұтас құрайды.
Өз бақытын өзі білмей, тепкендер,
Түбінде бір өкінеді, жылайды.

Тек осыдан сақ болуды ойлаңдар,
Жүректегі пәк сезімді жоймаңдар.
Махаббатты берік сақтап мәңгілік,
Болашақтың тойын бірге тойлаңдар!

Жас жұбайлар, қол ұстасып самғаңдар,
Мұрат асыл, орындалсын армаңдар.
Бақытты өмір сүре алады мәңгілік,
Маңдай термен өз биігін алғаңдар!
...Осы жолды сендер енді жалғаңдар!

ХАЛЫҚТЫҢ КҮТКЕН СЫЙЫ, АҢСАҒАНЫ

*Жезқазғандағы «Сарыарқа» мәдени ойын-сауық
орталығының ашылу салтанатына*

Халықтың күткен сыйы, аңсағаны,
«Сарыарқа» бүгін Сізді қарсы алады.
Осы бір әсем, ғажап ғимаратқа,
Келгендер таңырқасып, тамсанады.

Мұнда бар қызметтің алуаны,
Жанға жайлы бар нәрсе табылады.
Ресторан-театрдың есігі ашық,
Түрлі-түсті жарықтар жағылады.

Боулинг, бильярд керек кімге?
Тізгіні оның шебер, ептілерде.
Әңгіме-дүкен құрып «Сарыарқада»,
Көңілді өткізейік кешті бірге.

Би кешіне келіңіз қызып тұрған,
Сиқырлы саз жастарды қызықтырған.
Әнші, биші, өнерпаз, ортаға шық,
Көпке таныс өтеді қызық сындар.

Бүгін думан,
Бүгін той «Сарыарқада»,
Ел сенімі, артылды жүк арқаға.
Марғұландай кәсіпкер, жас басшы бар,
Іскерлікпен танылған әр ортаға.

Көп ел қанық бұл жастың атағына,
Бизнестің алдыңғы ол қатарында.
Сарыарқадай кендікті мұрат етіп,
Іс тындырды елінен бата алды да.

ҚАС ҚАҚҚАНЫ СОНДАЙ СҰЛУ, ӘДЕМІ

Тоняның туған күніне

Жүзі жайнап,
Жан жүрегі құлпырып,
Жанарына жарасымды нұр тұнып,
«Мәдинада» бір қыз тыным таппайды,
Зыр жүгіріп, бір отырып, бір тұрып.

Қас қаққаны сондай сұлу, әдемі,
Тіпті көркем жан сарайы, әлемі.
Отыздағы жас жігіт те қырындар,
Алпыстағы қу самайлар түгілі.

Мінезі бар ақмаралдай керілген,
Тал бойынан иба, әдеп көрінген.
Наздана бір қарағаны – ғанибет,
Сұлулық боп соның өзі өрілген.

Бақытты бол,
Ұзақ жаса, Тоня.
Шаңырағыңа алтын бесік, бол ұя.
Сен мен үшін Тоғжан болып қаласың,
Онсыз да көп Тоня мен Соня.

Тойың әркез тарқамасын, Тоғжаным,
Аман болсын, өсе берсін мал-жаның.
Немерелер өсіп, өніп, көркейіп,
Өмірдегі орындалсын арманың!

20 қараша, 2003 жыл

ЖАН САРАЙЫ – СЫРЛЫ ӘЛЕМ

Үнзиланың 50 жылдығына

Жан сарайың сырлы әлеммен үндескен,
Сағынышты сәттерің көп мұң кешкен.
Сенің нәзік жүрегіңді жаншыған
Ағыстарды кім түсінген шын көшкен?!

Әйелге тән өрлік әлде төзім бе?
Түсінбейсің оны кейде өзің де.
Үн шығарып, босандыққа бармадың,
Мұң шырағы жылт етсе де көзінде.

Бар болмысың,
бар сипатың осында,
Сен адалсың жақын менен досыңа.
Туыстан да бетер көрші болдық біз,
Сәуле төгіп көңіл-күйдің хошына!

Ой-санада тек жақсылық үндесіп,
Біз келеміз сыйластықпен күн кешіп.
Ғажап еді-ау көршілердің салты сол –
Сарт-сұрт етіп жататұғын күн де есік!

Өлеңдетіп, елендетіп маңайды,
Айхай, көңіл кең жүргенді қалайды
Марқұм Дәукен салып кеткен сара жол –
Сыйластықтан шұғыла мол тарайды.

Орнында бар оңалары ол анық,
Шаңыраққа шаттық келді оралып.
Салтанат пен Берік құрған жас отау –
Болашаққа бара жатыр жол алып!

Құда болып жақсы жермен жарастың,
Қуаныштың биігінен сан астың.
Динараның күлкісіне еш тоймай,
Шәрипамен сол үшін көп таластың.

Ұмыттың да барлық нала-мұңыңды,
Өрге сүйреп келесің сен ұлыңды.
Ат тұяғын тай басады тұлпар боп,
Рауанжанның ұзақ болсын ғұмыры.

Құтты болсын елу жылдық мерейің,
Мен көңіліңді жырмен осы демейін.
Өз бақытын өзі тапқан еңбектен
Адам болса оны сен деп сенейін.
...Ұзақ жаса, одан басқа не дейін?!

20 наурыз, 2004 жыл

ЕЛГЕ АТАНЫП ТӘУІР ЖАН

Бауыржанның 40 жылдық тойына

Адал еңбек, маңдай тер –
Құдай берген несібең.
Биіктерге самғай бер,
Қалма өмір көшінен!

Елге атанып тәуір жан,
Елуге кел, Бауыржан!
Алпыс, жетпіс, сексеннің
Шамы жансын алдыңнан!

Гүл-гүл жайнап Майрашың,
Бұлбұлдай боп сайрасың!
Сүйкімді қыз атанып,
Көрсетсін тек пайдасың!

Жас нәресте – Құралай,
Өссін биік шынардай!
Бауырларға қамқор боп,
Жүрсін Олжас қырандай!

Келін біздің табылған,
Жақсы болып жаныңнан,
Отбасының бірлігі
Шықпасын еш жадыңнан.

Жетіңдер мол бақытқа,
Қарап та қой уақытқа.
Жас ортасы келіп тұр,
Асықпа да, аптық па!
Аман-сау жет қарттыққа!

ЖҮЗІҢ ЖАЙНАП, ЖҮРЕГІҢ ЖАЛЫНДАСЫН

Мәнсияның мерейтойына

Бүгін, міне, мерейлі шағыңдасың,
Бола берсін әрдайым бағың басым.
Ел-жұртың боп қуанып тойлап жатыр,
Жүзің жайнап, жүрегің жалыңдасын!

Біз де солай қуаныштан көркейіп,
Өмір жырын өзіңмен бір шертейік.
Керім, кербез келін едің кешегі
Ақбоз үйге келіп енген еңкейіп.

Ол – ақ босағаң, бақ босағаң аттаған,
Несібесін Тәңір берді нақ саған.
Арқа елінен Сырға келін болдың да,
Нар жігітке жар болдың ел мақтаған.


Содан өмір кетті ілгері жалғасып,
 Жаз бенен күз, көктем мен қыс алмасып.
 Қос аққудай жұптарың бір жазылмай,
 Биіктерге бірге ұштыңдар самғасып!

Осы бақыт, өмірдегі ырыс-күт,
 Өткен күнді еске аларсың тым ыстық.
 Қыз өсірдің, ұл өсірдің мәпелеп,
 Шаттық сыйлап мөлдір аспан, тыныштық!

Қыз ұзатып, келінді де түсірдің,
 Құда болып, құда көңілін түсіндің.
 Немереден немереге қол жетіп,
 Немерені қолдан келмес түсіргің.

Тәуба дейсің Алла берген бақытқа,
 Ақ көңіліңді жайып жатсың халыққа.
 Шөбере мен шөпшектерге жете бер,
 Тек соларды бағудан еш жалықпа!

20 наурыз, 2004 жыл



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

*Нағашым Мархабат Қожантаевтың
70 жылдық мерейтойына*

О, Маха,
Жеттің Жетпіс – тойыңызға,
Күш-жігер тасқындап тұр бойыңызда.
Тағылымды үлгі-өнеге көрсеттіңіз,
Кейінгі ойлы ұл мен ойлы қызға!

Ат-есімі белгілі Алашыма,
Кім жеткен Арыстанбай нағашыма?!
Өзі – би, өзі – батыр осы кісі
Жауын жеңбей түспеген сабасына.

Осы бір өр тұқымның ұрпағысыз,
Алтынның сынығындай жұрнағысыз.
Кейде Сіз омыраулап кеткен кезде
Көреміз батырлықтың бұрқағын біз.

Тік айтып, кара қылды қақ жарасыз,
Сыр бүкпей ойдағыны ақтарасыз.
Ата-баба салтынан айнымайтын
Нағыз қазақ осы деп мақтанамыз!

Арыстандай айбатты тұлғаңыз бар,
Сезілмес жаймашуақ Сырдан ызғар.
Бозекең, Төкең аға, үшеуіңіз –
Бірлікке берік одақ құрғансыздар.

Кейінгі толқындарға қорған болып,
Жайқалып өстіңіздер орман жайып.
Қуатбек, Қалжан, Бостан, Аманбайлар
Көрген жоқ Сіздер салған жолдан тайып.

Осы жол жұғысты боп кейінгіге,
Кеңіп тұр дариядай пейіл, міне.
Еш інің алдыңызды кесіп өтпес,
Әр ісің өнеге ғой зейіндіге.

Бау-бақшаң көркейіп тұр жан-жағыңда,
Алтын десе алтын ғой жан-жарың да.
Немере, шөберелер қаулап өсіп,
Жете бер, асыл аға арманыңа!

...Нағашым бүгін жылқы, қойын сойды,
Қыздырып жатыр енді ойын-тойды.
Бұл тойда мен де бар деп біліңіздер,
Жиенің Ибраһим қолын қойды!

О, Маха,
Құтты болсын жетпісіңіз!
Кейінгіге аңыздайын кетті ісіңіз.
Жақсының жалғасы боп жүз жасай бер,
Еліңе керек әлі көп күшіңіз!

25 тамыз, 2005 жыл



МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК

Әбдірахман Досановқа

Ұстаған ата-баба салтын анық,
Кісілік келбетіңе халқың қанық.
Дарыған бойыңызға текті мінез,
Жайдары, кішіпейіл, жарқын қалып!

Ақыл-ой, парасатқа суарылған,
Мейірімді жүрегіңіз куә бұған.
Адамға өмір сыйлау – үлкен бақыт,
Жатыр ғой көкіректе сыр алуан.

Бұл тойдың әні бөлек,
күйі мүлде,
Шықтыңыз алпыс жастың биігіне.
Жайылды, міне, бүгін ақ дастархан,
Қуаныш, шаттық сыйлап дүйім елге.

Көңіліңіз ашық-жарқын, арайлы аспан,
Сіз жайлы жазылады талай дастан.
Жақсының шарапаты мыңға тиер,
Еліне еңбегің көп қарайласқан.

Тіршілік, өмір үшін арпалысып,
Аурудың жанын күттің қанша тұрып.
Қиын да күрделі сәт туған кезде,
Өзіңе сенім артты барша үміт.

Ақ халат – пәк көңілдің ақ қанаты,
Әркім де адалдықтан бақ табады.
Шипалы қолыңызға Ел сүйсініп,
Алғысын шын көңілден ақтарады.

Бүгін той – Тәуелсіздік таңы атқан,
Сіз де бір Қыран ұлсыз дабыл қаққан.
Абырой, атағыңыз – Ұлытаудай,
Ел жүрегін қуантып, жалындатқан!

Телегей теңіз-алғыс тасқындасын,
Әбеке, асқақтасын алтын басың.
Біртуар Азаматсыз – елге тұтқа,
Мейірімнің бал бұлағы сарқылмасын!

16 желтоқсан, 2005 жыл

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚАТАР ЖҮРГЕН...

Фарида мен Тоқанайдың тойына

Өмірдің қымбат мәні – жарасымда,
Осыдан артық бақыт табасың ба?!
Қырық жыл қатар жүрген қыз біткеннің,
Мұндай достық болмайды арасында.

Қос аққудай қос ару жарасады,
Бұл сөзіме кім, сірә, таласады?!
Дәл осындай қыздармен биік самғар,
Бар әлемге аян боп Алаш әні!

Болғанменен айқабақ, жазық маңдай,
Бұл қыздардың жүрегі нәзік қандай!
Ел үшін ердің ісін атқарды олар,
Отырып үй ішінде қазықталмай.

Достығы, сыйластығы татқан балдай,
Ажар, көркі – арайлы атқан таңдай.
Бұл екеуі бітірген көп істерге
Талай ел шын таңырқап, қаққан таңдай.

Мақтаса мақтағандай сүйікті елі,
 Қос ару – қос жұлдыз ғой биіктегі.
 Ел-жұрты іскер осы қыздарына
 Абырой, алғыстарын үйіп берді.

Қырық жыл – қыз-ғұмырдың моншақтары,
 Қызық пен қуаныштың мол шақтары.
 Адалдық, Ардың туын биік ұстап,
 Ана атына лайық жол сақтады.

Қос аққудай айдында қалықтаған,
 Фарида мен Тоқанай, анық бағаң.
 Қырық жылғы достықтың мәні осы,
 Қырық рулы ел тойы шарықтаған.

Осы абырой, мәртебе асқақтасын,
 «Мәдинаның» ел көрді бастамасын.
 Есімдерің арқау боп аңыз-жырға,
 Ұрпақтарың ауыздан тастамасын!

5 тамыз, 2006 жыл



АТЫНА САЙ КӨРІКТІ ҚЫЗ

Меруерттің ұзатылу тойына

Қыз ұзату – ежелгі дәстүріміз,
Бабалардан қалған бұл қастерлі із.
Осы жолмен бір тойын жасап жатыр,
Меруерттей әдемі, жас гүліміз.

Атына сай Меруерт – көрікті қыз,
Қалай оны мақтасақ те еріктіміз.
Қуаныш пен Гүлнәрдің ақ сенімін
Ақтайды деп біз оған сенімдіміз.

Жаны сұлу, жүрегі нәзік қандай,
Көңілінен дос, құрбы наз ұққандай.
Ой-өрісі, білімі, парасаты –
Өміріне жететін азық балдай.

Ата-ананың еркесі мәпелеген,
Арманы көп алдында жетем деген.
Ақ батамды берейін, Меруертжан,
Тату бажа болған соң әкеңменен.

Осы тойда осы бір сәтті ұғын,
Бұл сенің – қуанышың, тәтті мұңың.
Менің берер ақ батам осы болсын,
Бағалай біл қадірін бақытыңның!

Бақытты бол,
Бақыттың қадірін біл,
Қадамыңа жаудырсын Тәңірім нұр.
Барған жерің баянды болып мәңгі,
Өзің ұшқан ұяңды сағынып жүр.

Бар тілекті айтқан жөн осы арада,
 Құрметті бол баратын босағаңа.
 Жүп жазбай қосағыңмен қоса ағарсаң,
 Шын бақыт Өздерінді тосар алда.

Бақыт деген – сезімнен басталады,
 Ғашықтардың таусылмас дастан-әні.
 Қос аққуға айдында қатар ұшқан,
 Қол соғайық, ағайын, достар тағы!

Қол соғайық жастарға жаһұт-мүсін,
 Ғажабы мол сыйлаған уақыт үшін.
 Қол соғайық, ағайын, қол соғайық,
 Меруерт пен Бауыржанның бақыты үшін!

*23 тамыз, 2006 жыл.
 Жезқазған – Балқаш.*

ҚАРСАҚБАЙДЫҢ ҰЛЫМЫН

Спорт шебері

Әлиакпар Есенеевтің монологы

Уақыт мынау...
 Жүйрік тұлпар сияқты,
 Көңілімнен бүгін сыршыл күй ақты.
 Алпыс деген асқаралы жас келіп,
 Маған өмір қуанышын сыйлапты!

Жылдар... Жылдар...
 Қалды артта белестер,
 Белесті айтсам, жастық шағым елестер.
 Мен туыппын Қарсақбайдың төрінде,
 Маған ыстық анау қырқа, дөңестер!

Мен жетілдім,
ширап өстім шынығып,
Туған жерден дарып қуат, шымырлық,
Спорт деген – бір сиқыр ғой, осыдан,
Атақ, абырой көп жинаппын ғұмырлық.

Оның бәрі айта берсем жыр-дастан,
Елім үшін еңбек еттім тынбастан.
Ұлылықты Ұлытаудан үйреніп,
Адалдықпен жайқалып тұр гүл-бақшам!

Шаңырақта шаттық кернеп, қуандым,
Тәңір берген несібені құп алдым.
Бес балам мен үш немере қызығы,
Көкке өсірді көңілімнің шынарын

Елге, Жерге қызмет ету – борышым,
Парасатты жасқа келдік сол үшін.
Тәуелсіз ел жас ұрпағын өсіріп,
Ұстаздықпен беру мақсат – қол ұшын!

...Осы менің азаматтық болмысым!



АЙШЫҚТЫ ІЗДЕР ҚАЛДЫРДЫҢ...

Қалжан Оспановқа

Құтты болсын алпыс жас асқаралы,
Көтерейік көңілді бастап әнді.
Абыройлы асу бұл өмірдегі,
Ақсақалдық енді-енді басталады.

Ой көзімен өткенді еске аласың,
Ұмытқан жоқ сұлу Сыр жас баласын.
Алпыс деген тәйірі сөз болып па?
Тоқсан, жүзден әлі де бақ табасың.

Қарамай ма бүгінде жұрт көңілге,
Тартып кеткің тұрады-ау, Төрткүліңе.
Айшықты іздер қалдырдың елің үшін,
Еңбек етіп Ұлытау бөктерінде.

Бірге жасап Дәрігүл қосағыңмен,
Қуанышпен көбейсін тасар күнің
Шаңырақтың шаттығын тойлап жатыр,
Ағайын-жұрт, жанашыр достар бүгін!

Құдай берген несібе, бақыт осы,
Тек күнгейге бет алсын уақыт көші.
Жібек мінез, жайдары қалпыңменен,
Абыройға бөленіп, шалқи берші!

Айта берсек, таусылмас тілегіміз,
Қадіріңді айрықша білеміз біз.
Елің үшін, жер үшін соға берсін,
Лүп-лүп еткен мейірімді жүрегіңіз!

САХНА ҚЫРАНЫ

*Қазақстан Республикасының еңбек
сіңірген артисі Серік Бұлғақбаевқа*

Өмір – өзен,
Тағдыр – толқын өтпелі,
Оның тылсым сырлары да көп тегі.
Алатаудың арда өскен бір ұлы ең,
Тәңір өзі жебеп келген көктегі!

Көңілдегі қандай тәтті арман-ән,
Өмірдегі өрлігіңе таң қалам.
Бесікте сен қалған едің алты айлық,
Әке-шешең көшкен кезде жалғаннан.

Бәлкім, аян берген шығар Өз бабаң,
Шаңырақтың оты сөнбей, маздаған.
Әлпи әжең әлдиімен оянып,
Білесің ғой басқаныңды қаз қадам.

Ақ әжеңнің айран, сүтін мол ішіп,
Ерте есейдің, өсті санаң толысып.
Ертегінің батырындай жүруші ең,
Жылап тұрған бала көрсең болысып.

Мойымадың, жоқтың өзін бар тұттың,
Ойыңа алдың, әже сөзін ар тұттың.
Алматының жағаламай базарын,
Интернаттың қара нанын қарбыттың.

Бозбала күн өтті солай дөңгелеп,
Шың басына шықтың талай өрмелеп.
Әжең айтқан ертегіге еліктеп,
Келесің сен құлашыңды кең сермеп.

* * *

Жас жүрегі жайды арман-саусағын,
Алу үшін терең білім кәусарын.
Жарқырады Москваның шамдары,
Актерлықтан тапты барлық аңсарын.

Қандай жақсы бақтың өсіп, жанғаны,
Өршіл жүрек қыран болып самғады.
Щепкиндіктер салған дара жолменен,
Әлі есінде Арқалыққа барғаны.

Өмірдегі, көңілдегі тәтті есім,
Тимур болып еске алды әпкесін.
Тұрар болып Сталинмен айқасты,
Артист болып арқаланып кеткесін.

Қарабайға болғаннан соң мал қайғы,
Жантық болып оған жақын жантайды.
Қалың елі қазағының қамын жеп,
Сахнада Абай болып қартайды.

Бас бапкері Хаджиевті қақсатып,
Хан да болды, шал да болды шақша атып.
Қаракөзін қимай сері Сырымға,
Жүрегіне жүрді талай тас батып.

Енді Жанат қандай рөлді ұсынбақ?
Жиырма бесі қайта оралмас қылшылдап.
Бірақ, бірақ біздің Серік жас әлі,
Сұлу көрсе – баяғыдай сыршыл-ақ

Жарқын күнге жарқын жүзбен тіл қатқан,
Жүрегіне елдің сыйы – гүл таққан.
Сахнаның қыраны ғой бұл Серік,
Өз бақытын театрдан шын тапқан!

26 қаңтар, 2007 жыл

ЖЫР-ШАШУ

Зейнекул тәтенің 60 жылдық тойына

Бүгін той – ана тойы Елім деген,
Ақ дастархан жайылды сенімменен.
Ежелден құт дарыған шаңырақ бұл,
Қыз кетіп, қыз орнына келін келген.

Пайымдап, жолын ұстап баяғының,
Өмірдің талай жеңдің қаяу, мұңын.
Отырсың шаңырағын шайқалтпастан,
Қыпшекеңдей азамат – аяулыңның!

Ұл-қызың бар көздің ақ-қарасындай,
Ақ жүзіңе тұрғандай таласып ай.
Келісті келбетіңе теңеуім жоқ,
Кәдімгі бес биенің сабасындай!

Кеңге жайып қанатын керегенің,
Қызығың көріп жүрсіз немеренің.
Бал жинаған арадай бар тәттіңді,
Тек соларға келеді бере бергің.

Кешегі Бидаш биге сайма-сайсыз,
Домалақ енеге де айналасыз.
Бірлігіне бас болып ағайынның,
Тірлігіне қазықтай байланасыз.

Шөбере де, шөпшек те өссін өніп,
Күміс күлкі керуенге ерсін өріп.
Ақ әженің тілеуі орындалып,
Тәңір өзі несібе берсін бөліп.

Дос-жаран, құда-жекжат арасында,
Айналып жүрсіз, Зеке, дара шыңға.
Құдасымен құдайдай сыйласатын
Кім бар Сіздей Жезқазған қаласында.

Осы абырой, атағың асқақтасын,
Бізді Зекең жүз жасқа бастап барсын.
Әйелге тән бақыттың бәрін тапқан,
Жолыңызды кейінгі жастар алсын!

10 қаңтар, 2007 жыл

КӨКІРЕГІ – КҮЙСАНДЫҚ

Бостан Үрістембаевқа

Тектіліктің сырын терең ұқтырып,
Бұл жалғанда тірлік кешу – мықтылық.
Ер азамат жүрсе осы жолменен,
Шаңыраққа жатады ғой құт кіріп.

Сырда туып, Қырда өскен бір тарлан,
Көкірегінде күмбірлеген нұрлы арман.
Бостан – биік азамат қой білгенге,
Бейне алып бәйтеректей бүр жарған!

Адамшылық, Ардың жолын нұсқаған,
Сөз маржанын сапыруға ұста адам.
Көкірегі күмбірлеген күй сандық,
Жақсылардың салтын берік ұстаған!

Бұл Боскенді білмейтін ел кемде-кем,
Сөз бұлағын күрең шайдай демдеген.
Шынболатпен бірге жүріп, бір тұрып,
Шындықты айтқан, жалғандыққа көнбеген.

Мінезі бар қайсар, өжет, бірбетті,
Қисық жолмен бірақ Боскең жүрмепті.
Адал жүріп абыройға бөленді ол,
Шын бағалап, мына дүние-дүрмекті.

Шықты, міне, асқарына алпыстың,
Алқынбастан апайтөсім, нар мүсін.
Боске аға, енді елу жыл жасай бер,
Ел-жұртыңның алып бата, алғысын!

27 сәуір, 2007 ж.

МЕРЕЙЛІ ШАҚ

Банудың тойына

Банужан, қарындасым,
Қорғанышым,
Қуандым сендей қыздың болғаны үшін.
Сен бүгін сезесің бе,
Сезесің бе,
Ағаңның жүректегі толғанысын?!

Анамның қызы едің үкілеген,
Сенімен біздің үйдің құты кірген.
Өстің сен тоғыз ұлдың ортасында,
Биязы, жұмсақ, жылы күлкіңменен.

Біздің үйден сен тұңғыш ұзатылдың,
Әдібін сақтап жақсы қыз атының.
Торғайда білім алдың,
тұрмыс құрдың,
Ұмытылмас ол белесі мұратыңның!

Ой, дәурен, сол күндер де өтті-кетті,
Жастық шақ көңіл көлін мөлдір етті.
Сені іздеп барғанымда Торғай жаққа,
Жиендер жүрегімді елжіретті.

Көп сыр бар бұл өмірдің қатпарында,
Ризамын Торғайда өткен шақтарыма.
Тұңғышбай өз қолымен тұрғызған сол,
Барушы ек саяжайлы бақтарыңа.

Ой, шіркін, ол күндердің сәні қандай,
Біздерді күтуші едің жаның қалмай.
Сендерді көргенімде, Ерлан туған
Арқалықты боламын сағынғандай.

Уақыт өте шығар қас-қағымда,
Бірақ та мән бермейсің жас шағыңда.
Арқалық, Жезқазғанда өмір сүрген
Қөп жылдар қалды оранып сағым-нұрға...

Банужан, айналайын, қарындасым,
Тағдыр бұл, тағдырыңа бағынасың.
Өмірдің көп қызығын бірге көрдік,
Сондықтан сол күндерді сағынасың.

Бүгінде толған айдай шағындасың,
Өмірде арайланып бағың жансын.
Аға деп қай кезде де кұрақ ұшқан,
Білем сендей қарындас табылмасын.

Өсе бер гүлдей жайнап, қарындасым,
Пейілің ешқашан да тарылмасын.
Әкең мен шешең айтқан өсиет бұл,
Жүрегің жақсылықпен жалындасын!

Жұлдызың, Жанарың бар жайнап тұрған,
Замира ол бұлбұл құс сайрап тұрған.
Тойың тойға ұласып сәтті күні
Көрейік шаңырақты Қайрат құрған!

Той қызығы қуантып жатсын елді,
Шөберені бұл Бану бақсын енді.
Жеткерсін деп сол күнге Мәкеш жеңген,
Алтын алқа мойнына тақсын енді!

Осы емес пе, ағайын, жақсылығы!

ӨМІРДЕ АЙДАЙ АППАҚ ІЗІҢ БОЛСЫН

(Ақботаның «Тілашар» тойына)

Айналайын, Ақбота, артық туған,
Анасына айрықша тартып туған.
Бүгін сенің бір тойың болып жатыр,
Ертегідей ғажайып шалқып думан.

Атың қандай әдемі, затың қандай,
Домбыраға күй болып тартылғандай.
Ұл мен қызын «ботам» деп еркелетсе,
Қазағымның көңілі шарқ ұрғандай!

Бота десе – көңілі жай табатын,
Гүлдей болып өмірі жайқалатын,
Бүгін Ақнұр бір тойын жасап жатыр,
Мейірім, шуақ аймалап ай қабағын!

Бүгін әке көңілі асқарланды,
Көлдей болып жайқалды дастарханы.
Ақ тілегін ағайын жаудыруда,
Ақботадай қаумалап жас баланы!

Той дегенде қу бас та домалайды,
Өркім айтар тілегін жобалайды.
Барлық тілек жақсы ғой, бәрі – орынды,
Ал ақынның сөздері жоғалмайды.

Айналайын, Ақботам, құлағың сал,
Ағызайын тілектің бұлағын – бал.
«Өнер алды – қызыл тіл» деген осы,
Бабамыздың киелі мұрасын ал!

Ақботашым, келер бір толар шағың,
Сенің нұрлы болсын тек болашағың.
Мен тілінді сындырып осы тойда,
Келешекке кемелді жол ашамын!

Бақытты бол, ғұмырың ұзын болсын,
Өмірде айдай аппақ ізің болсын.
Бал жинаған арадай білім қуып,
Тататұғын мол дәмің-тұзың болсын!
Болашаққа күлімдеп сенім артар,
О, ағайын, осындай қызық болсын!

17 тамыз, 2007 жыл

МӘДИНАНЫҢ ҰЗАТЫЛУ ТОЙЫНА

Ата-ананың арманы, аңсағаны,
Ғажап тойға кім-кім де тамсанады.
Қыз ұзату тойы бұл, қыз ұзату,
Ақ үмітпен ел оны қарсы алады.

Кеше ғана қыз еді тұлымшақты,
Бүгін айдай толысып, нұрын шашты.
Мәдинасын Мағауия, Фая қимай,
Жүректері мың толқып, күлім қақты!

Жат жұрттық боп жаралған қыз баланы
Әр ата-ана қимайды, қызғанады.
Бірақ, бірақ ежелгі дәстүр бар ғой,
Қыз баланың артында із қалады...

Ана болу, жар болу – жарасымды,
Қыз бала ғой – адамның бар асылы.
Қос ұлдары бір төбе Махаң үшін,
Ал Мәдина – көзінің қарашығы!

Гүлдей нәзік, аққу қыз айдындағы,
Күндей нұрлы, көрікті ай тұлғасы.
Бәрі жақсы, ал бірақ Фая үшін,
Мәдинасы – көңілінің бай тұнбасы!

Жүрегінде – нұр сезім тұнық тұнған,
Тал бойы да инабат тұнып тұрған.
Қазағымның қызы ғой бұл Мәдина,
Ақыл-оймен білімді құрықтаған!

Ақ тілекті айтқан жөн ақтарылып,
Дәл осындай қыздарды мақтан қылып.
Ердің басын еңкейтпес бұл Мәдина,
Елдің болсын тірегі, таққа мініп!

Бақыт деген – қос жүрек ұғынысқан,
Таусылмайтын мәңгілік жыры, дастан
Қосағыңмен қоса ағар, Мәдинашым,
Куә болсын осыған нұрлы аспан!
Куә болсын осыған нұрлы аспан!

19 қыркүйек, 2007 жыл



АДАЛ ЖҮРІП, АНЫҚ БАС...*Саматтың үйлену тойына*

Өмір – керуен,
 біз жолаушы ағылған,
 Алдымызда үміт оты жағылған.
 Бір тойыңа жасап жатқан, Саматым,
 Келіп қалдық шын көңілмен сағынған!

Арайланып атсын тандар алдағы,
 Үй болудың оңай емес салмағы.
 Осы тойды аңсай күткен асығып,
 Орындалсын ата-ананың арманы!

Парыз жүгін тұрсың, міне, арқалап,
 Өмір жолы таңдай білсең шартарап.
 Басың екеу болды, міне, келін кеп,
 Екеуінде ендігі үміт, бар талап.

Жас отаудың қанат жайсын өркені,
 Айдан алқа іздемендер көктегі.
 Табан ақы, маңдай термен келеді,
 Шын бақыттың күлім қағып көктемі.

Адал жүріп, анық бассаң қадамды,
 Құрметтесең ел-жұрт, ата-анаңды,
 Бақыт өзі келіп қонар басыңа
 Құдай өзі беріп тұр ғой заманды.

Тойыңда осы айтатыны көкеңнің,
 Тойларыңа әлі талай жетемін.
 Той жасауға жаратылған секілді
 Сырда жатқан менің атамекенім!

Ағайынның шалқи берсін думаны,
 Қандай жақсы ұрпақ өніп, туғаны.
 Жас отауда сәби күлкі сыңғырлап,
 Жастық шақтың көріктенсін ну бағы!

2007 жыл

ҚОСАҒЫҢМЕН ҚОСА АҒАР

Айгүлдің ұзатылу тойына

Кешегі кіп-кішкентай Айгүл бала
Аққу боп қонғалы тұр айдынына.
Қадамың құтты болсын, айналайын,
Ақ дастархан сол үшін жайдың мына...

Атына сай бұл Айгүл көрікті қыз,
Ақ халатты жан деуге еріктіміз.
Ата-ана, ел-жұртының ақ үмітін
Ақтайды деп біз оған сенімдіміз.

Ал, Айгүлжан, осы бір сәтті ұғын,
Бұл – сенің қуанышың, тәтті мұңың.
Жат жұрттық боп жаралған қыз баласың,
Қосағыңды өмірлік таптың бүгін.

Бақытты бол,
бұл сөздің қадірін біл.
Қадамыңа жаудырсын Тәңірім нұр.
Барған жерің баянды болып мәңгі,
Өзің ұшқан ұяңды сағынып жүр!

Бақыт деген – тірліктің жаңарғаны,
Бақыт деген – жүректің ән-арманы.
Сол арманың, Айгүлжан, орындалып,
Ата берсін арайлы таң алдағы!

Қосағыңмен қоса ағар өмірдегі,
Арудай ақ, ашық болсын көңіл көгі
Ата-баба әруағы желеп-жебеп,
Дегеніңе жеткізсін Тәңір сені!
...Дегеніңе жеткізсін Тәңір сені!

19 шілде, 2007 жыл

ӨМІР КӨШІН ЖАЛҒАҢДАР*Мәлік пен Мәдинаның үйлену тойына*

Қыдыр қонып, бақ дарыған,
 Қонақ келсе – ақ жарылған.
 Көңілдері – көл-дария,
 Ағыл-тегіл ақтарылған!
 Армысыздар, Шымкент елі,
 Аппақ нұрдан жаратылған!

Қазығұрты асқақ тұрған,
 Ордабасы – дастан тұнған.
 Екі дүние бесігіндей,
 Түркістанды сақтап тұрған.
 Бармысыздар, Оңтүстіктің
 Қазақтары қаптап тұрған?!

* * *

Әлімсақтан бір қазақпыз,
 Найза ұстап, қақпан құрған.
 Жуан білек жігіттері
 Жауға қарсы сапқа тұрған.
 Намыс туын тік көтеріп,
 Құл болудан сақтандырған.
 Мына біздер келдік сонау,
 Едіге мен Тоқтамыстар,
 Кеудесінде от, намыс бар,
 Ерлер басы жатқан шыңнан.

Билік айтып, пәтуалы,
 Хан мен қара, тақуаны, –
 Бір шаңыраққа тоғыстырған,
 Үш жүзімнің көсемдері,
 Тілге жүйрік шешендері, –
 Ұлы жүзде Төле биді,
 Орта жүзде Қазыбекті,

Кіші жүзде Әйтекені,
 Мәңгі бірге табыстырған,
 Ұлт ұясы – Ұлытаудай,
 Келіп тұрмыз алыс қырдан.

Баба тауы – Ұлытауды,
 Исi қазақ мақтан қылған,
 Ал, ағайын, мен айтайын,
 Бір сырымды сақтап тұрған.
 Құдай қосып құда болдық,
 Жас отауды шаттандырған!
 Қарттарымыз әдемі айтты,
 Жезқазғаным сәлем айтты, –
 Оңтүстікке – осы тойға,
 Бәрімізді аттандырған!

* * *

Жезқазғанның сәлемін ала келдік, Мәдина,
 Сағыныштың сазды әнін сала келдік, Мәдина.
 Жезқазғанның жолына жүр ме екенсің қарайлап?
 Ойнақтаған кешегі бала елік, Мәдина!

Ата-ананың көз нұры, қарашығы, Мәдина,
 Бір өзіңсің көңілдің дара шыңы, Мәдина.
 Құтты болсын босаған, оң аяқпен аттаған,
 Бар өмірдің осында жарасымы, Мәдина!

* * *

Ал, құдалар, келейін өздеріңе жағалап,
 Той қызығын көруге келдің бәрін сағалап.
 Көрініп тұр келгені мына жұрттың жан-жақтан,
 Мәліктейін жігіттің алтын басын бағалап!

Той – қазына қашаннан, той – ырыстың қазығы,
 Тойларымен сәнді ғой Қазақстан жазығы.
 Той дүркіреп өтпесе, көншімейтін көңілі,
 Той жасаудан осындай қазақ қашан қажыды?!

Ата-ананың тілеуін абыроймен ақтаған,
 Мәдинадай қазақтың қыздарымен мақтанам.
 Мағауия мен Фарида төрде отыр энеки;
 Алақанда аялап, ару қызды баптаған.

Иә, абырой көкке шырқап, тау да асты,
 Бұл шаңырақпен кім таласып, дауласты?!
 Шаңырақтың иесі, киесі де – Махаңның,
 Арғы атасы батыр ғой, Қарабала – Жауғашты!

Ұл – ұяға, қыз – қияға, міне, енді самғады,
 Ата-ананың орындалып көптен күткен арманы.
 Құдағи да осал емес, аты шулы кәсіпкер,
 Фариданың биік тұр ғой бәрінен де талғамы.

Алмақтың да бар екен-ау салмағы,
 Құдалар да қуанып, той дәстүрін жалғады.
 Құтты болсын екі жастың өмірдегі қадамы,
 Арайланып атсын мәңгі қуанышты таңдары.

Тойларыңыз тойға ұлассын, қадірменді құдалар,
 Бұл тілекті тойға келген қауым өзі құп алар.
 Жас отауға көп кешікпей торсық шеке ұл келіп,
 Шілдехана тойы өтсін, ат шаптырып қуанар!

Жас жұбайлар, енді ілгері өмір көшін жалғандар,
 Қос аққудай бірге болып, биіктерге самғандар.
 Бір-біріңмен шын сыйласып, тату-тәтті болыңдар,
 Бір-біріңнен ешқашан да адасып тек қалмаңдар!

Бақыт деген, міне, осы, байлық та осы – баянды,
 Бақыт деген – алтын қанат киелі құс аяулы.
 Бастарыңа қонған бақты аяландар, сақтаңдар,
 Сонан кейін бәйтерекке айналыңдар саялы!

Ал бәйтерек, бәйтерек қой, тамырын терең жаяды!

*3 қазан, 2007 жыл.
 Жезқазған – Шымкент*

ҚОС ТОЙҒА ТІЛЕК

Алмат, Алмас,
Қарақтарым, қуанттың,
Сендерменен толысып тұр қуатым.
Қос тойыңды жасап беріп жұртыңа,
Көңілімнің мөлдір еттің суатын!

Ата-ананың парызына ақ болып,
Өз ойларың бойларыңа шақ болып,
Босағаны аттады да қос келін,
Шаңыраққа жатыр, міне, бақ қоныш!

«Қабат болсын, қос тойың! – деп ел айтқан,
– Бұл – бірліктің берекесі» деп айтқан.
«Той қазыналы болсын!» деген сөзді де,
Дуалы ауыз жастар қамын жеп айтқан.

Алмат, Алмас,
Басталды өмір қадамы,
Сендерсіңдер Тәуелсіз ел адамы.
Табанақы, маңдай тердің күші ғой,
Азамат боп есейдіңдер саналы.

Бұл заманның талғам, жүгі – салмақты,
Маман болу қажет іскер жан-жақты.
Арман, мақсат үдесінен көрінген,
Сол азамат – елге сыйлы, ардақты.

Осы сенім,
Осы үмітті ақтаңдар,
Шаңырақтың қасиетін сақтаңдар.
Жырау ата ұрпағына лайықты,
Өздеріңді бәйге атындай баптаңдар!

Енді үй боп тіктедіңдер шаңырақ,
 Қолдай көрсін жұбайларды Тәңір-Хақ.
 Сырты – малға, іші толып күлкіге,
 Жас отаудан шықсын сәби жамырап.

Бақыт жайлы әркім сөйлер шамалап,
 Ал бақытсыз болу қандай жаман-ақ!
 Бақыт деген – екі жастың ақ пейілі,
 Бірін-бірі шын сүйгені бағалап!

Бақыт деген – жарастығы көңілдің,
 Шын жарассаң гүл жайнайды өмірің.
 Махаббатты аялаңдар, сақтаңдар,
 Бұл тілеуі көктегі Күн – Тәңірдің!

Жас жұбайлар, жарқыраңдар, жайнаңдар,
 Махаббаттың ақ жолынан таймандар!
 Бақыт деген ұшып кетер құс емес,
 Өз бағыңда бұлбұл болып сайраңдар,
 Гүл-гүл болып жайнаңдар!

БАҚЫТТЫ ҒҰМЫР КЕШІҢДЕР

Жазира мен Тілектестің үйлену тойына

Қазақтың тойы көп дейді,
 Бола берсін көп, мейлі.
 Жаңа үй болған жастарға,
 Ақ тілек көптік етпейді.
 Жаңбырмен жер жаңарып,
 Багамен ер көктейді.
 Сол жерге дәнді қазекем
 Бекерден-бекер сеппейді.
 Дүниеде өзің өсірген,
 Жеміске нәрсе жетпейді!
 Кеңге салсаң көңілді,

Дәулетің босқа кетпейді.
 Адалмен ішкен ас-суың,
 Абыройды төкпейді.
 Байлық та, бақ та келеді,
 Одан ешкім шөкпейді.
 Өзі жақсы азамат,
 Несібесін теппейді.
 Ат пен атан жетектеп
 Пейішке ешкім кетпейді.
 Сондықтан мынау тірлікте
 Сыйластық пен бірлікке –
 Ештеңе, халқым, жетпейді!

Ал, ағайын, жастарға
 Айтайын тағы жыр-тілек.
 Ата-анаға болыңдар
 Ең бірінші – шын тірек.
 Кішіпейіл болыңдар,
 Тұрсаңдар да көк тіреп
 Бастарыңа ешқашан
 Орнамасын мұң-түнек.
 Елге қызмет жасаңдар,
 Ет-жүрекпен елжіреп.
 Сендер деп соғар әрдайым,
 Даладай мынау кең жүрек.
 Сәби келсін дүниеге,
 Кекілі желмен желбіреп.
 Бақытты ғұмыр кешіндер,
 Қуанышпен көркейіп,
 Шаттықпенен мың түлеп!

27 қазан, 2007 жыл.

Жәйрем кенті

ҚАРАШАҢЫРАҚ ИЕСІ

Қарсақбай заводының директоры

Қадыр Мәткеновке

Даладай – дархан,
дариядай – шалқар тұлғаңыз,
Өмірің – сырлы, шежіре-дастан тұнған із.
Құрандай жаттап, атаның сөзін ақиқат,
Қырандай самғап, шықтыңыз биік шыңға Сіз!

Туған жер Көкшең жігерді жастан жаныған,
Сәкеннің әні нәр болып бойға дарыған.
Таршылық, тапшы заманда оқып, ізденіп,
Тағдырдың мұзын жеңіп шықтың қарыған.

Қара мыстың қазаны болдың от өрген,
Қара нардай қиынның бәрін көтерген.
«Қарашаңырақ Қарсақбайдың Иесі,
Киесі де – Өзің», – деп айтпас елің бекерден!

Бүгінде, міне, босаға бекіп, тіктелді,
Осы ғой, осы еліңнің Сізден күткені.
Қаңырап, қажып бір кезде жетім күй кешкен
Қарашаңырақ Өзіңе сенім, жүк берді.

Екінші демі ашылды қайта алыптың,
Шапағат нұрын сыйлады елге жарық күн.
Кешегі қанды майданда оқ боп атылған
Қарсақбай мысы несібесі ғой халықтың!

Қарсақбай аты өлмейді енді, өшпейді,
Береке, бірлік құлпырта берер төскейді.
Даланы сүйген Өзіндей ұлдар бар жерде,
Даладан байлық ешқайда ауып, көшпейді!

Қажыма, талма,
 қайратың тассын, тарланым,
 Аяла, ақта Еліңнің асыл арманын.
 Қарашаңырақтың түтіні түзу, тік шығып,
 Құт қоныс етсін қаумалап жұрты жан-жағын!

ТОЙБАСТАР

Берік ағам

О, ағайын, бүгін той,
 бүгін думан,
 Бұл тойға шашу болсын жырым туған.
 Алпысқа келді, міне, Берік ағам,
 Бала кезден өнер мен білім қуған.

Сарышоқы – атажұрты мұнарланған,
 Төсіне тағып кеткен тұмар бабам.
 Бұғылы, Тағылыдай таулары бар,
 Сарысу қос өзені бұландыған.

Өзі өсті Өспен, Нілді аймағында,
 Қанығып қара сөздің қаймағына.
 Тегіне тартып өскен тентек ұл бұл,
 Осал емес, өз жұрты, қай жағы да.

Жасынан арман қуып талаптанды,
 Жоғары білім алды қалап жаны.
 Есепке жүйріктігі арқасында
 Кен маржанын есептеп, қанаттанды.

Іздері бұл Бекеннің жайнап жатыр,
 Комбинат тарихында сайрап жатыр.
 Бас маман тағы болып «Сирекметке»,
 Шәкіртке жолын беріп, байлап жатыр.

Ақыл мен парасаттың түйіні ме,
Жол, нұсқа көрсетті ол дүйім елге.
Алпысқа келді, міне, тарлан аға,
Нық қонып өз тұғыры, биігіне!

ЕЛ ҚЫЗЫ БОЛ

Арайлымның «Тілашар» тойына жыр шашу

Ұрпағына сыйлайтын бар асылды,
Қазақтың тойы неткен жарасымды!
Бір тойын Нағима да жасап жатыр,
Жан-жақтан жинап туыс, жанашырды!

Кеңгірдің толқынындай тулап аққан,
Өмірдің жүйрігін-ай зулап жатқан.
Бесікте күні кеше тербетілген,
Арайлым қыз болыпты қунақ қаққан!

Еліктей әдемі қыз еркелеген,
Есінде ме бесік-жыр, көркем өлең?!
Анаң саған бір тойды жасап жатыр,
Көп тойыңды күтейік ертең сенен!

Бардың, міне, ең алғаш мектебіңе,
Мұғалім көп жұмысты жүктеді ме?
Оқы, оқы және оқы, Арайлымжан,
Жету үшін арманның көктеміне.

Болу үшін еркін ел болашағы,
Анаң саған мейірімін мол шашады.
Бұл – «Тілашар» тойың ғой ең алғашқы,
Ал ана тіл бақытқа жол ашады!

Ел қызы бол өз тілін ардақтаған,
Сонда артады өмірде салмақ, баған.
Арайланып атсын деп әрбір таңың,
Арайлым-ау, жыр жаздым арнап саған!

ЕЛЕМЕС ТҮСІПБЕКОВКЕ

(Әзіл-шыны аралас)

Өзі – сары, көзі – көк,
Күлдіретін сөзі көп.
Құдай берген түрімен,
Бүлдіретін кезі көп.

Сақтап өзі жасаған,
«Болсын, – дейді, – бас аман».
Орыс па деп қаласыз,
Келе жатса «дачадан».

Ел білетін осы адам,
Әділ сөзді қостаған.
Білер әзіл айтайын,
Берілген соң тост маған.

Заманында Кеңестің
Жамандармен егестің.
Ақадырда хатшы боп,
Жақсылармен теңестің.

Боран менен дауылда,
Бара қалып ауылға
Орыс болып көріндің
Аңқау қазақ бауырға

Бір кездері Жоламан,
Елекеңнен жол алған.
Орысшасы таусылып,
Қазақ болып қол алған.

Сөзі – мірдің оғындай,
Кейде электр тоғындай.
Елекеңмен теңескен,
Бір қазақтың жоғын-ай!

Әзіл – көңіл хошы ғой,
Тыншытпайды осы ой.
Оны орыс деп кім айтар,
Нағыз қазақ осы ғой!

САНЖАРҒА

Бір жасқа толу тойына

Атыңнан айналайын,
Санжар балам,
Тәңірдің нұры жаусын алдан саған.
Сүйкімді, шымыр болып шыныға бер,
Мамаңның тілегі бұл армандаған!

Қуанды ел тәй-тәй басқан қадамыңа,
Той жасап жатқан үлкен талабына.
Сен мынау шаңыраққа құт әкелдің,
Мамаңның мейірінен нәр алдың да!

Өсе бер, өркен жайып, өрімталым,
Күлімдеп қарсы ал әрбір өмір таңын!
Қазақтың қайсар, өжет жігіті бол,
Ойлайтын өз жері мен елдің қамын.

Қадамың құтты болсын адымдаған,
Жұғысты болсын талант, дарын саған.
Батыр бол Бауыржандай аты шулы,
Ақын бол Олжас сынды дауылдаған.

Ғалым бол Қаныш сынды дарынды адам,
 Мен тілеймін өмірде бәрін саған.
 Анаң асқар таудай тірек болар,
 Күн тусын жігер-күшің жалындаған!
 Үй болып, сен ақ келін түсіргенде,
 Тағы бір жыр арнайын, жаным, саған!
30 қыркүйек, 2008 жыл

ҚАЗАҚТЫҢ ИНАБАТТЫ КЕЛІНІ БОЛ

Назеркенің тойына

Жақындықтың белгісін сезбесін кім,
 Бүгін менің шығады өзгеше үнім.
 Үлпілдеген сұлу қыз Назеркенің,
 Жезқазғаннан келген мен жездесімін!

Айналайын, балдызжан, еркелеген,
 Тойыңа шашу болсын көркем өлең.
 Сен маған жап-жас бажа тауып бердің,
 Күн шырайлы Шымкенттей көркем жерден!

Қуанып сенің жақсы хабарыңа,
 Күн күлді менің мынау жанарымда.
 Арнайы Зайра тәтем шақырған соң,
 Жүк қалмайды деп білдік нар алдында.

Қыз бала жат жұрттық боп жаратылған,
 Сонда да ыстық бізге дара тұлған.
 Қазақтың инабатты келіні бол,
 Сені өйткені Зайрадай ана туған!

Той болып жатыр мынау Бас қалада,
 Жас отау сән беріп тұр Астанаға.
 Өзіндей құлпырып бір өсу үшін
 Бәйтерегім, жастарды баста алға!

Бөленіп жырға далам, нұрға қалам,
 Бәйтеректей өсіндер тұлғаланған.
 Астанаға келейік, тағы тойға,
 Даусын естіп сәбидің іңгөлаған

БАҚЫТ ДЕГЕН – ЖАРАСТЫҒЫ КӨҢІЛДІҢ...

Руслан мен Әсемнің үйлену тойына

Бақыт жайлы әркім айтар шамалап,
 Бақыт жайлы сөз айтайын адал, ақ,
 Бақыт деген – екі жастың жүрегі,
 Бірін-бірі шын сүйгені бағалап!

Енді үй боп тіктедіңдер шаңырақ,
 Екеуіңді қолдай көрсін Тәңір-хақ!
 Әкім Лұқпан мың жасапты өмірде,
 Ұрпағымен өсіп шыққан жамырап!

Дүниенің жауласаң да байтағын,
 Өмір заңы – болу керек қайтарым.
 Ақтасаңдар ата-ананың парызын,
 Бақыт деген – міне, осы айтарым!

Жаны сұлу, гүлдей нәзік жаралған,
 Ақ келінге ана болу – тән арман.
 Бақыт деген – жас сәбидің күлкісі,
 Шаңыраққа шаттық болып тараған.

Осы шаттық шартарапқа жайылсын,
 Русланның көңілі көркем байысын.
 Бұл әулетке бақыт болып төрлетсін,
 Ару келін, Әсем келін – Ай мүсін!

25 қазан, 2008 жыл

АҚ КӨҢІЛІ ЕСКЕН АҚ САМАЛДАЙ...

Аманбай Сағидоллаұлының 60 жылдық мерейтойына

Құдай да өзі пендесіне қарасқан,
Құдыретіне кім бар оның таласқан?!
Бір азамат келді бүгін алпысқа,
Ақыл-ойы тұлғасына жарасқан.

...Ұзын аққан ұлы өзен толқыны,
Буырқанды, көбік шашты сол күні.
Сағидолла момын шаруа үйінде,
Бір жас сәби толтырды көп олқыны.

Сәби келді...
Өмір оты маздады,
Төгілді кеп домбыраның сазды әні.
«Аман болсын Аманбайым!» дегендей,
Жадырады өз әкенің жаз жаны.

Уақыт шіркін тоқтамады, зырлады,
Ұмытылмас балауса күн сырлары.
Өмір оты кенді өлкеде жалғасып,
Азаматтың ашылды көп қырлары.

Сырдай сырлы, Қырдай нұрлы мейірі,
Атымтайдай жомарт оның пейілі.
Жақсы ағадан жол, өнеге көп алдық,
Біздер мынау – інілері кейінгі.

Қардай апшақ, ардай таза көңілі,
Бұл ағаның мағыналы өмірі.
Елі мақтап, қызы жақтап келеді,
Сұлу, сырбаз Аужекеңдей серіні!

Азаматтық тұлғасы бар айбынды,
Ақ жолы бар, бақ жолы бар айдынды.
Табанақы, маңдай тері арқылы,
Құдай өзі төрт құбыласын сай қылды.

Жақсы ағаның шарапатын мың көрді,
Жұрт құрметтеп, төрін оған шын берді.
Отызында орда бұзған Аужекен,
Ордабасы атанып та үлгерді

Міне, алпыс, биіктеді тұғыры,
Сыр мен Қырдың сүйікті ол бір ұлы.
Айша бибі аман болып қасында,
Ұрпағымен ұзақ болсын ғұмыры!

Ақ көңілі есілген ақ самалдай,
Бақ, сенімі кетілмес нақ қамалдай.
Ел-жұртыңның құрметіне бөленіп,
Жаса мәңгі, Сағидоллаұлы Аманбай!

1 наурыз, 2008 жыл

ТЕРЕКТІНІҢ ҰЛЫ

Айыптың алпыс жылдығына

Топжарған тарланысың Теректінің,
Жасыңнан елге аян зеректігің.
Таныттың алыс-жақын жамиғатқа,
Даңқтың, абыройдың еректігін.

Жаныңды тай күніңнен тербетті тым,
Таңбалы тастары бұл Теректінің.
Әулие-әмбиелердің арқасы ғой,
Алымды, шалымды боп ержеткенің!

Бүгінде әкім Лұқпан секілдісін,
Көңілің ұрпағыңмен серпілді шын.
Немере құлыншақтар қаулап өсіп,
Биікке атып жатсын бөркінді тым!

Адалдықты, Ар ісі – серт деп білдің,
Арғымағын – Алпыстың, ерттеп міндің.
Жемісіне, жетуге Жеңісіне,
Ел ісіне ерінбей еңбектендің!

Жігер етіп қиынға сенімді,
Биіктерден естісін ел үніңді.
Айеке, үйрете бер ғұмыр бойы,
Кейінгі толқындарға тәлімінді!

Жасай бер, сырбаз ұлы Теректінің,
Көтеріс ел-жұртыңның демеп жүгін.
Көзіндей бабалардың кемел ойлы –
Өзіндей азаматтар керек бүгін!

2 мамыр, 2009 жыл

ҰЗАТЫЛУ ТОЙЫНДАҒЫ АҚ ТІЛЕК

Анарға

Ұзатылар сәт туғанда қыз бала
Тәтті мұңға берілесің қызғана.
Қыздың жолы тым жіңішке екенін,
Қадірлейтін халықпыз ғой біз ғана.

Біздің қазақ қызды төрге шығарған,
Мұның сырын мен айтпай-ақ ұғар жан.
Жат жұрттық боп жаратылған балаға
Екі елге сыйлы болу – шын арман.

Қыз баланың жаны нәзік, сырлы тым,
Жақсы көріп тұрады ғой шын жұртын.
Қыз секілді болмайды ғой, болмайды,
Қанша мықты көрінсе де ұл шіркін!

Қыз жүрегі – шуақ, мейірім мекені,
Сонысымен елін тәнті етеді.
Жібіместей әкенің ол жүрегін,
Ұзатқанда бір жылатып кетеді.

Қыз ғұмыры – күлу үшін жаралған,
Тербей берсін оны асыл ән-арман.
Қызға айтар тілектің ең үлкені –
Жұлдыздайын жарық шашсын бақ алдан!

Бүгін думан, бүгін шаттық тасып тұр,
Барша жанның жүздерінде ашық нұр.
Ерке Есілдің толқынындай тулайды,
Қыз жүрегі, қыз ғұмыры ашып сыр.

Оңай да емес жырақ кету алысқа,
Қыз балаға жылап кету намыс па?!
Бүгін, қалқам, жаңбыр болып сеуіп өт,
Содан кейін көз жасыңды тауыспа.

Көз жасыңды тауыспа да, көрсетпе,
Періштелер самғап жүр ғой жер, көкте.
Қабыл болсын ақ тілектер айтылған,
Соның бәрін ой көзімен өрнекте!

Жақсы жердің, текті атаның жалғасы,
Сен арқылы көбейеді жан басы.
Құтты болсын барған алтын босағаң,
Қосағыңмен қос аққудай самғашы!

Айналайын, ардай аппақ Анарым,
Күлім қақсын сенің нұрлы жанарың.
Құдай берген бақытыңды аялап,
Қосағыңмен қоса ағар, қарағым!

...Бақытты бол, бақытты бол, қарағым!

18 шілде, 2009 жыл

АРМАН ҚУҒАН АЛДАНБАЙДЫ

Қуандық пен Назгүлдің тойына

Бақыт жайлы әркім де армандайды,
Біреуге – мал, біреуге – арман қайғы.
Мен білемін әйтеуір тіршілікте,
Арман қуған адамдар алданбайды.

Бақыт жайлы әркім де толғанады,
Бақыт сөзін тым жиі қолданады.
Бірақ, бірақ... Бақыттың шын қадірін
Шын бағалай білмеген қор болады.

Бақыт деген – ғажайып бір дүние,
Сол бақыттың тізгініне кім ие?!
Шын бақыттың Елшісі деп біліңдер,
Бір жас сәби уілдесе үйінде!

Бақыт деген – тату-тәтті тіршілік,
Жүректерге жатсын содан нұр сіңіп.
Бақыт деген – қосағыңмен жұп жазбай,
Өмір сүру келешекке құлшынып!

БАСТАРЫҢА БАҚ ҚОНСА...*Серіктің үйлену тойына*

Құтты болсын, тойларың, қарақтарым,
Болашақтың бастаған парақтарын.
Бір шаңырақ қосылды Әлімдерге
«А, құдайлап» жар болсын, Жаратқаным!

Қыр менен Сыр қуанды, дала мына,
Желпіндік кеп Кеңгірдің самалына.
«Байқоңырда» той жасап, бата алған,
Жас жұбайлар, нұр жаусын қадамыңа!

Бүкіл қауым бұл тойға шаттанып тұр,
Бүгін бір ағылайын ақтарып сыр.
Ежелгі бабалардың дәстүрімен
Шаңыраққа келін кеп, бақ дарып тұр.

Бұл өзі бір текті әулет Арқадағы,
Аманбай ел алғысын арқалады.
Шаңырақтан тәлімді ұл-қыз өсіп,
Көрсетіп жатыр рахат, бар қадарды!

Той иесі – Аманбай, Айша ханым
Жинады елдің жақсы, жайсаңдарын.
Әлім – Шөмен ұрпағы осында отыр,
Қажымас қара нардай қайсарларым!

Тәрде отыр үш қабылан, арыстаным,
Бойларында ойнаған намыс-жалын.
Бозкең, Төкең, Махаңның ел біледі
Алыс-жақын ағайын дабыстарын!

Тойдағы генералдай Қақаң отыр,
Құлағын Бостан биге тақап отыр.
Қызыл тілден ешкімге дес бермейтін,
Боскең ағам Болатты матап отыр.

Жөні бөлек Қалекең дүр-ағаның,
Ол да жақсы көретін бірі ағаның
Дүр Оңғардың тойына сақтап жүр ғой,
Бойындағы өнерін, бірқағарын.

Мына жақта бір бейне шошаңдайды,
Стаканнан қолы бір босамайды.
Атын атап, түстеудің қажеті жоқ,
Ақын бәрін бұл жырға қоса алмайды.

Келеді ғой әр нәрсе кезегімен,
Бізде осал жігіт жоқ сеземін мен.
Дүйсен менен Алтынбек, Нұрперзенттер,
Аямайды ештеңе өз елінен!

Той ортақ,
Көңіл ортақ, жүрек бірге.
Ағайынмен қашанда тілек бірге.
Құда болып ежелгі дәстүрменен,
Өріс кеңіп жатыр ғой, бекіп ірге.

Ұзағынан құдайым сүйіндірсін,
Көре алмаған дұшпанды күйіндірсін.
Келінжанның қолынан шай ішетін,
Сарыарқада тағы бір үйім тұрсын!

Екі жасқа айтарым – ақ тілегім,
Аялаңдар ананың пәк жүрегін.
Ардақтаңдар әкенің ақ үмітін,
Өмірге әкеп сәбидің тәтті үнін!

Бастарыңа бақ қонса, тасымандар,
Ал қиындық тап болса, жасымандар.
Дүниенің ұшпағын орнатады,
Бірін-бірі шын сүйген ғашық жандар!

31 шілде, 2009 жыл

ҚОС ҚУАНЫШ, ҚОС ДУМАН

*Томиристің мектепке барған «Тілашар» және
Темірланның «Сүндетке отырғызу» тойларына
жыр-шашу*

Ал, бастайын, ағайын,
Тойбастарды,
Жадырасын ән-жырмен той аспаны.
Той иесі Пазекең – Мажыраның
Ақ ниеті жүрекке ой тастады.

Құтты болсын тойларың шарықтаған,
Шаңырақтың шаттығы қанық маған.
Қос ботасы – Томирис, Темірланға,
Той жасаудан бұл әулет жалықпаған.

Қыдыр қонып, бақ дарып, баян тапқан,
Бұл шаңырақ ұл-қызды саялатқан.
Бәрі мықты мамандар елі үшін,
Еңбектерін ешкім жоқ аяп жатқан.

Отбасының бірлігі, берекесі,
Қос бөбектің басталды мерекесі.
Пазекең мен Мажыра қуанып тұр,
Абыройдың биіктеп қос өркеші!

Бұдан аттай алты жыл өткені ме,
Томиристің тұсауын кескен күнге?!
2003 – он төрті қарашаның,
«Бизнес-Центр» түсті ме естеріңе?!

Томирис қыз желбіреп тұлымшағы,
Бүгін, міне, өзгеше жырын салды.
Ата-әжесі «Тілашар» тойын жасап,
Мектебіне жібермек құлыншақты!

Құтты болсын қадамың, Томирисім,
 Сен келгенсің бақытты өмір үшін.
 Арқалаған сөмкеңе «бестік» толып,
 Шарықтасын балалық көңіл құсың!

Томирис қыз,
 Болашақ Тұмар ханым,
 Сенің мөлдір қалпыңа құмартамын.
 Сен айбынды қызы бол қазағымның,
 Сен әйгілі қызы бол «Нұр Отанның»!

Атың қандай әдемі, затың қандай,
 Жібек жолы алдыңнан тартылғандай.
 Бір сұлу қыз әдепті, инабатты,
 Өсе берсін жарқырап алтын маңдай!

* * *

...Тәңір өзі жарылқап,
 Бұйрық қалап,
 Бір ұл өсіп келеді құйрық қанат.
 Мұсылман боп бір күнде шыға келді,
 Бұл Темірлан енді өзін жүйрік санап.

Игі дәстүр келген бұл сан ғасырдан,
 Атам қазақ ұрпағың жалғастырған.
 Сүндет тойы – қазақтың міндет тойы,
 Оны айтады үлкендер малдас құрған.

Құтты болсын, «Бір, екі, үш», – дегенің!
 Ауырса да жыламай, тістенгенің.
 Осы бастан сабырлы, ақылды бол,
 Сыймай жатсын бойыңда күш дегенің!

Өлі-ақ ертең азамат атанасың,
 Үлкендерден мол ғибрат, бата аласың.
 Жігіттің сұлтаны боп атқа мінсең,
 Жеңістің дәмін сонда тата аласың.

Міне, келді толысып, толар шағың,
 Биік болсын тұғырың, қонар тағың.
 Айналайын Темірлан, Құдай қолдап,
 Жарқын болсын алдағы болашағың!
 Әумин!

БАҚЫТ ҚҰСЫ

Елжас пен Айгүлдің үйлену тойына

Жас жұбайлар,
 Тыңда менің жырымды,
 Бұл өмірден көрген-түйген сырымды.
 «Басқа қонған бақыт құсын бағала!»
 Деген екен дана қарттар бұрынғы.

Ақиқаттан алшақ кетер жайым жоқ,
 Ақиқатты айтқан жанда айып жоқ.
 Басқа қонған бақыт құсы, міне, осы,
 Бүгін сендер жайқалдыңдар қайың боп.

Қайың ертең жайқалмай ма орманда,
 Ал орман сол айналмай ма қорғанға!
 Жандарыңның жапырағы көркейіп,
 Бақыт құсы сайрап жатсын сол маңда.

Тату-тәтті шаңырақ боп құрылсаң,
 Нағыз бақыт, міне, осы ұғынсаң.
 Бақыт құсы лезде бастан ұшады,
 Жазатайым басқа жаққа бұрылсаң.

Бақыт деген – Тәңір берген несібең,
 Ешкім де оны шығармасын есінен.
 Асып-тасып, сәл бақытқа мас болған
 Жандар да көп қалған өмір көшінен.

Бұл өмірдің ақ-қарасы алмасқан,
Жақсылыққа ұмтылындар талмастан.
Жақсы жұрттың, текті атаның баласы,
Жамандыққа болады әркез алдаспан.

Қазағымның жүрегінде иман бар,
Ата күшін, ана сүтін сыйлаңдар.
Бұл дүниеде тұтынатын дүниені
Табанақы, маңдай термен жинаңдар!

Өз тіліңді, діл мен дінді ұлықта,
Зер салыңдар ескі, жаңа ғұрыпқа.
Бар бақыттың бастауына жол ашқан,
Ата-ананың тілегі бұл ұмытпа.

Елжас – Айгүл,
Тойларыңды ел көрген,
Махаббаттың бесігінде тербелген.
Сендерге шын ақтарылды толғанып,
Менің мынау жырға толы өр кеудем.

Тілегімді жұптар болсам жүйелі,
Бақыт деген – әдемі құс киелі.
Төлеген мен Әлия жүр қуанып,
Оларға да бұл сөз жылы тиеді.

...Аялаңдар бір-бірінді, жұбайлар,
Бақыт құсы аялауды сүйеді!

28 тамыз, 2009 жыл

ТОҒЖАН СҰЛУДЫҢ МОНОЛОГЫ

60 жылдық мерейтойда оқылған өлең

Қайран жылдар...
 Қайдасындар ескірген?..
 Сағым жылдар, сергелдең күй кештірген?!
 Қайда сол бір сыңғыр қаққан күлкілер,
 Алыс қырдың әр жағынан естілген?!

Қайран жастық...
 Алып ұшқан арманы,
 Асау көңіл қай қиырға бармады?!
 Сұлу қыздың бұрымындай бұралып,
 Біздің жолдар кең даланы шарлады.

Атамекен – Семей қалды жырақта,
 Біз қарадық алдан жанған шыраққа.
 Көрінгенде Жезқазғанның оттары,
 Мойынсұндық тағдыр деген сынаққа.

Үміт-қайық мойын бұрды
 Кеңірге,
 Аққу-арман қанат қақты зеңгірге.
 Мына жақта қарт Ұлытау қол жайып,
 Ақ батасын беріп жатты біздерге!

Фая, Алла,
 Тағы кімдер бар едің?
 Жолаушысы едік тағдыр-кеменің.
 Желіктірдік кілең сұлу семейлік,
 Жезқазғанның жігіті мен желеңін.

Қайран жастық...
 Қайран сұлу күндерім.
 Кез еді ғой ертегідей бір керім!
 О, құрбылар, сендерменен өтті ғой,
 Ғажабы мол мың бір түндей түндерім...

Құрбы қыздар...
Қолаң шашты құрбылар,
Ақ қайындай сылаң қағып тұрдыңдар.
Жезқазғанның қырандары қойсын ба,
Бір-бір үйдің шаңырағын құрдыңдар!

Біз есейдік жұмақтай бұл өлкеде,
Еңбек еттік сенім артып ертеңге.
Бір атадан, бір анадан туғандай,
Сыйластықты мирас еттік өркенге!

Жылдар... жылдар...
Сағым болды көп сырлар,
Қыздар, сендер сол қалпында тұрсыңдар.
Ардай аппақ, қардай таза көңілмен,
Мен білетін жеңіп алған бір шың бар!

Ол дегенің – біздің бірлік тас қамал,
Соны ойласам көзден ыстық жас тамар.
Мен сендермен мықтымын ғой, достарым,
Жайым да жоқ ештеңеден жасқанар!

Байлығым да,
Айбыным да көп менің.
Сендерменен бірге өніп, көктедім.
Көңілімді көкке менің көтерген,
Аман болсын осы отырған текті елім!
...Аман болсын, немерелер ай жүзді,
Одан артық бақытым да жоқ менің!

24 қазан, 2009 жыл



САЯТ ПЕН ҚУАНЫШТЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА

*«Отырардағы той»
әнінің сазымен айтуға болады*

Той басталды Жезқазғанда, сұлу Кенгір бойында,
Кеудесінде оты жанған Ұлытаудың қойнында.
Аңыздарда аты қалған Әбекеңді қолдаған,
Осындай той Жезқазғаннан басқа жерде болмаған.

Қайырмасы:

Туған елім, асқар бәлім, шалқар көлім,
Сенсің әнім, менің сәнім, әнім менің.
Алақанда аялаған Саят ұлың сезінсін,
Ақ тілегін аямаған ардағы да – Өзіңсің.

Той боп жатыр, о, ағайын,
Бұлтын Қыпшақ елінде.
Ақжол тілеп жаңа түскен айдай сұлу келінге,
Қара Қыпшақ Қобыланды ұрпақтарың көбейтіп,
Ие болсын жас жұбайлар абырой мен сенімге!

Қайырмасы:

Той иесі – Әбдіхашым ер азамат тегінде,
Найзағайдай жарқылдайды намыстың ол көгінде.
Су патшасы Сүлеймендей елге ырзық, құт берген,
Бұл Әбекең отыр әне кең сарайдың төрінде!

Қайырмасы:

Бау-бақшасы гүл жайқалған, өсіп-өніп өңірде,
Мол қуаныш сарқылмайтын, құйып жатыр көңілге.
Саят пенен Қуаныштың құтты болсын тойлары,
Қадам басқан сенімменен жарқын мынау өмірге.

МАЙРА СЕРКЕБАЕВАНЫҢ МОНОЛОГЫ

Бұл өмірден дос таптым, құда таптым,
Жөні бөлек екен ғой құдалықтың.
Дос келді деп қуансам, ал құдаға,
Одан бетер қуанып, құрақ ұштым.

Біздің үйдің сәні ғой – құдаларым,
Олармен шалқып, тасып, қуанамын.
Төрге шыққан күндерім ұмытылмайды,
Орны бөлек құдалық сыбағаның.

Өрісім кең, өркенім орман болды,
Әрбір құда біз үшін қорған болды.
Қыз ұзатсақ, ренжудің қажеті жоқ,
Қанша келін аймаңдай қолға қонды!

Дүние-дүрмек осылай жалғасады,
Көңілім тек құдаммен жарасады.
Мың жылдық боп жарасқан құдалардың
Құдіретіне кім сірә, таласады?!

Бұл өмірдің бар сәні – сыйластықта,
Адал көңіл, шын сезім, қимастықта.
Мен ұнатам бәріңді, құдаларым,
Жол бермейтін ешқашан қиғаштыққа.

...Төр беретін тек қана сыйластыққа!

ЖАҚСЫ БАЛДЫЗ БОЛМАСА...*Әміржанның 40 жылдық мерейтойына*

Балдыз деген жақсы ғой بازیнаға,
 Бүгін, міне, жеттік той-қазынаға.
 Жақсы балдыз болмаса Әміржандай,
 Мына өлең жәйдан-жәй жазыла ма?

Қамал бұзар қырыққа келдің бүгін,
 Арқаладың қиналмай Ердің жүгін.
 Шахта астында қажырлы еңбек етіп,
 Бейнетіңнің жемісін, тердің гүлін.

Салмақты да сабырлы, мығым қалпын,
 Ақ адал еңбегіңнен шырын таптын.
 Қанша батыр болсаң да жер астында,
 Гүлжиянның алдында зырыл қақтың.

Әзіл сөзден құдайым айырмасын,
 Балдызым-ау, күлкіге айыз қансын.
 Бұл Гүлжиян ақшаның банкоматы,
 Беретінін жездеге дайындасын!

Мен қуанам сендердей жұп болғанға,
 Шаңыраққа сарқылмас құт қонғанға.
 Алматыдан тәтем де келіп жатыр
 Баласының тойына шын толғанға.

Азаматсың, Әміржан, несібелі,
 Жібектей шын мінезің есіледі.
 Құдай қосқан жарың бар Гүлжияндай,
 Мерейіңді ол мәңгі өсіреді.

Көркейіп тұр бау-бақшаң, шаңырағың,
 Ұзағынан мол берсін Тәңір бағын.
 Ұл-қыздарың ержетіп, ұрпақ сүйіп,
 Өркен жайсын тереңге тамырларың!

ШАХТЕРЛАР ТОЙЫНА

Ассалаумағалайкум, шахтерлерім,
Той-думан, шаттық пенен бақ көргенің...
Еліме Тәуелсіздік орнағалы,
Ерекше шабытпенен артты еңбегің!

Есен-сау бармысыздар, еңбеккерім,
Табыспен ел мерейін өрнектедің.
Арнадым өздеріңе жыр-шашуын,
Жасымнан осы өнер ғой серлеткенім.

Тойларың тойға ұлассың барлығыңның,
Тәуелсіздік дегенің – Арлы ұғым.
Елімде көтеретін азамат көп,
Бір емес, әлденеше нардың жүгін!

Мен бүгін жай отындай жарқылдайын,
Ән-күйді шалқытудан тартынбайын.
Жезқазған кенге де бай, әнге де бай,
Сондықтан тау суындай сарқылмаймын!

БАҚЫТТЫ БОЛ, ҚЫЗЫМ!

Айнаны ұзатқандағы Жарқынбектің толғанысы

Қуаныштан мың отырып, мың тұрып,
Кімге айтамын жан сырымды ұқтырып?!
Қыз баланың жөні бөлек екен-ау,
Қимастықтан көзге тұрды шық тұнып...

Жаным Айна,
Ақ тотыдай таранған,
Әлдилесін сені асыл ақ арман.
Бақытты бол, қосағыңмен қоса ағар,
Күн сәулесі күлім қақсын жанардан!

Шаңырақта шарықтасын шалқып ән,
Қадамыңа нұрын төксін жарқын таң!
Бір тойым бұл ағайын, жұрт бәріңді,
«Қыз ұзату» тойына мен шақырам!

МЕНИҢ АТЫМ – АЯУЛЫМ...

Таныстыру

Менің атым – Аяулым,
Мырзатайдың қызымын.
Жана түссін әрдайым,
Биік болып жұлдызым!

Ардақ атты анашымды
Қадірлеп бас иемін.
Арлан інім – асылымды,
Мен ерекше сүйемін.

Алмас ағам алыстағы
АҚШ-та жүр оқуда.
Ол – жігіттің арыстаны,
Білімді ойға тоқуда.

Мектеп – алтын үйіміз,
Білім – байлық әлемі.
Арналар ән-күйіміз
Ұстаздарға әдемі.

Ана тілім – дана тілім,
Ұлт дәстүрін сақтаймын.
«Қыз сынына» қатысып,
Ел үмітін ақтаймын!

2009 жыл

КІСІЛІК, КЕМЕЛДІК БАР КЕЛБЕТІНДЕ*Полковник Қуатбек Орақовқа*

Артықша орны бөлек – асыл ағам,
Жансарайың жұмбақ сыр ашылмаған.
Бірақ та іні көрсе жақын тартып,
Ағалық ақ көңілін жасырмаған.

Кісілік, кемелдік бар келбетінде,
Жүрегі тек сөйлейді тербетіле.
Тік жүріп, тік айтатын әділдікті,
Қақандай адамдар аз жер бетінде.

Келбеті шындықпенен шырайланған,
Қайсыбір қиын іске шыдай алған.
Халық жеккен жұмыстың қара нары,
Ешбір қажып, не ренжіп, мұңаймаған

Шын қорғады ел, жердің тыныштығын,
Жақсылықтың молайтты ырыс, нұрын.
Жамандықпен күресті, жан берісті,
Әділ заңның айқындап дұрыстығын.

Шықты озып қатардан дара аты,
Адамдарға көп тиіп шарапаты.
Полковник Орақов атанды ол,
Ел алғысы – ең үлкен марапаты.

Жақсы іске қашан да жаны құмар,
Іскер адам тасты да жарып шығар.
Қақаң құрған «ОАЗИС» Күзет үйі
Тыныштығын ел-жұрттың бағып тұрар.

Заманауи дүниенің сырын білген,
Жекеменшік күзет бұл дүрілдеген.
Жезқазған мен Сәтбаев қаласында,
Бас күзетші Орақов күлімдеген.

Кісілік, кемелдік бар келбетінде,
 Қақаңдай ағалар аз жер бетінде.
 Дүр Оңғардың жырындай жылу шашып,
 Жүрегі оның сөйлейді тербетіле...

2 желтоқсан, 2010 жыл

АСЫЛ АҒАҒА ТІЛЕК

Асылбек Әлмашұлына

Асеке, алдымдағы айбарымсың,
 Қашаннан көңілің бай, жайдарысың.
 Атанып ақсақалы Қармақшының,
 Көп еңбек сіңірдіңіз аймақ үшін!

Көрсетіп кейінгіге жөн-жобаны,
 Бересіз қай іске де оң бағаны.
 Хақ жолынан келесіз айнымастан,
 Бұл да болса әруақтың қолдағаны.

Ойлайсыз ағайынның бірлік күшін,
 Жан салып жүрсіз осы тірлік үшін.
 Біреуге жапа шеккен жәрдем беріп,
 Жасайсыз бұрынғы би, дүрдің ісін.

Шырағы Хақтың жаққан орнындасыз,
 Әр істің кем-кетігін толтырасыз.
 Өзіңдей ақылы дария ағалар тек,
 Аман болсын деп сырттай отырамыз.

Жөн болмас Дүрияны қоспағаным,
 Әйтпесе күрең шайдан бос қалармын.
 Шырқап жүр ме қосылып анда-санда,
 Фазиламен екеуі «Достар» әнін?!

Асеке, шаршамаңыз,
 Қажымаңыз,
 Біз көрген баяғы сол қалпыңдасыз.
 Алыстан шын сағынып барған кезде
 Құшақ жайып, күлімдеп жарқылдаңыз!

...Тіреуіш боп жүрейік артында біз.

ҚАШҚЫНБАЙҒА ХАТ

Қашеке,
 хабарың жоқ, қашық жүрсің,
 Білмеймін менен әлде қашып жүрсің.
 Телефон шалатынсың анда-санда,
 Қысылып кімнен қорқып, сасып жүрсің?

Айтсайшы одан да бас амандығын,
 Құдай басқа бермесін жамандығын.
 Тірліктің кәкір-шүкір шаруасы көп,
 Жоғалтпайық тек көңіл адалдығын!

Аман ба,
 ырғатылған Бекзат ханым,
 Аман ба, жақын туыс, жекжаттарың?
 Құрдастық назым да бар көңілімде,
 Аршығандай жастықтың сыр қатпарың.
 Көп сырлар бізден қалай қашықтасын,
 Шау тартуға бұл Бекзат асықпасын.
 Айтпақшы, Исабек дос аман жүр ме,
 Сіміріп айраны мен ашытпасын?!
 Қойды деп жүр ғой оны жүз грамды,
 Бойдағы қан қысымы тасытқасын.
 Баяғы бір тоқтының жыры бітпес,
 Түбінде бір береді асықпасын.
 Тоқтыдан баяғыда құтылдым деп,

Барған соң миды бірақ ашытпасын.
 Исабек сараң әлде, ұмытшақ па,
 Айырып алайықшы ашық басын.
 Шындық бар әзіл сөздің астарында,
 Көңілді құрғақ сөзбен жасытпасын.
 Өзге де құрдастарға көп сәлем айт,
 Тоқтының мән-жайына ашық қансын.
 Қашеке, сағынғаннан өлең жаздым,
 Ішіме сыймай шіркін тасытқасын!

Жұртымыз аман болсын Сырда жатқан,
 Уақыт өтіп жатыр зырлап аққан.
 Біздер де қарттық жасқа жетіп қаппыз,
 Осы жай көкіректі тырнап жатқан.
 Ол рас, жігіттікте желіп-жортып,
 Аман сау өттік талай сырғанақтан...
 Жиырма бес еске түспей тұрмайды ғой,
 Сұлулықты сыр етіп, жырлап баққан?!
 Сезімде тек сағыныш сазы қалды,
 Кезінде кім бар еді тыңдап жатқан.
 Қызығы жас дәуреннің ол бір- әлем,
 Тұнғыық таңғажайып сырлар жатқан.
 Қашеке, соларды бір еске алып,
 Жайым бар шамырқанып жырлап жатқан.
 Қалайда бас амандық керек бізге,
 Уақыт—сағым көп күнді ұрлап жатқан.
 Әйтеуір заман жақсы, уақыт тапшы,
 Өмір бұл - сұлу қыздай сырғақтаған!

15.06.2010 Жезқазған.

КӨСЕМСӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Аман Жанғожинге

Ой тастап оқырман жұрт,
Зиялыға,
Ойқастап шықтың биік қия, шыңға.
Алланың берген бұл да үлкен сыйы,
Адамның қиял қостың қиялына.

Қадамыңнан көрдік көп жарқын шақты,
Қаламыңнан отты сөз жаркыл қақты.
Жас түлектей ауылдан түлеп ұшқан,
Хас түлекті өзі емес, даңқы тапқан.

Өткелсіз өзен анау шапшып аққан,
Көктемсіз, нұрлы жауын тамшылатқан.
Арқаның ақ бораны болып кейде
Айтасың қоғам дертін жаншып жатқан.

Көсемсөздің жампозы,
Һәм зергері,
Ат басындай алтынсың тереңдегі.
Бұл Аужекең – жәй ғана журналшы емес,
Қара нарға бергісіз Ердің Ері!

Құтты болсын, Аужеке,
Алпыс бесің,
Жақсы үмітке жол ашсын жарқын кешің.
Оқырманды тамсанып ойлы сөзбен
«Орталықтың» бастай бер алтын көшің!

2010 жыл. Қарағанды.

БАҚЫТЫҢ ЖАНСЫН АЛДЫҢНАН!*Гүлнұрдың ұзатылу тойына*

Гүлнұр бала,
 Гүл мен нұрдай есілген,
 Көп сыр көрем ұзатылар кешіңнен.
 Сен қимайсың,
 Туған, ыстық үйіңді,
 Алақанға аялап шын өсірген.

Ертегідей елік күндер есінде,
 Еркелеуші ең ата-әженің төсінде.
 Енді, міне,
 Туған үймен қоштасып,
 Ересің сен үлкен өмір көшіне.

Көш көлікті,
 Көш көрікті болсын тек,
 Бақыт құсы бастарыңа қонсын кеп.
 Сен баратын
 Ақ босаға құтты боп,
 Мен тілеймін соған шаттық толсын деп.

Әке үмітін,
 Ана үмітін ақтаған,
 Алла Өзінді аман-есен сақтаған.
 Қосағыңмен қоса ағарып,
 Бір болсаң,
 Жолығады таңғажайып бақ саған!

Сол бағыңды біз көрейік тамсанып,
 Дүниеге сәби келсін жар салып.
 Төркініне келген қызын сағынып,
 Туған үйің
 Тұрсын күліп қарсы алып!

18 наурыз, 2011жыл

ХАС ӨНЕРДІҢ ҚАМҚОРШЫСЫ

Жомарт Әбілтайевтың 60 жылдығына

Жомарт десе —
 Жомартсың, даладайсың,
 Кейде дана, кейде аңғал баладайсың.
 Мәскеуде оқып,
 Щепкинде жүргеніңдей,
 Қалтаңдағы тиынды санамайсың.
 Басқа кәсіп,
 Нәсіпті қаламайсың,
 Хас өнерге қарайлап, алаңдайсың.
 Қарапайым актердан бастық болған,
 Нөмірі-1 қамқоршы адамдайсың.

Арқа жақтан ескен бір самалдайсың,
 Театрға ту ұстар қамалдайсың.
 Сен бармаған гастроль,
 Фестиваль жоқ,
 Сенен артық жолбасшы таба алмайсың!

Торғай бардың,
 Жезқазған ол да қалды,
 Ел-жұртқа беріп келдің қолда барды.
 Сол іздерің ешқашан жоғалмайды,
 Тілек, бата жолыңды оңғарады!

Кенді өлкенің сен де бір
 Ақтанкері,
 Қарағанды Өзінді мақтан көрді.
 Анасына —
 Құрмет – Әкесіне,
 Талдықорған жерінде тапқан Ерді!

Алпыс мынау алқынбай келер дедің,
 Мен сені жырмен былай демер едім.
 Ақын емес,
 Егерде әкім болсам,
 Қайраткерлік атақты берер едім!

* * *

Бәрі бекер,
 Атақ та, мансабың да,
 Ол да сіңіп кетеді ақ сағымға.
 Азаматтық биігің аласармай,
 Жомарт бауырым,
 Ие бол бақ-тағына!

Аман болсын қасыңда
 Қарындасым,
 Балдай жағып лебізі Асыл жанның!
 Таяғыңды сүйретіп
 Жүз жасқа жет,
 Шөбере, шөпшектер кеп қолыңды алсын.
 ...Ғажайып ғибратты жолыңды алсын!

ҚҰРДАСЫМ – БИДАШЫМА

Қыз да болсаң,
 Қадірлі құрдасымсың,
 Қадірің қашан да артық бір басыңның!
 Қыз емес,
 Ерге лайық мінезің бар,
 Қос елдің тұтқа болар тұлғасысың!

Қалайда заманына қайым тудың,
 Баяғы Бидаш бидей байыптысың.
 Өсіріп ұл-қызыңды,
 Немеренді,
 Керегенді кеңейтіп, жайып тұрсың!

Қай бір іске қай кезде сабырлысың,
Ағайын, ел-жұртыңа қадірлісің.
Бойыңнан,
Ойыңнан да былайғы жұрт
Кісілік парасаттың таныр күшін!

Кезің жоқ,
Күйіп-пісіп қатуланған,
Тірлікте ойнап-күліп, тасу – арман.
Мың шүкір,
Көп жақсылық көріп жүрсің,
Мұхаңдай жібек мінез тату жаннан!

Осынау қоңыр тірлік жарасымды,
Үйіңе үйіп-төксін бар асылды!
Қолынан шөберенің су ішетін,
Бақыттың келіп жетсін
Дара шыңы!

Қыз да болсаң –
Құрдасым, Бидашымсың,
Көңілімнің қалауы сыйласымсың.
Құдай саған пейіліңе бәрін сай ғып,
Дүниенің бар асылын сыйласын шын!

23 сәуір, 2011 жыл



МЕТАЛЛУРГ ДОСЫМА

Азаматсың айтулы, даңқың басым,
Бүгін қалай көңілің шалқымасын?!
Металлург, еңбегің жана берсін,
Қара мыстың сапырған балқымасын!

Сені өрге өндіріс жетеледі,
Ер еңбегі әрқашан өтеледі.
Қасиеті осы ғой бұл ұжымның,
Жұмысшыны басшы ғып көтереді.

Абыройың асқақтап,
Аспандаған,
Ардагер деп қарайды жастар саған.
Өндірістің ұйытқысы, іскер басшы,
Құтты болсын ілгері басқан қадам!

Кенді өлкенің мақтаулы өренісің,
Елге аян атқарған ерен ісің.
Металлург—
бұл ұлы мамандық қой,
Қайнарлардан алатын терең күшін!



ҰРПАҚ ТАҒЗЫМЫ

2010 жылдың 17 шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы Ыбыраев аулында осы өңірге белгілі бір әулетінің ардақты адамдары -сүйікті әкеміз Жұма Әбдірахмановтың бұл дүниеден озғанына – 40 жыл, атамыз Қабділбари Әбдірахмановтың туғанына – 100, қайтыс болғанына – 15 жыл, мейірімді апамыз Файша Бектұрқызының бақилық болғанына 8 жыл толуына орай ас беріліп, әруақтарына Құран бағышталды. Осы аста ұрпақтар атынан оқылған өлең ..

Дүниенің жалғаны-ай,
Тағат таппай зырлаған,
Дүрмегінің соңында өкініш пен мұң қалған.
Жұма біздің әкеміз қайсар, өжет жан еді,
Ерке Есілдің бойында шар болаттай шыңдалған.

Жан адамға жаттығы жоқ та еді әкенің,
Шырмауына тап болды ол соғыс деген қатердің.
Концлагерь түрмесі...
Қанмен жазды толтырып,
Сарғыш тартып сарғайған тағдырының дәптерін.

Бірақ қайсар жауынгер түсірмеді еңсесін,
Елге оралу Жеңіспен — жүректегі кең шешім.
Қан майданнан оралды,
Қар жастанып, мұз шайнап,
Өз Отаны өзіне қуат пен күш бергесін.

Шарпығанда оттары шартарапты Жеңістің,
Бейбіт еңбек дүрмегі солқылдатты жер үстін.
Майдангерлер сапында еңбек етті әкеміз,
Ортасынан көрінді елге қажет зор істің.

«Шаңырағым — шаттығым, келді, міне, бақ күнім!» —
 деп жүргенде әкеміз үзді өмір — ақ гүлін.
 Есіл бойы күңіреніп,
 Қайғы жұтты көп халық,
 Есіл ердің берді де жер қойнына пәк жүзін.

Соғыс салған жара бұл, жазылмаған тыртығы,
 Құдайы бар үй еді бүтінделген жыртығы.
 Қабділбари атамыз
 жан бауырын жоқтатпай,
 Әке орнына әке боп шын жылады, шын күлді.

Үш ұл, бес қыз артылды осы атаның мойнына,
 Алып жатты біздерді Ғайша екеуі қойнына.
 Киіндірді, оқытты,
 Тәрбилеп өсірді,
 Құдай өзі жеткерсін дегендей көп тойына.

Құдай өзі жеткерді,
 Біздер өстік, жетілдік,
 Асыл ата арқылы көрген жоқпыз жетімдік.
 Мезгіл жетіп қаралы —
 Қарттармен қош айтыстық,
 Жүрмейді екен ажалға еш келіссөз, өкілдік.

Біздер өстік саялы бәйтеректің астында,
 Бізді олар берген жоқ ешбір дауыл, тасқынға.
 Біз — әулетпіз, бақ дарып,
 Қыдыр қонған бір үлкен,
 Абыройы Алатау асқақтаған ақ шыңға!

Қайран асыл қарттар-ай,
 Қайран асыл,
 Келе жатыр сендерсіз жайнап ғасыр.
 Бірақ, бірақ...
 Сендердің орның бөлек,
 Көңіл бөлек көктемдей жайған жасыл.

Бағыштадық арнайы дұғамызды,
Бойға қуат дарытсын Құран ізгі.
Шапағаты тисін деп аялайық,
Ата-баба дәстүрі, мұрамызды.

Орнында бар оңалар – Өмір заңы,
Арайланып нұр шашсын Тәңір таңы.
Риза болсын әруақ,
Риза болса,
Жаз гүліндей жайқалар көңіл бағы.

17.07.2010

СЫПАЙЫ, СЫРБАЗ АҒАСЫҢ...

Рахым Арыстанбаевтың 70 жылдығына

Рахым аға,
Алланың түскен рахымы,
Жетпісің бүгін көтерді көкке атыңды.
Ұлытау елі,
Жезқазған жұрты біледі,
Қадірі артық ата тегің мен затыңды.

Кең пейіл қалпың –
Қаныңа сіңген бабадан,
Бойыңнан, аға, осыны әркез таба алам.
Жаныңа жақын нәрсенің бәрін алдың сен,
Жусанның исі аңқыған мынау даладан.

Қазақы мінез,
Қазақы ұғым — тылсым сыр,
Ара ағайын боп арамызда жүрсін бұл.
Сыпайы, сырбаз Рахаңдай абзал ағаға,
Сый болсын осы жүректен шыққан сыршыл жыр.

Қара өлең қайран,
 Қазақтың қара шекпені,
 Ғажайып сыр ғой Рахаңның өмір өткелі.
 Басшы да болды,
 Мың қосшы ертіп соңына,
 Жолынан түзу абырой, құрмет көп көрді.

Адал боп ата жолы мен асыл ғұрыпқа,
 Қайырымын жасап, қол ұшын берді жұртына.
 Тәңірдің сыйы —
 сәбидің шаттық күлкісі,
 Үй ішін кернеп, мал толды үйдің сыртына.

Рахаңның алтын шаңырағы өсіп, көктеген,
 Жеңгеймен бірге ұрпағын сүйді көптеген.
 Елінен алған алғыс пен бата күш беріп,
 Бұл Рахаң біздің жүз жасайды деп сенем.

Рахым аға,
 Алланың түскен рахымы,
 Жетпісің бүгін көтерді көкке атыңды.
 Тойыңыз, аға,
 Құтты болсын дүбірлі,
 Қуантып жатқан алыс пенен жақынды!

6 қараша, 2010. Жезқазған.



СӘБИ КҮЛКІ СЫҢҒЫР ҚАҚСЫН...

Еркін мен Әйгерімнің үйлену тойына

Ата-ананың
 Ақ тілеулі арманын,
 Болашаққа, Еркін балам, жалғадың.
 Бағалаңдар, бағамдаңдар жан-жақты,
 Үйленудің, үй боудың салмағын.

Арман асқақ,
 Мұраттарың асыл боп,
 Жарқырандар көк жүзінде жасын боп.
 Өмір деген —
 Нақ өлшейтін таразы,
 Сыйластығың тұрсын сонда басым боп.

Жас жұбайлар, сендерге көп айтарым,
 Жақсы жырман жан нұрыңды байытармын.
 Ата-ананың ақ тілеуін ақтаңдар,
 Ең бастысы, осы, міне, қайтарым!

Түзу жолын бұл тірліктің жалғаңдар,
 Қос аққудай көкке биік самғаңдар!
 Бақыт құсы басқа қонды екен деп,
 Абайсызда оны ұшырып алмаңдар.

Өмір деген бір орнында тұрмайды,
 Жылдарды ол еш білдіртпей ұрлайды.
 Уақыт шыңдап,
 Шын бақытқа жеткендер,
 Бақыт жырын бірге мәңгі жырлайды!

Биіктесін мына құтты шаңырақ,
 Сәби күлкі сыңғыр қақсын жамырап!
 Еркін балам,
 Әйгерім ақ келінім,
 Сендерге тек үйіп-төксін Тәңір бақ!

27.07. 2011, Қызылорда.

ДОС ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Жарқынбектің 60 жылдығына

Өмірде адамдар көп жарқылдаған,
Жақсылығы елі үшін сарқылмаған.
Жарқынбек — сондай жігіт Арқадағы,
Жүрегі ақ самалдай аңқылдаған.

Бүгінде алпыс жастың белесінде,
Парасаттың мінді ол кемесіне.
Жасынан еңбек еткен әуежайда,
Жәкеңнің жақсы істері ел есінде.

Олардың бәрі бүгін аңыз-дастан,
Жастық шақ өтті-кетті жалын шацқан.
Бұл Жәкең – өз ісінің мәрт маманы,
Әуежай мен ұшақтың бабын тапқан.

Ер Жәкеңнің қадірін ел біледі,
Елім деп соғады оның кең жүрегі.
Жасынан зеңгір көкке көзін тіккен,
Арманы тау суындай мөлдір еді.

2

Қазақта ер тегіне тартып туған,
Бозғұлан жан еді бір артық туған.
Бір ұл келді Бозекең шаңырағына,
Жаралғандай құлды бір жарқын нұрдан.

Газакент шаһары бұл өзбектегі,
Бозғұлан өз сенімін өзгертпеді.
Сондағы қазақтардың бәрін жинап,
Шілдеханаға шақырды өзбектерді.

Жас сәбидің анасы Жұмаш ханым,
Шақырды тойға құрбы, сырластарын.
Сәбиге Жарқынбек деп атын қойып,
Көңілдің шарықтатты нұрлы аспанын.

Бұл үйде сөйтіп төрт ұл ержетеді,
Бесікті ағалар кеп тербетеді.
Шахмұрат пен Мұратбек, Анарбектер,
Шаңырақтың шаттығын өрлетеді.

Ақ бесікте жас сәби уілдейді,
Соны көріп ата-ана күлімдейді.
Ат жалын тартып өсті бала қазақ,
Уақыт неткен жылдам, білінбейді.

3

Атамекен ежелден Арқа еді,
Туған жер топырағы тарта берді.
Өзбектің жерін тастап, елге көшіп,
Босатқан сәт туды бір арқа, белді.

Көңілдің нұры тасып қуаныштан,
Жетті олар Ұлытауға ту-у алыстан.
Бозғұлан атажұртқа қоныс теуіп,
Жүрегі жалын атты сағыныштан.

Қалың ел...
Ақтаз жұрты Наймандағы,
Туыс кеп көңілдері жайланады.
Ауасы туған жердің қандай жұпар,
Бақ құсы бастарына байланады.

Бозғұлан еңбек етті күні-түні,
Ойлады келешекті күнілгері.
Төрт ұлы төрт бұрышты тірейтіндей,
Жасынан жақсы оқып, білім терді.

Оқуға Жарқынбек те зерек болды,
 Үлгі-өнеге көп бұған себеп болды.
 Мектепті ойдағыдай бітірген соң,
 Мамандықты таңдау да керек болды.

Өмірлік таңдау жасап талпынады,
 Қанатын қырандай бір қомданады.
 Картадан Рига деген қала тауып,
 Сол қалаға алады жолдаманы.

Өмірден көп қой оның аңдағаны,
 Ең қиын мамандық бұл таңдағаны.
 Авиация – ақ арман,
 Асыл мұрат,
 Албырт жастың жүрегін алдамады.

Ригадай әсем қала жайнап тұрды,
 Көкіректе ой-арман қайнап тұрды.
 Туған ел қажетіне жарау үшін
 Тәуекелге бір басын байлап тұрды.

Өзіндей жастар қанша жалындаған,
 Авиация — қамал бұл алынбаған.
 Сондықтан жатпай-тұрмай оқу керек,
 Жалқаулыққа жөн және салынбаған.

Намыс деген –
 Қазақтың қаны, жаны,
 Бұл сөздің мәні – үлкен мағыналы.
 Ригада білім алып, маман болған,
 Жарқынбек мұны жақсы ұғынады.

Достары қандай еді Ригадағы,
 Бір-бірін шын көңілмен сыйлап еді.
 Сол достар сыйластықты ұмытқан жоқ,
 Жыл сайын әр қалада жиналады.

Бәрі де – әуежайдың саласында,
 Ғарышкер де бар олардың арасында.
 Ригалық достар бүгін келіп жатыр,
 Той болады деп Жезқазған қаласында

Япырмай, уақыт неткен жылдам еді,
 Сыры көп, қызығы мол жылдар еді.
 Бәрі де ақ самайлы қарт болыпты,
 Ал кеше кекілді бір ұлдар еді...

Тойдағы генаралдай отыр бәрі,
 Шетінен самолеттің «шопырлары».
 Еске алып Ригадағы сұлуларды,
 Парашютын көңілдің қондырады.

Не айтса да достарға жарасады,
 Көк жүзінен тапты олар бар асылды.
 Той иесі – Жарқынбек Қожырбаев,
 Құтты болсын алпыстың дара шыңы!

4

Жәкеңнің өз биігі, сұлуы бар,
 Жүрегiнiң шуағы, жылуы бар.
 Мейiрiмi оттай ыстық Азамат ол,
 Керек болса от алып, жылыныңдар!

Даладай кең пейiлi, дархандығы,
 Аз емес бiр басына артқан жүгi.
 Лайнердей жарып ұшқан бұлт қабатын,
 Өз тағдырын ол көкке тарта бiлдi!

Ригадан соң Арқа кеп аялдады,
 Әуежайдың iсiнен аянбады.
 Целиноград — Ақмола қаласында
 Махаббатын ең алғаш аялады.

Бәтимадай ару қыз – танысқаны,
Тәңір өзі екеуін табыстады.
Махаббатқа мас болған қайран жылдар,
Сағынышқа айналып алыстады.

Тату-тәтті отбасы, жарасымды,
Бір-біріне сыйлады бар асылды
Тимур, Аиина —
Қызығы шаңырақтың,
Көздерінің мөп-мөлдір қарашығы!

Олар өсті бақыттың құшағында,
Олар мінді уақыттың ұшағына.
Түркиядан білім ап Тимур бала,
Қырандай самғап ұшты ұшар шыңға.

Аиина қыз оқыды Алматыда,
Кір келтірмей бойжеткен арлы атына.
Малик деген азамат – жан серігі,
Жүреді ылғи күлімдеп нар қалпында.

Қайсар, Әмір –
Немере қос құлыны,
Көңілінің мөлдір шық, ақ тұнығы.
Шаңыраққа жас сәби келген сайын,
Шарықтайды биікке бақ тұғыры!

Құда, жекжат қуанып олар келді,
Той қызығы солармен толар тегі.
Индонезиядан құдаша Роза келді,
Артқа тастап тау, мұхит, орман, белді!

Бар байлығын біліммен құрап келген,
Сыйластықты сарқылмас мұрат көрген.
Тойға келді Жәмила құдағи да
Профессор Әбеуов Мұратпенен!

Ағайын, дос
 жиналды әр аймақтан,
 Бұл үлкен той шаттығы қайнап жатқан.
 Өнші, жыршы, биші де,
 Бәрі осында,
 Тойшыл қауым желпініп, жайраң қаққан.

Бұл бір тойы Жәкеңдей азаматтың,
 Асқақтатқан аспанға қазақ атын.
 Алпысында шаршамай қарақшыға,
 Оздырды ол от тұяқ қазанатын!

Ақ тілектер бұлақтай атқыласын,
 Қыран көңіл ағытты бақ тұмасын.
 Осы құтты шаңырақ мәңгі жасап,
 Тек ішінде сәбилер шапқыласын!

О, Тәңірім, осыны үзбе деймін,
 Бұдан артық бақытты іздемеймін.
 Бәтимамен жұп жазбай, қол ұстасып,
 Жарқынбек дос, самғай бер жүзге дейін!

3 қыркүйек, 2011. Жезқазған.



КЕУДЕНДЕГІ КҮМБІРЛЕП ҰЛАР-СЕЗІМ...

Төлеуштің 40 жылдық мерейтойына

Қырық деген – Ер жасы қылшылдаған,
Ғажаптары өзгеше сыршыл ғалам.
Азаматтық атыңды асқақтатып,
Абыройын Тәңірім бұрсын саған!

Асыл мұрат жасыңнан көздегенің,
Орындалып келеді өз дегенің.
Жақсылықтың жолына жарық етіп,
Өрнектедің көрікті сөз кемерін.

Білім, өнер жолынан тартынбадың,
Кескір алмас секілді жарқылдадың.
Нұрға бөлеп келесің, жырға бөлеп,
Жастығыңның жазира, жарқын бағын.

Кеудендегі күмбірлеп ұлар-сезім,
Биік шыңға келді ғой шығар кезің.
Сілеусіндей өрмеле сол биікке,
Сарқылмасын сендегі шыдам-төзім.

Шалқыта бер шырайлы шаттығыңды,
Тәңірім өзі көркейтсін бақ, нұрыңды.
Жабай бабаң әруағы жебей берсін,
Өміріңнің көп болып сәтті күні!

2000 жыл

НҰРЛЫ ӘРІ СҰЛУ БОЛСЫН ҒҰМЫРЫҢ!

Нұрсұлу Алматықызының ұзатылу тойына

Қызым, тында,
кұлағың сал болғаны,
Бойжеткенің – ақыл-ойдың толғаны.
Ел-жұртыңнан алған мынау ақ бата —
Басыңа бұл бақ құсыңның конғаны!

Әке көрген,
Ана көрген баласың,
Сүйіп өскен қазақтың кең даласын.
Сен де сондай сүйкімді бол Еліңе,
Сонда мәңгі бақытты боп қаласың!

Инабат пен әдептің біл бағасын.
Аққан судың ойла түбін, сағасын.
Кең пейілді,
ашық, жарқын жан болсаң,
Сонда, қалқам, бар жұртыңа жағасың!

Еңбек, білім —
өмірлік бұл байлығың,
Осы арқылы артсын айбын, айдының!
Өркенниет өлшеміне сай болып,
Жүрегіңе ұялат тек ай нұрын!

Нұрлы әрі сұлу болсын ғұмырың,
Биік болсын азаматтық тұғырың!
Ұрпақ өсір,
қосағыңмен көркейіп,
Одан басқа мен не дейін, құлыным!

18 қараша, 20011 жыл

ЕҢБЕГІНІҢ ЗЕЙНЕТІНЕ КЕНЕЛГЕН...*Базаркүлдің мерейтойына*

Еңбегінің зейнетіне кенелген
Сен бір жансың, сыр шертейін тереңнен.
Теміржолшы әулетінің қызысың,
Ел-жұртының құрметіне бөленген!

Әкең де өсті, анаң да өсті осында,
Ағаң да өсті, інің, құрбы, досың да.
Темір жолдың тірлігімен күн кешіп,
Тұрмыс құрдың теміржолшы қосыңда!

Жастық жалын, жарасымды көңілмен,
Үй болдыңдар тәлім алып өмірден.
Шаттық сыйлап ұл-қыздарың, ержетіп,
Осы бақыт тарқамастай көрінген...

Тағдыр-сынақ тосын қайғы, берді мұң,
Қалды артта, қалды сол бір шерлі күн.
«Орнында бар оңалар» деп сеніммен,
Сен таныттың әйел-ана өрлігін!

Арқасында өзің сүйген жұмыстың
Қиындығын жеңіп шықтың тұрмыстың.
Балаларға бас-көз болып барынша,
Шаңырағын биіктеттің Тыныстың!

Ел-жұртыңа, ұжымыңа сыйлы боп,
Бір басыңа бақ, абырой жидың көп.
Өркен ұлың, Жазира мен Динара,
Қос қызың да көркеюде үйлі боп.

Немерелер тарап жатыр қаншама,
Қызығына тоймайсың көп тамсана.
Соларды ойлап жұмысыңда жүргенмен,
Үйге қарай асығасың жан сала.

Кең жайылып, кеңіп жатыр керегең.
Бұл да болса сенің жарқын өнегең!
Су ішкен жан шөбересі қолынан,
Шын бақытты болады деп сенер ем.

Сол бақытқа жетуіңді қалаймын,
Сол бақытқа лайық сені санаймын.
Шымкенттегі Салқынбаев әулетін
Сол бақыттың биігінен табайын!

Жүз демейін, тоқсанға жет домалап,
Соны саған мен тілеймін жобалап.
Отбасыңа бір Жаратқан Алланың
Несібесі келе берсін тонналап!

11.12. 2011. Алматы.

ТОҚСАНҒА ТІЛЕК

Жаңыл Бектібайқызына

Жүзінен шаттық күлкі, әр таймаған,
Даңғайыр тоқсанында қартаймаған.
Ана бұл сұлу Сырдың саласындай,
Шалқар көңілі ешқашан ортаймаған!

Дүр әулет туысының жөні бөлек,
Қалайша Шонай бидің сөзі өлмек?!
Келін боп түскен жері – Керейт елі,
Келдібайды санайды биік төр деп!

Кете мен Керейт елін туыстырған,
Құлыстың қызы ғой ол ырыс қуған.
Бас қосып Жақаншадай азаматпен,
Келешектің көш жүгін дұрыс буған!

Өткеріп бастан талай қиындықты,
 Жаратқан жаппар Хаққа сыйыныпты.
 Әкесі Бектібайдың жолын ұстап,
 Алдынан болашақтың сыйын күтті.

Атанып үлгілі ұстаз, асыл ана,
 Жол тартты шәкірттері ғасырларға.
 Жайқалып бау-бақшасы, үй-орманы,
 Өсірді небір ұл-қыз асыл, дана!

Шөбере, шөпшек сүйді тоқсанында,
 Бір ғажап махаббат бар от-жанында.
 Жол бастап жүзге дейін Жаңыл әже,
 Батасын бере берсін көп халқына!

17 маусым, 2012 жыл

ДАЛА КӨҢІЛ

Ахат Құрмансейітовке

Арқаның аңыз-арман Құлагері —
 Ақан-жырдың аз емес мұрагері.
 Аламанға көз тіккен тай күнінен
 Арда ұлға көңілім құлап еді...

Хас жүйріктің белгісі — шабысында.
 Хан, қараның жанады бағы сында.
 Хақтың берген ол да бір сыйы шығар,
 Хакім болып, бөленді ел алғысына!

Арқа-жарқа ақ көңілі дала сынды,
 Ашылғаны елге аян жаңа қыры.
 Ахат емес, бүгінде ол Ахаң боп жүр,
 Арқадағы өлең-жыр жанашыры!

Түлеп ұшқан Ұлытау ұя-шыңнан,
Тастүлектер табылар қиясынан.
Текті жырдың тамады шырын сөлі,
Текті ақынның қаламы сиясынан.

Қарашы, жылқы жылдың қысы қандай,
Қаңтарда туған ұлдың мысы қандай?!
Қаныңда бар қасиет от тәрізді,
Қайран дала көңілдің, ыстығын-ай!

Арқаның жамылғаны – ақ қар қалың,
Ахат-ау, арайлы екен атқан таңың!
Арғымақ шабысыңды таныта бер,
Асқар таудай биіктеп асқақ жаның!

ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНА КЕП....

(Исабек досыма)

Ей, Исабек, досым-ай, аңқылдаған,
Сол баяғы мінезің далпылдаған.
Ештеңе бермесең де, алмасаң да,
Ұнайды өзгермейтін қалпың маған.


Әйтеуір, кісіге жоқ жамандығың,
Ойлайсың ауыл-үйдің амандығын.
Қой бақтың,
Тракторды зыр қақтырдың,
Су жаңа «ЮМЗ»-ны тәмам қылдың.

Гаражды күзетуге таласар кім?
Қираған өтелдерді шаң бастырдың.
Дүйсенбек құрдасыңды алға салып,
Омыртқа жеу жоспарын жалғастырдың.

Ешкімге еш айтпайсың бастың мұңын,
Ұмыттың сусынның да «ашқылтымын».
Көп жылғы бейнетіңнің жемісін жеп,
Зейнеткер боп үйінде жатсың бүгін.

Пайғамбар жасына кеп байсал тарттың,
Жылдардың есесін сол қайтарарсың.
Ендігі қалған жерде намаз оқы,
Құлһуалланы әйтеуір, айта аларсың

Береке, құт дарысын мал-жанына,
Бағыңның қуанамын жанғанына.
Су жаңа мәшиненді заулата бер,
Бірақ та бір қарап қой жан-жағыңа!



ДОСТЫҚ ӘЗІЛДЕР

**«Мысты өңір» газеті бас редакторының
орынбасары Балтабек ӘБЕУГЕ**

Қанды көйлек досымыз,
Тәуір ме көңіл-хошыңыз?!
Қылығыңа кей кезде
Түсінбейміз осы біз!

Қатемізді қалт кеткен
Табатын да – Балтекең,
Сүйінші сұрап ентігіп,
Шабатын да – Балтекең!

...Балтекең сондай
Мәрт екен!

**«Дидар» телеарнасының Бас директоры
Базарбай ӘЛЕУХАНОВҚА**

Базекең қайда кетті екен?
Өзі сондай епті екен...
Қарағанды... Астана...
Сапары жоқ шекпеген!

«Сарыарқасын» ұмытты,
Сықакқа қойды құлыпты.
Базеке, соңғы жаңалық:
Футболдан кім ұтты?

...Әй, Базеке, жоғалдың,
Ұмытып ескі ғұрыпты.

**Халықтық банктің «Қор» басқармасының
бастығы, байырғы журналист
Бекежан НҰРҒАЗИНҒЕ**

Күлкі үйірілген мұртына,
Бекзаттық бар тұрқында.
Кім алады несие –
Ол Бекеңнің ырқында.
Мәрттігімен дәл сондай
Жағып жүр қыз-қырқынға.
Көз салсайшы, Бекежан,
«Сарыарқадағы» да жұртыңа!
...Май жинай бермей ұртыңа...

**«Сарыарқа» газеті редакторының
орынбасары Ахат ҚҰРМАНСЕЙТОВКЕ**

Сен танылдың еліңе Ұлытауың арқылы,
Көзінде бар қыранның от шашқандай жарқылы.
Бір кездегі комсомол, «райОНОны» басқарған,
«Сарыарқада» бар біздің Бұлқышевтің сарқыты.
...Қарап тұрсаң аумады журналистік қарқыны.

**Редактордың орынбасары
Сара СМАҒҰЛҒА**

«Жүректен – жүрекке» табыстың,
Доллармен жүлдені алыпсың.
Қаламың қарымды болып жүр
Жігіттің оятып намысын.

Жетімге, жесірге пана боп,
Еліңнің ала бер алғысын.
Алда әлі дода көп түсетін,
Көресің тағысын, тағысын.

Аға тілші
Сәуле НҮРЕКЕНОВАҒА

Денсаулық – тамаша тақырып,
 Доғдырды жазасың қатырып.
 Бірақ та басқа да сала көп,
 Қаламды арнайтын батырып.
 Білеміз қимайсың біздерді
 «Дидарға» әкетсе де шақырып.

Тілші Заря ЖҰМАНОВАҒА

Ой-пікір көп, жүрегінде нәзік сыр,
 Тақырыптың бәрін қамтып, қазып жүр.
 Кеңгірдің бір кербез қызы атанып,
 Толқын атқан жырларын да жазып жүр.
 Бір кітабың шықса екен деп тілеймін,
 Жақсы көрер әріптестің назы бұл!

Дизайнер Әлия ӘЛТЕКЕШОВАҒА

Бас дизайнер бар біздің арамызда,
 Кіріп жатыр компьютер санамызға.
 Әлия, айшықтай бер газет бетін,
 Басқалардан біз осы қаламыз ба?!
 «Сарыарқа» тарай берсін даламызға!

Жауапты хатшы
Гүлбаршын АХТАМБЕРЛИНАҒА

Тыпың-тыпың етеді,
 Тындырып бәрін кетеді.
 Госзаказды бітіріп,
 Гонарарға жетеді.
 Қолы ашық болғанмен,
 Редактор бөгет етеді.
 Гонарар деген немене?
 Түбіме осы жетеді?

Тыпың-тыпың етеді,
 Сосын үйге кетеді.
 Түсінде көріп газетті,
 Макетті сызып өтеді.
 Сызған сайын сызылтып,
 Беттерді сұлу етеді.
 Бір кезде билеп жүреді,
 Түсінде көріп Төкеңді.

**Газет таратушы
 Бикен ЕСЕНБАЕВАҒА**

Дұғай сәлем Бикенге,
 Өзің айтшы, үй кең бе?
 Бір омыртқа жейтіндей,
 Жоқ дейсің бе үй кімде?

Үндемейсің әйтеуір,
 Саған билік тимей ме?
 Өлде қазан-ошақты
 Күйеубала билей ме?

Не айтамыз Бикенге?
 Келмей жүр ғой икемге.
 Өлде сұлу қыздардың
 Бәрі бірдей сөйте ме?!

**Газет тарату бөлімінің меңгерушісі
 Бақыт ЕРКЕБҰЛАНОВАҒА**

Бақыт – газет тірегі,
 Бақыт – газет жүрегі.
 Бақыт – газет завхозы,
 Тырмасы мен күрегі.
 Көктем келді, мінекей,
 Енді жұмыс жүреді.

Мінезі бар салмақты,
 Бақыт біздің жан-жақты.
 Мәшинкеден баяғы,
 Бір түйір де қалмапты.
 Енді, Құдай қаласа,
 Бір компьютер алмақшы.
 ...Біздің Бәкең осындай,
 Көріңіздер қосылмай!

**Оператор-дизайнер
 Гүлиза ӘКІШЕВАҒА**

Өз ісінің мәтпақан – майталманы,
 Көктем келсе Гүлиза жайқалады.
 Қара қасы қиылып, көзі жайнап,
 Көңілінен көркем сыр байқалады.

Езу тартса, жүзі де шырайналар,
 Жігіт біткен қасында зыр айналар.
 Гүлизаның бойында жұмбақ сыр көп,
 Оны шешіп, табатын бір айла бар.

Бір айла бар...
 Ол – сүйікті адамы деп ойлаңдар!

**Қазақстан Республикасының халық артисі
 Досжан ЖАНБОТАЕВҚА**

Жетіп жатыр атағы,
 Жетіп жатыр «шатағы».
 Өзі – актер, өзі – худ. рук,
 Және бергіш батаны...
 Қисаймайды ешқашан
 Мүз қатқандай сақалы.

**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
артисі, әнші Береке КӨШЕНОВКЕ**

Береке десе – Береке,
Жүрген жері – мереке.
Ұшып-қонған қимылы
Болып та жүр «келеке».
Еңбегі көп еленді,
Көңілінде жоқ көлеңке.

**«Қазақгазеттері» ЖШС-нің Қарағанды облысы
бойынша өкілі Батырбек МЫРЗАБЕКОВКЕ**

Біледі бірдеңені,
Бәріне үлгереді.
Қазақша газеттерді
Түсінде мың көреді.
Әңгіме айта қалса,
Тотыдай түрленеді.
Біледі, біледі...
Бірдеңені.

Қасым ОРЫНБЕТОВКЕ

Сөйлеп кетсе – автомат,
Пистолеті тағы бар.
Әңгімесі – қат-қабат,
Шаршамайтын жағы бар.

Автоматы ауыз ғой,
Пистолеті – сұқ саусақ.
Жауыз десе – жауыз ғой,
Алар сөзбен құрсаулап.

Бірді айтып біріне,
Кетеді ғой дарабоз,
Темекіге келгенде,
Бұл Қасекең – паравоз.

Жөңкіп алып жөнелген,
Токтамайды-ау сабазың.
Бұл не деген «өлермен»,
Бекер айтпас қазағың!

Исабек досқа

Ай, Исабек, досым-ай,
Ақылың бар қусың ғой,
Осы сөзден тусын ой.
Көміршінің баласы ең,
Тәтиев боп жүрсің ғой!

Ай, Исабек, досым-ай,
Құлығыңның айт емін,
Көрінеді бай тегін.
Мен ауылға барғанда,
Бір тоқтыңды союға
Жарамайсың қайтейін...
...Ай, досым, досым,
Ұят болды осының!



СЫҚАҚ ӨЛЕҢДЕР

ЖЫЛМАҒАЙЛАР ӨСІП ЖҮР...

Пәтуасыз жылмағай,
 Өсіп кетті, бұл қалай?
 Тәрде отыр шәниіп
 Елге тұтқа тұлғадай.

Жүрген жері – «оттамай»,
 Сөз сөйлейді тоқтамай.
 Өтірік, өсек – баққаны,
 Осындайлар көп қалай?

Мінгендері – иномарка,
 Ермектері – кино, карта.
 Ішкендері – вино, виски,
 Жегендері – қазы, қарта.

Жүргендері – түнемелік,
 Көрген кезде күлер едік.
 Опа жаққан, тәнін сатқан,
 Кім екенін білер едік...

Ойлағаны – бас аманы,
 Бизнесі – «аса мәнді».
 Жылмағайлар жақсы көрер,
 Құлық-сұмдық жасағанды...

Ел үстінен күн көреді,
 Қай іске де үлгереді.
 Жылмағайлар біледі ғой
 Жұрттан бұрын бірдеңені...

СОДЫРЛАР СОЙҚАНЫ ЕМЕС ПЕ?..

Кім білген, қалай жетілген,
 Харамдық ниетке бекінген.
 Содырлар сойқаны емес пе
 Мазасын елдің кетірген?
 Обалды, сауапты білмеген,
 Жөн сөзді құлаққа ілмеген...
 Содырлар сойқаны емес пе
 Тыныштығымды күндеген?

Бет-жүзін әдейі жасырған,
 Құлығын өзінше асырған.
 Содырлар сойқаны емес пе
 Мезгілсіз береке қашырған?

Қай сайтан түртті бұларды,
 Біле ме шіркіндер Құранды?
 Білсе егер, неліктен Құдайға,
 Қарсы іс жасайды күмәнді?

Не жорық осындай есерге,
 Қоғамға жабысқан кесел ме?
 Құдайдан, адамнан қорықпай,
 Шығады не үшін көшеге?

Өсіріп сақал, шаш қояды,
 Ешқандай ісі жоқ оялы.
 Не үшін, сол байғұс жан беріп,
 Өз көзін, жұрт көзін жояды?

Содырлар әлі бар тірі өлік,
 Қай жерде жүр олар түнеріп?
 Адамдық пішіннен айрылып,
 Айуанға айналған еліріп.

Не деген сұмпайы ағым бұл,
 Бүлініп, бүлдіріп лағып жүр.
 Халықтың қаһары қоймайды,
 Құдайдың көзі де бағып тұр.

...Содырлар, содырлар не ғып жүр?

УӘДЕГЕ БАЙ АДАМ немесе шенеуніктің қазіргі сиқы

Деу қиын оны жәй адам,
 Уәде беруге бай адам.
 «Шаруаң бітпейді» демейді,
 Қалайша саласың байбалам?

Тілі майда, байқарсың,
 Басыңды шайқарсың.
 Уәдеге қарық боп,
 Үйіңе үнсіз қайтарсың.

Тағы да оған барарсың,
 Адам ғой, сеніп қарарсың.
 Сырғытпа, сылдыр сөзіне
 Алданып тағы қаларсың

ЖЕМҚОРЛАР ЖҮР ӘР ЖЕРДЕ

Тиыннан да жымқырады,
 Теңгеден де қымқырады.
 Дүңгіршікте дүкенші отыр,
 Пайдасына тым «қырағы».

* * *

Автобуста бір таныс жай,
 Билет ешкім сұрамайды.
 Кондукторлар жаңылыспай,
 Ақша жемей тұра алмайды..

* * *

Ал пойызға міне қалсаң,
Билет таппай сандаласың.
Жолсеріктің тілін тапсаң,
Орын дайын, таң қаласың...

* * *

Студенттке сынақ – қайғы,
Семестрлер шыдатпайды.
Жарылқаушы – оқытушы,
Пара берсең, құлатпайды.

* * *

Банк жақсы несиеге,
Бермей әлде кешіге ме?
Мұнда да бар бір кілтипан,
Оны жұрттар түсіне ме?

* * *

Базарда жүр алыпсатар,
Алып сатар, салып сатар.
Еттің пұлын екі-үш есе
Көпекөрнеу шарықтатар.

* * *

Денсаулықтың мәнін біл де,
Дәрігерге дән үндеме.
Не берсең де – өзің үшін,
Оны жұртқа мәлімдеме.

* * *

Полицейге, сотқа барма,
Жанып тұрған отқа барма.
Біраз жайды жайып салдым,
Осыменен тоқта, бала!

МАЗМҰНЫ

СЫРДА ТУҒАН СЫРБАЗЫМ (<i>Естеліктер, мақалалар</i>).....	3
<i>Т. Тебегенов.</i> Тереннен тартқан тамырын	4
<i>М. Әбеуұлы.</i> Алаштың біртуар азаматы	17
<i>Т. Дайрабай.</i> Атасының ақындығын жалғаған.....	23
<i>Ғ. Жайлыбай.</i> Текті өлеңді тұғырына қондырған	26
<i>Ғ. Ештанов.</i> «Адамдар арман қуған алданбайды»	29
<i>А. Рахұлы.</i> Азаматтық тұлғасы айрықша еді	36
<i>Б. Мырзабеков.</i> Арқалы ақын	42
<i>К. Еңсебаев.</i> Тегін жерге терек өспейді	48
<i>Б. Үрістембеков.</i> Атасы достың баласы дос.....	53
<i>Ә. Есенеев.</i> Тілдің мәйегін білетін.....	57
<i>Ж. Қарабала.</i> Қара сөздің қолмергені.....	59
<i>М. Тілеуов.</i> «Көз алдымда өлең оқып тұрғаның»	63
<i>А. Дастанов.</i> Көңілі қандай – өмірі сондай.....	66
<i>Е. Мұсабек.</i> Сырда туып, қырда түлеген	70
<i>Қ. Ермағанбетқызы.</i> Жүрген жолда қалған із.....	74
<i>Қ. Бурабаева.</i> Бір әннің тарихы	77
<i>А. Тоқшылыков.</i> Ерекше еңбекқор еді	83
<i>К. Сармолдина.</i> Сөнген жоқ жүрегінің от-жасыны.....	87
<i>К. Себепова.</i> Өлеңінде өмір бар еді.....	89
<i>Қ. Ғалым.</i> «Өзіңнің тағдырың ғой өмір деген»	91
<i>Г. Дүзенова.</i> «Жақсылардың бірі азайды жердегі»	94
<i>М. Нұрманова.</i> Құлпытастағы жазу.....	96
<i>Б. Оспанова.</i> Құрбым Мәкешке	99
ТҰҒЫРЫНАН ТҮЛЕП ТҰРАНЫҢ	101
<i>А. Түменбай.</i> Ақын – жыраудың баласы.....	102
<i>Д. Тәңірбергенов.</i> Рухпен сырласу	104
<i>А. Үсенова.</i> Қарымды қаламгер	105
<i>Б. Ұланбек.</i> Дария-ғұмыр.....	107
<i>М. Ералиева.</i> Қаламмен егіз туған қаламгерім.....	108
<i>Е. Өміртай.</i> Тегіненсің жырау баба – Тұрымбеттің.....	109
<i>Н. Нұрхасым.</i> Жегі жұрттың тілшісі болған ақын.....	110
<i>М. Мансұров.</i> Шайырды Ибраһимдей сағынамын	111
<i>Ғ. Сәйдәлі.</i> Өшпес үнің.....	112
<i>Т. Бекмырзаев.</i> Тәбәрік	113
<i>Б. Ержігіт.</i> Бақыттысың ғой, бақытты... ..	114
<i>Е. Серіков.</i> Жарық сәуле іздейді жырыңнан жұрт	115
<i>С. Әділбеков.</i> Өлең-ғұмыр	116
<i>Ұ. Бекұзақұлы.</i> Заңдылық	117

<i>К. Асқаров. Сыр-ғұмыр.....</i>	119
<i>Ж. Қуандықұлы. Сырда туып, қырда өскен саңлағым</i>	120
<i>Ж. Қуандықұлы. Тағдыр</i>	122
<i>А. Қажытай. Қарашықта – қара өлең</i>	125
<i>М. Сейітқазы. Ұлы ұлы даланың!</i>	126
<i>Н. Кәрім. Аңсау</i>	127
<i>М.Нұршайық. Ұрпаққа мақтан</i>	128
<i>А. Оралбай. Сырда туған сырбаз ұл</i>	129

ЖЫР-САНДЫҚ

<i>(Бұрын жарияланбаған өлеңдер, арнаулар, достық әзілдер, сықақтар)</i>	131
--	-----

Сағыныш сазы

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының
компьютер орталығында беттелді

Редакторлары	Ғ. Жайлыбай А. Дастанов
Корректоры	М. Райымбекова
Тех.редакторы	Қ. Рысқалиева

Басуға 02. 02. 2022 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$. Қаріп түрі “Times New Roman”.
Көлемі 16 баспа табақ. Таралымы 300 дана. Тапсырыс №03

Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі 50
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.
Тел: 8 701 435 98 74